

Сүлеймен Баязитов

ПАЙЫМДАУ



Сүлеймен Баязитов

ПАЙЫМДАУ

Павлодар 2007

УДК 821.0
ББК 83.3 (5 Каз)
Б-31

Редакторы:
Хамитова М.А.

Корректоры:
Мадиева Р.

Компьютерде терген:
Жұмабекова А.А.

Баязитов С.

Б-31 Пайымдау. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. - 99 б.
ISBN 9965-08-171-3

Жазушының бұл жинағына әр жылдарда әдеби тақырыпқа жазылған мақала, очерктері, естелік-эсселері топтастырылған.

Кітап мектеп оқушыларына, студенттерге, әдебиет пәнінің оқытушыларына, қалың оқырмандарға арналған.

УДК 821.0
ББК 83.3 (5 Каз)

Б $\frac{4603000000}{00(05)-07}$

ISBN 9965-08-174-3

ТАРИХТЫҢ КӨНЕ КӨЗІ ЕДІ

«Күлтегін» жыры туралы бірер сөз

Орхон... Монғол жеріндегі өзендердің бірі бұл. Осы өңірді сонау есте жоқ ескі заманда кім өріс, кім қоныс етпеді десеңізші?! Солардың бірі – сандаған ұлттар мен ұлыстардан бас құрайтын іргелі ел, киелі жұрт – Түркілер. Сол түркілердің даңқы мен дақпырты, ең бастысы, шұрайлы жерлері мен айдын көлдері, өзгенікін өзімдікі деуден, алладан қорқып, адамнан айбынбайтын, қолына қару алуға жарайтын, қорқау көңілді, еркек кіндіктісі ес біліп, етек жапқалы, жан алып, жан беріскен қанды қырғынды қансонардай аңсайтын дүние көзді көршілерін жиі-жиі қаруға қол создыртып, атқа қондыратын.

Алапат соғыс, сол соғыстарда шәйт болып, ажал тапқан он мыңдаған адамдардың найза ұшында, қылыш жүзінде шырқыраған бейкүнә жаны мен қара жер бетіне төгілген қоңыр қошқыл қанының өтесі жеңіс еді. Жеңісте емес-ау, басып алған елдерінен тартып-таласып алынатын көздің жауын алар асыл тас, бағалы бұйымдар, сансыз құлдар мен есепсіз күңдер, мыңғырған мал, телегей теңіз жері жауына шарасыздан жар болып, кірін жуып, ұрпағын өбектеген жеңілген елдің жаудыр көз арулары.

Екі қолға ермек етер бір жұмыс таппай жұпыны өмірден қан сасыған майдан даласын артық санаған, есіріп ерлік аңсаған желбасты, желік кеуделі талай қыршын жасты атқа қондырып, қолбасшылар мен қағандардың алдына қойдай иірген сол кездегі сансыз алапат соғыстардың көбінің ізі көмескі тартып, кейбірі тарихи санадан мәңгіге жоғалып, кейбірі халықтың ауыз әдебиет нұсқаларында (жырларда, шежірелерде) сақталған.

Орхон-Енисей жазбаларының олардан бір ерекшелігі – ақын (жылнамашы) оны таңба тасқа ойып жаздырған.

Сандаған ғасырлар бойы сар даланың төсінде Түркілердің ерлігін, тек қана ерлігі емес-ау ел басылардың ездігін, кенен ойдан кемдігін паш етіп, азынаған жел мен шыжыған күннің өтінде тұрған, сол таңбалы тастардың есті жанды елең еткізердей

өткені бар. Сар далада сап түзеген тұсында онда бедерленген таңбаларды тап басып, танып, сөздерін анық түсінетін адамдардың көңілдеріне мақтаныш сезімін ұялатқаны хақ. Содан кейінгі кездерде ұрпақ ауысып, ел жаңарған тұста, тастағы таңбаны тап басып танитындар азайып, бірте-бірте құрып тынған.

Қашанда кешеуілдеп жүретін ғылым керуені Орхон-Енисей ескерткішіне ат басын тіреп, не бір ғұламалардың тастағы таңбаға (жазуға) тістері батпай, сілелері қатып, жаңалық ашып, жарық дүниені бір дүр сілкіндірсек-ау деген дәмелерінен «дәм» кетіп, ойларының ойраны шығып, түсініксіз тас таңбадан тауандары шағылған тұстары аз болмаған.

Солардың бірі Орхон-Енисей бойындағы Эрдени ЦЗУ пұтханасының жанынан табылған таңбалы тас «Күлтегін» ескерткіші. Оны тасқа ойдырып жаздырған Иолығ тегін. Бізге жеткен мәліметтерге қарағанда Баба жырау, яғни бас жырау. Күлтегін ескерткіші сегізінші ғасырдың қолтаңбасы. Славян әліпбиі саналатын кирилица бұдан екі ғасыр өткен соң ғана пайда болған екен. Міне осыдан-ақ басынан бағы таймаған сол бағзы кезеңде түркілердің өз таңбалары (жазуы) болғанын аңғаруға болады.

Ескерткішті алғаш орыс ғалымы Н.М. Ядринцев тапты. Тастағы жұмбақ жазуды бірінші болып Дания ғұламасы Вильгельм Томсен және В.В. Радлов оқып, кейіннен С.Е. Малов өз тілдеріне аударды. Орхон-Енисей жазбалары қазақ, татар, өзбек, башқұрт, қарақалпақ, хакаст. б. түркі тектес халықтардың ортақ баға жетпес асыл мұрасы. Ал қазақтар бауырлас халықтар арасында – бас мұрагердің бірі, – десек оған ешкім таласа қоймас. Сондықтан да жырды түп нұсқадан қазақшаға аударған Ғұбайдолла Айдаров, Мырзатай Жолдасбеков, Құлмат Өмірәлиевтер. Көне мұраның нағыз мұрагерлеріне қайтаруға көп еңбек сіңірді. Бұл туралы 2001 жылы Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік Университетінде өткізілген ғылыми – теориялық конференцияда жеткілікті сөз болды.

Енді біз ескерткіштің М. Жолдасбеков аударған нұсқасына аздап тоқталып өтейік. Мұнда Күлтегін Білге Қағанның інісі екендігі айтылады. Ол-ірі әскер басы Түркі қолын жеңістерге бастаушы. Бұл туралы бірінші жырда:

«Бүкіл жеткіншегім, ұланым, біріккен әулетім, халқым, оңыңда шад, опа Бектер, солыңда – тархан Бұйрық бектер, тоғыз оғыз бектері, халқы бұл сөзімді мұқият тыңда», – деп сөз саптай келіп, өздерінің жаулап алған жерлерін, елдерін тілге тиек етеді.

Тағбат халқы мен табысқандарын айтады. Сол Тағбат халқының сөзі тәтті, бұйымы асыл еді, – дей келіп, сол тәтті сөзбен асыл бұйымның түркі халқының арасына жік салып, мұның аяғы түркі халқының өзара жауласуына апарып соқтырғанын ашына сөз етеді. «Түркі халқы қырылды, түркі халқы жойылды», – деп күңірене күйзеледі. Түн жазығына қонңыстансам деген арманның күлге айналғанына өкініш білдіреді. Сол тұста түркілер арасында күншілдік, сатқындық, дүние көзділік, сөзде тұрмау, ел мүддесінен өз мүддесін жоғары қою кең етек алғанды. Арнамысы аяққа тапталып, еңсесі түскен ел ақыры белшешіп күреске шығады.

– Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды, – деп басталатын жыр жолдары оның асқан ерлігін асқақтата дәріптейді. Сол Күлтегін 47 жасында дүние салған.

Ал ақын Қадыр Мырза Әли аталған ескерткішті жырмен өрнектеген. Ол Күлтегін ерлігін.

«Баяғыдай қайратты,

Қос батырды жайратты», – деп жырлайды.

Құрсын жеңіс олжасы,

Тыйылмады көз жасы, – деген автор сөзі көп сырды аңғартқандай.

Қадырдың жыры оқушыға түсінікті тілде, тартымды жазылған. Сол сияқты түсіндірме сөздіктің берілуі, Жырдағы, «Оғыздар», «Оңтұтық», деген сөздердің кейінде түркілерге сіңіп кеткен халық аттары екендігі ескертулі. «Жабы», «Елтебер» т. б. тарихи сөздерге түсінік берілуі өте орынды.

Астанада Орхон-Енисей ескерткішіне байланысты «Байырғы түркіөркениеті» жазба ескерткіштері атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтіп, онда республика президенті Н.Ә. Назарбаев мырзаның сөз сөйлеуі, И. Тасмағамбетовтың «Ұлы мәдениеттің жарқын көріністері» деген тақырыпта баяндама жасауы, жырдың республика мектептерінің оқу бағдарламасына енгізілуі, еліміздің тәуелсіздігінің нәтижесі екендігі талассыз.

Сол игілікті іс 2002 оқу жылында қолға алынды. 6 сынып әдебиетінде Күлтегін жырының ақын Қадыр Мырза Әли өлеңмен өрнектеген нұсқасы осы салада алда атқарылатын ауқымды істің басы болса керек.

2003 жылдан 7 сынып оқулығы «Орта ғасыр тарихына» енгізілді. Бұдан сандаған жылдар бұрын бүгінде аға ұрпақ өкілі атана бастаған замандастарымыз, сол кездегі шәкірттер мектеп оқулықтарынан «Алпамыс», «Қамбар батыр», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Айман – Шолпан» лиро эпостарын оқып сусындады.

Халқымыз өткен тарихи жолмен өркенді мәдениетімен, тұрмыс-салтымен жақын танысуға мүмкіндік алды. Заман көші алға жылжып еліміз тәуелсіздік алған тұста, сол тарихи процестің онан әрі сәтті жалғасуы соның алтын айғағы.

Ал түркілер әлемінің жауһар жыры «Күлтегіннің» мектеп бағдарламасына енуі-жас ұрпақтың тарихи санасының қалыптасуына, өмір танымының артуына игілікті ықпал етпек.

Аласармаған алып немесе Бұқар жырау жайлы бірер сөз

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының артында қалдырған мол мұрасы кітап болып қолға тиген соңғы жылдары ұлттық әдеби қазынамыз кемелденіп, молыға түскендей. Әсте есте жоқ ескі заманнан сыр суыртпақтап, сөз қозғайтын Мәшекеңнің Бұқар жыраудың жырының бар болғаны (1200 жол шамасында) бір тамшысын шашау шығармай ел аузынан жинап жазып алып, бүгінгі күнге жеткізгені белгілі.

Ал бұл жөнінде Мөшекеңнің «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюптың сабыры... Аплотонның ақылы керек» дегенін оқығанда Бұқар бабамыздың әдебиетіміздің алып шыңы екендігіне тағы да бір көз жеткізгендей едік. Сөйтіп, Бұқарекеңнің кәусәр жырларын құныға оқып, қызыға танысу Мөшекеңнің жаңағы сөздерінен кейін мен үшін қайта басталып қана қоймай, Бұқардың жыр өлемінің көкжиегі онан әрі кеңейіп, түпсіз тереңіне бойлауға бастағандай еді. Сол екі ортада қазақ ғалымдарының ізденістерінің нәтижесінде Бұқар жыраудың шекара асып, Қытай өтіп кеткен жырлары табылған. Сөйтіп жырау мұрасы бұрынғысынан да біршама толыға түскен.

Қоғамдағы оң өзгерістер, өткенімізге ой көзімен қарауға мүмкіндік тууы ғасырлар қойнауынан күні бүгінге дауыстары талып жеткен ата-баба мұрасына жұрттың қызығушылығын еселеп арттырғандай. Енді Бұқарекең жайлы мақалалар, мерзімді баспасөз беттерінде көріне бастады. Бізге ой салып, қолға қалам алдыртып отырған да Бұқарекең шығармашылығы жайлы жазылған сондай мақалалардың бірі.

Ол қазірде оқырмандардың іздеп жүріп оқитын сүйікті басылымдарының біріне айналған. Ақмола қаласынан шығатын «Сарыарқа» журналының үстіміздегі жылы 4 санында жарық көрген Ақмола аймақтық университетінің оқытушылары Б.Х. Құсайынов пен Е.Ә. Шахановтардың «Абылайдың арманы – ел мүддесі» атты мақаласы еді: Мақала авторлары Бұқардың Абылай ханның көңілін сұрай келгенде айтқан:

*Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай.
Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,
Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай, –*

деген барлы-жоғы бес жолдан тұратын жырының төңірегінде «дарқан даланың қос данасының» өзара диалогтарын келтіре отырып ой өрбіткен.

Мақала авторлары заманы бір екі қоғам қайраткерінің сөз алмасуында терең философиялық ой, толғау, алға қойылған зор, мақсат, мүдде жатыр деп біледі. Сонымен қатар «шағын мақалада диалогтың қыры-сырын ашып көрсетеміз деген ойдан аулақпыз, мақсатымыз көңілімізде жүрген кейбір ойларды ортаға салу», деп ағынан жарылады.

Бірден айта кету керек, мақала авторлары өздерінің көңілдерінде жүрген көрікті ойларын келісті тіл кестесімен өрнектеп, сол дәуірдің тыныс, тіршілігіне сәйкес бере білген. Бұқарекеннің «Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам, сонда қалар ма екен қайран жаның-ай» деуін авторлар бұрыннан қалыптасқан дәстүрдің жалғасы деп, Шалкигіздің жырын мысалға келтіреді, сөйтіп өз ойларын нақтыландыра дәйектей түседі.

Сонымен қатар Бұқардың Абылай ханға арнаған басқа да арнау сөздерін талдау барысында авторлар ізденісінің куәсі боласыз.

Дегенмен, «Бұқар жырау көп жағдайда рудың тұтастығын сақтауды өзіне міндет етіп, Абылайды ақсақалдық дәстүрге сай келмейді-ау деген кездерде аяусыз қатты сынға алып отырған» деген жолдарды оқығанда біршама ойға қалған едік. Оның басты себептерінің бірі – аталған мақалада ру сөзінің жиі кездесуінде еді. Ал осы ру сөзінің түп-тамырына үңіліп, зерделейтін болсақ, Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясының бірінші томының 409-шы бетінде:

«Ру – алғашқы қауымның экономикалық әлеуметтік негізі ұясы. Арғы тегі бір әкеден, немесе бір шешеден тараған туыстардың тобы» делінген.

Біз бұл арада қазақ хандығының іргесі XV-ші ғасырда бекінгенімен, феодалдық-патриархалдық қоғам құрылысында рулардың ерекше роль атқарғандығын, ақсақалдар заманының әлі де қаймағының толық бұзыла қоймағандығын жоққа шығарудан аулақпыз, дегенмен Абылай хан тектес арысымыз, Бұқар жырау сынды көмекей әулиеміз туралы сөз қозғай отырып, олардың бірін бар болғаны рудың тұтастығын сақтауды аңсаушы, ал екіншісін ақсақалдық тұрғыда көрсетуге тыры-

су қалай десек те көңілге қона қояр ма екен. Өйткені, Абылай таққа отырған кезеңде қазақ хандығы деген ұғымның біршама нығайып, үш жүздің басы біріккен тұс қой. Міне сондықтан да Бұқар жыраудың рудың емес, елдің тұтастығын аңсауы, Абылайдың қатардағы ақсақалдың бірі емес, қазақтың ұлы ханы ретінде көрініс тапқаны, олардың аузынан шыққан әр аталы сөз осы тұрғыда талданып, бағаланғаны жөн болар ма еді. Ал Бұқар жыраудың Абылайды кей тұста аяусыз сынға алатынына келсек, оның мемлекет басқарудағы әдіс-тәсілі, іс-әрекеті күткендей нәтиже бермей, жыраудың көңілінен шықпай қалуынан деп білген жөн болар. Ұлы жырау оны сол үшін де аямай сынға алған ғой. Ал Абылайдың ерлігін, дархандығын сөз еткенде «Абылайдың өз басын ру мұратына үлгі болар сай інісі ретінде» көрсетеді деуден гөрі Абылайдың хан ретіндегі халқының қамқоры, үлкен саясаткер, ұлы қайраткер ретіндегі бейнесін сомдаған деу қисынды емес пе.

...Көрнекті жазушы, ғалым Мұхтар Мағауин өзінің «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» атты кітабында XVIII-ші ғасыр әдебиетіндегі ең көрнекті тұлға «Бұқар жырау» деген пікір айтады. Сонымен қатар ол көне қазақ әдебиеті өкілдерінің ешқайсысының творчествосында өзі өмір сүрген заман келбеті дәл Бұқардағыдай бар бедерімен суретке түсірілмеген, деп атап көрсетеді. Мұхтар Мағауиннің пайымдауынша Бұқар жыраудың әдебиетті бүгінгі өреге жеткізуге белгілі үлесі бар. Көңілге мақтаныш ұялатып, көз қуантып, сан-алуан ойларға бастайтын Бұқаркең жайлы осы бір қара қылды қақ жарған, мейлінше әділ пікірдің күні кешегі сапты аяқтан ас ішкізіп, сабынан қарауыл қаратқан кеңестік идеологияның өрттей алаулап, бет қаратпай өзіндік пікір білдірген жанның аузын қарудан да айбынбайтын шағында айтылып, жазылған.

Мұқаңның Бұқар жырау жайлы ғана емес, Абылай ханды да өз заманының теңдесі жоқ заңғары, халқымыздың біртуар ұлы ретінде көрсетуі жазушы ғалым азаматтың ерлігіне тәнті етумен қатар Бұқар жырау жайлы айтылар сөзге деген жауапкершілігімізді еселеп арттыра түсетіндей...

Кезінде көрнекті ғалым Қажым Жұмалиев ағамыз ел бірлігін жырлау Бұқар өлеңдеріндегі негізгі мәселенің бірі деген екен. Біз енді осы Қажекең негізгі мәселенің бірі деген Бұқарекеңнің ел бірлігі жайлы толғаған бір-екі жырына тоқтала кетейік:

Бұқарекең «Абылай ханның қасында» атты өлеңінде:

*Бұқарекең жырлайды,
Жырлағанда не дейді.
Соғыспа деп жырлайды,
Бұқарекең деген кәріңіз,
Соғыста кетер сәніңіз, –*

деп төгіле, төкпелете келіп қанды қырғыннан аман қалудың бірден-бір дұрыс жолы қоныс аударып, Жиделібайсынға жету деп біледі. Сонымен қатар Бұқарекеңнің ағайын арасының татулығына да қатты қам жегені:

*Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін, –*

деп тебірене толғауынан айқын көрінеді. Осы тұста айта кетер бір жай – аталған жырдың «Өлетұғын тай үшін, көшетұғын сай үшін» деген жолдары Бұқар жыраудан әлдеқайда бұрын өмір сүрген Асанқайғы (Хасан) Сәбитұлының жырында да кездеседі. Мұнан әрі Асанқайғы:

*Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа –
десе, Бұқарекең:
Қылмаңдар жанжал, ерегес,
Бұл қылықты қоймасаң,
Құдайдың бергеніне тоймасаң,
Ағаш үйдә кәуір бар,
Көресің содан теперіш, –*

деп алланың бергенін қанағат етуге шақырып, ағайын арасының бүтіндігіне мүдделік танытады.

Сол сияқты ағайын арасындағы татулық, бірлік бөлініп жарылмай өмір сүру идеясы Бұқарекеңнің «Ал, тілімді алмасаң» атты өлеңінде онан әрі тереңдеп жаңаша бір сипатқа ие болады.

*Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма.
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба, –*

дейді жырау.

Міне, осы жыр жолдарынан ел іргесінің бүтіндігі, тыныштық оның өмірлік басты кредосы болғанын айқын түсінеміз.

Қанды қырғын соғыс алапаты дүниені дүр сілкіндіріп, бір елдің жерін, байлығын, екінші – ел басып алып бағындыру арқылы өрісін кеңейтіп, байлығын арттыруға мүдделі болған, яғни соғыс мемлекеттік саясатқа айналған сонау ғасырда соғысқа қарсы үн көтеру, туған халқының мұратын бәрінен де жоғары қоя білген Бұқар жырау сынды санаулы ғана мемлекет қайраткерінің еншісіне тиген бармақтай бақ шығар. Олай дейтініміз XVIII-ші ғасыр түгіл жиырмамыншы ғасырдың алғашқы жартысында соғысқа қарсы үн көтерушілер кемде-кем болған ғой.

Осы орайда Бұқарекеңнің өзге жырларын былай қойып, соғысқа қарсы үн көтерген қолда бар бірер жыры әлемнің өркениетті елдерінің тілдеріне дер кезінде дұрыс аударылған болса, әлдеқашан-ақ Бұқарекең дүние жүзілік деңгейдегі озық ойлы данышпандармен үзеңгі қағыстырған болар ма еді деген ойға қаласың. Өкінішке орай Бұқар жыраудың соғысқа қарсы көтерген үні күні бүгінге әлемдегі өркениетті елдердің зиялы қауымының көзінен тасада қалып келеді. Ал қазақ зиялылары болса, мұны бар болғаны Абылай ханға айтылған сын-ескертпе, тежеу деп қарастырудан аса алмай келе жатқандай. Шынтуайтына келгенде «Жұртыңа жаулық сағынба» – деген жалғыз ауыз сөздің өзі төрткүл дүниені мекендеген адал ниетті адамзат баласына көпті көрген көне жыраудың өтініші, тілегі,

сақтандыруы десе де болғандай емес пе? Міне, сондықтан да Бұқар жырау Қалқаманұлының жырларын өркениетті елдердің тілдеріне өз мәнінде аударып жеткізу бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі деп білемін.

Не бір қысталаң замандарды басынан өткеріп, күні бүгінгі еліміздің егемендік алған тұсына аман жеткен Бұқар жырау жырлары біздерден, ұрпақтарынан осыны күтетіндей.

Көне тарих жаңғырып тіл қатқанғай

Қайран баба!

Құлазып бұл күн-мекен.

Болса керек ұйқың кем, күлкің де кем.

Тарих бәрін тереңге сіңіргенмен,

Болашақтан жасыру мүмкін бе екен! –

деп ақиық ақын Қадыр Мырзалиев айтқандай, туған халқымыздың төл тарихын күні кеше ғана айы өтіп, күні батқан кеңестік қоғам, оның ой салғыштары (идеологтары) тереңге тебе көмуге, сөйтіп жұрт назарынан аластауға қанша тырысқанымен заман ағымында өзінікін әманда алмай тынбайтын батыр білекті, жаужүректі болашақтан әсте жасыра алмады. Бұл да болса жаратушы жаббар хақтың жұмыр жер бетінде өздерін Алланың құлы, Мұхаммедтің үмбеті деп біліп, тайдай тулаған арыстан жалды тірлік теңізіне тәуекел қайығын салып, ата-бабасынан қалған ұлтарақтай жер үшін, сол жерде өсіп-өніп жатқан елінің еркіндігі үшін күші басым жаулармен арыстанша арпалысып, кейде қынадай қырылып, кейде дұшпанына күйрете соққы беріп, әрқашанда «жаным арым садағасы» деген ұранды ұрпағына мәңгілік өсиет еткен қасиетті қайсар халыққа меніңше тәңірдің мейірі түскен, қарасқаны болар. Әйтеуір, тарих сахнасында не бір соқтықпалы кезеңді басынан кеше отырып, бірде өшуге жақындап, бірде өрлеп, ат тұяғын тоздырар, құс қанатын талдырар ұлы даланың ұрпақтарына аңыз болып тараған ұланы, қасиетті, киелі иесі ретінде сақталып қалыпты. Тек сол халықтың ұрпаққа ұран болар ерлігі мен елдігі, думанды жер-

де топ бастар серкесі, ата-баба туы желбірей көтерілген қанды шайқастарда қол бастаған батырлары мен аузынан ақ маржаны төгілген ойшыл ақын, жырауларын (хандар туралы сөз етудің өзі артық) бірқатар тарихшылары атағанмен толайым жұртшылық назарына толық іліге бермеген екен. Дәлірек айтсақ, көргеннің көзін шұқып, айтқанның аузын қаритын адуын заманның қанды қара дауылы алдарынан бет қаратпай соғып, мұрша бермеген. Оған Қазақ ССР-ының Ғылым баспасынан 1982 жылдан бастап жарық көрген Қазақ ССР тарихы (бес томдық) айшықты айғақ. Біз дйттеген он сегізінші ғасыр, оның ішінде Бұқар жырау жайлы деректер аталған басылымның үшінші томынан орын алған. «Бұқардың өлең толғаулары қазақ қоғамының патрихаттық, феодалдық үстем табының мүдделерін насихаттай қорғайды» дей келіп, мұнан сәл төменірек «Алайда, ол қазақ даласына Россиядан келіп жатқан жаңа прогресшіл леп пен құбылыстарды түсінбеді деп кінә артады. Мұнан әрі тек қана өзінің күрделі де қайшылықты творчестволық жолының ақырына қарай Бұқар Россиямен достықтың маңыздылығы туралы қорытындыға келді» деп түйеді.

Әрине, ұстанған бағыты Қазақстанның Россияға қосылуын сөз ету болған, соны мұрат тұтқан тарихтан бұдан артық әлде не дәметудің өзі әбестік болар еді. Міне, сондықтан да Жамал Омаридың Қарағанды қаласында жарық көрген «Бұқар жырау он екі тарих» атты ғылыми көркем еңбегін ғасырлар қойнауында қалған ақтандақтардың ақ сандығын ашып, шапажансар тарихымызға аз да болсын сәуле төгіп, ортаға олжа салар ма екен, деген үмітпен қолға алған едік.

Осы орайда кітап кейіпкері Бұқар жырау кім деген сауал туындауы заңды. Біздіңше ең бірінші Бұқар ірі тұлға, азамат, өз елінің патриоты. Сонан кейінгі жерде ол ел-жұртын, емірнен, төгіле жырлаған жырау. Содан соңғы жерде ірі мемлекет қайраткері, мәмлегер. Сонымен қатар асқан ойшыл, бір сөзбен, бірегей тарихи тұлға. Ал біз сөз еткен жоғарыдағы Қазақ ССР тарихында оның жыраулығы ғана сөз болған. Жыраулығы демекші, сонау 1927 жылы Қызылорда қаласында «Әдебиет тари-

хы» атты кітап жарық көрген екен. Оның авторы заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов еді. Бір өкініштісі ұлттық әдебиетіміздің өткен ғасырдағы озық үлгілерін топтастырған бұл жинақ жаңа әдебиетімізді соны арнаға бастайтын, сөйтіп әдебиет әлеміне қыруар жаңалық әкелетін асыл еңбек оқырман қолына тимей, зиянды дүние ретінде қолданылудан шығарылып тасталды. Дегенмен қазақтың ғылым жолына түскен зиялылары кітапханалардың жабық қорына рұқсат алып, аталған еңбекпен жақын танысуға мүмкіндік алғандығы байқалады. Бір сөзбен Бұқар жырау әдебиет тарихындағы өзінің кәделі орнын әлдеқашан-ақ, тіпті төңкерістің алғашқы онжылдығында-ақ (оның қай деңгейде болғанын сөз етіп жатпадық) ойып алған еді.

Ал кітап авторы Омари болса біз жоғарыда келтіріп айтқан Бұқар жыраудың қасиеттері төңірегінде ой толғап, біршама өзіндік пікірлер айтқан. Оның он сегізінші ғасыр қазақ халқы үшін өзгеше есте қаларлықтай уақыт деген түйінімен толық келісуге болады. Бұл ғасыр қазақ халқына Бұқар жырау, қаз дауысты Қазбек, Төле би, Әйтеке би сияқты дала даналарын, қанжығалы Бөгенбай, қаракерей Қабанбай, Малайсары, Шақшақ ұлы Жәнібек, Абылайхандай тарихи тұлғаларды өмірге әкелген ғасыр. Ал сол ғасырдың төл перзенті Бұқар жыраудың азамат, қайраткер, жырау болып қалыптасу кезеңін автор оның Көкілташ сияқты шығыстың дүниеде теңдесі жоқ медресесінен білім алуы, оның ана тілімен қатар араб, парсы тілдерін жетік біліп шығуы, Иранның жеті пірі атанған ақындарының өлеңдерін оқып, оның ішінде қожа Хафиздің ғазелдерін жатқа біліп, келістіре айтуы, сонан кейінгі жерде Түркістандағы Қарнак медресесіне мүдәріс болып орналасып, шәкірт оқытуын сөз ете отырып, Бұқардың өсу, өрлеу, қалыптасу жолдарын асқан ұстамдылықпен, білгірлікпен жеткізе білген. Сонымен қатар жас жырауға Олжабай батыр бастаған төртуыл елінің жақсы жайсаңдары мен хан ордасына келуі, сонда Ресеймен елші алмасу ісінде шешімін таппаған мәселенің түйініне жету үшін келген Ресей елшілігінің өкілдерін Әз Тәукенің ордасында көруі,

бұл оның елдің саяси өміріне алғаш араласуы еді. Автор осы арада «көре көре көсем, сөйлей сөйлей шешен боласың» деген идеяны алға тарта отырып, Бұқарды ұстараның жүзіндегі қылпылдаған саясаттың қыл көпірінен жол таба білген Әз Тәуке хан мен оған Ресейдей ұлы елдің атынан азу тісін ақситып, айбат танытып отырған Скибин мен Трощиннің кездесуінің куәгері етеді. Осы бір қиын-қыстау кезеңде Әз Тәукенің жол тауып, билікті ел жақсыларына беріп, Ұлы жүзден Төле биді, Орта жүзден қаз дауысты Қазбекті, Кіші жүзден Әйтеке биді Төбе би сайлауы үш ұлы бидің кеңесі мәселені ұзын арқан, кең тұсауға салмай, қолдағы Ресей тұтқындарын өз елдеріне жіберіп, тек аманат ретінде А. Неприпасовты алып қалу жөнінде ұйғарым жасауы қазақ билерінің даналығы ғана емес, елдің біртұтастығын сақтап, қандай қиын-қыстау жағдайда сол елдің мүддесін қорғауға әзір тіпті, сол мақсат жолында аузынан ақ жалын төгіліп тұрған Ресей сияқты алып арыстаннан да айбынбайтындықтарын алты алашқа өйгіленгендей еді. Бұл Бұқар жырау өткен мәмлелерлік мектептің алғашқы сана ашар сабағы, келешекте санатқа қосылуына да өзіндік ықпалы болған болар. Содан соңғы жерде бұл мектептің тәлім-тәрбиесі Бұқар үшін жалғасып кете барған. Мұны автор бағамдап қана қоймай, келісті баяндайды. Бұқардың хан ордасында сынға түсуі, Әз Тәукенің жеті жарғысын қабылдауға атсалысуы, қаз дауысты Қазбекпен сапарлас, сырлас болуы Бұқардың қайраткер ретіндегі қалыптасу кезеңі дерлік.

Сонымен қатар Жамал Омарұлы Бұқар жыраудың мектебінің бастау көзі, қайнар бұлағына да шама-шарқынша барлау жасаған. Иә, оның Қожа Хафиздің ғазелдерімен қатар Қожа Ахмет Яссауи мұрасын, Асан Қайғы, Шалкиіз толғауларына тағы да басқа ертеде өткен сөз сүлейлерінің шығармаларына назар аударып, халқының қанатты сөздерін жаттап өсуі, сонымен қатар ұлы дала көшпенділерінің салт-санасын тал бойына қапысыз сіңіріп, нәр алуын баса көрсеткен. Халық басына күн туған ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама... Абылай мен Шарштың жекпе жегі... Қазақ мерейін үстем қылған Аңырақай

шайқасы... Бұқар жыраудың халық қасіретін терең ұғынуына ықпал етіп қана қоймай, жыраудың шабытының көзін ашып, көңілін тасытқан еді.

Жыраудың жыраулық шабыты демекші, осы орайда Мұқаңа Мұхтар Әуезовтың жоғарыда айтылған «Әдебиет тарихына» тағы да бір қайта оралып, зер салалықшы. «...Сондықтан Бұқардың толғауында екі түрлі күй сарын бар. Біреуі жоғарыда айтқан шарт, әлеумет қамын сөйлеу, екіншісі сол жайлы сөйлегенде мұң-зармен, арманмен сөйлеу. Қайғылы пішін, қаралы халмен күңіреніп сөйлеу. Бұл сарын көрер көзге бола қолдан жасап алған сарын емес, сол заманның дерті улаған ақынның жүрегінен қайнап шыққан шын жалын, шын қайғы» деген екен. Жыраудың сондай жырларының бірі меніңше «Абылайхан қасында» деп аталатын әйгілі жыры. Жырау мұнда «Қазақ ССР тарихында» жазғандай творчестволық жолының ақырына қарай емес, орыс қазақ шиеленісінің ширыққан тұсында ордадағы мәжіліске қатысушылар екі бөлініп, бір жағы «қыл құйрық» деп ту көтеріп, шекарадағы бекініс атаулының күлін көкке ұшыруды ұсынып, екінші жағы Ресей қуатынан сескеніп, белгілі бір шешімге келе алмай толқыған тұста өмірге келген жыр бұл. Осы жырда Бұқар жырау мәмлелер, Бұқар жырау көреген, Бұқар жырау ойшыл «менмұндалап» тұрғандай. Сол сияқты «Ал тілімді алмасаң» жыры да қазақ қолының алда тұрған жорығына байланысты өмірге келген. Осы жырда жырау Абылайға айтарын айта келіп, «Сен қанжығалы Бөгенбай тақымың кеппес ұры едің, түн қатып және жүр едің, Қабанбайдан бұрын найзаңды қашан жауға тіредің» деп назапана сауал тастайды. Осыдан-ақ қара қылды қақжарған жырау еділдігі айқын аңғарылмай ма?

Ал Жамал Омари өзінің еңбегінде Бұқар жыраудың жоғарыда айтылған қасиеттерін жарқырата аша түсу үшін ол өмір сүрген дәуірмен шектеліп қалмай, Бұқар жырау заманынан төрт мың жыл бұрынғы көне тарихтан, сонан кейінгі жерде Бұқар заманындағы қазақ хандарының Ресеймен, Парсымен қатысы, Жоңғар, Қалмақ, Қытайлармен араласуы, аталған елдердің сол

кездегі жалпы тарихынан келтірілген деректер шығарманың тарихи мәнін тереңдетіп қана қоймай, Бұқар жыраудың қазақ тарихынан алар орнын айшықтай, анықтай түседі. Сол үшін автор аталған елдердің тарихына барлау жасаумен қатар қазақ халқының шежіресі мен аңыздарын Бұқар жырау, Үмбетей, тағы да басқа жыраулардың шығармаларын шебер пайдалана білген. Бір сүйсінерлігі – Жамал Омарұлы Артықбаевтің ой түйіні дәлелді, тілі кестелі, көркем. Мұның өзі шығарма бағасын арттыра түсірері сөзсіз.

Осы орайда белгілі тарихшы Манаш Қозыбаев ағамыз өткен жылдар дересінде мерзімді баспасөз тілшісіне берген сұхбаттарының бірінде «Қазақ тарихын жазу оңай болмай тұр» дегені ойға оралады. Өйткені, деректердің көбі Ресей, Қытай архивтерінде, оларды қолға түсірген күннің өзінде ресейдегісі орыс тарихшыларының, қытайдағысы қытай тарихшыларының өз елдерінің мүддесі тұрғысында жинақталған деректер деген еді.

Ал біздіңше, тарих белгілі бір елдің, не болмаса қоғамдық құрылыстың ығына жығылып, ықпалында болуға тиіс емес. Өттегені, әзірше олай болмай тұр. Ол Әбілқайыр ханға күні кеше және бүгін беріліп жатқан бағалардан айқын аңғарылатындай. Жоғарыда сөз болған «Қазақ ССР-ының тарихында», одан кейінгі жерде Қазақстанның Ресейге қосылуына 250 жыл толуы турасында мерзімі баспасөз Әбілқайырды қазақ халқының ұлы тұлғалы көсемі, ханы ретінде көрсеткен еді.

Республикамыз егемендігін алғаннан бергі тұста газет, журналдарда, сол сияқты Жамал Омаридың өзіміз сөз етіп отырған шығармасында бұған қарама-қарсы пікір айтылған. Біздіңше өмірі қайшылыққа толы Әбілқайыр сияқты ханды тарих таразысына салып, әділ бағасын беру келешектің ісі. Өйткені, Ресейге қосылу қазақ халқының қолын ұшпаққа жеткізді деуге де, не болмаса қазақ елі Әбілқайыр ханның ықпалымен орыс боданы болып қылбырауға түсті, қырылып, жойылды, ел ретінде өсіп-өркендеуден, мәдени дамудан тіптен артта қалды деуде біржақты пікір болар еді. «Бір жұмақтың, бір тозағы бар»

дегендей Ресейге бодан болудың қазақ халқы үшін қайғылы, қасіретті тұстарымен қатар сәулелі, тіпті шуақты шағы да болуы ықтимал ғой, соның ағын ақ, қарасын қара деп тарихи тұрғыда саралай келіп, Әбілқайыр сияқты дара тұлғаның әділ бағасы берілсе...

Өзге өркениетті елдердей қазақ халқы да өзінің толыққанды тарихына ие болар ұлы күн де алыс емес шығар. Сол игілікті істің алғашқы қарлығашы, хабаршысындай болған Жамал Омаридың «Бұқар жырау» кітабының беттерін міне осындай сеніммен жаптым.

1996 жыл.

Құнды еңбек

/Зардыхан Қинаят ұлы «Жылаған жылдар шежіресі»

Алматы «Мерей» 1995 ж./

Ғасырлар бойы күнкөрісінің көзі – төрт түлік малының қамымен құс қанаты талып, ат тұяғы тозған кең-байтақ дала төсінде ерсілі-қарсылы көшіп-қонып, ұрпақ өсіріп, ит жүгіріп, құс салған, ұлтарақтай жер үшін жан алысып, жан беріскен ата-бабаларымыз күндердің күнінде тау тәңірі Тянь-Шяньнің Солтүстік өңіріне қоныс аударғанда мұның біртұтас қазақ елінің бөлшектенуінің ата жұртты аңсап, көз жасының, қасықтай қанының төгілуінің басы екенін ұқты ма екен. Жоқ, әлде, қашанда таңдағы ырзықты тәңірден деп білетін тәуекелшіл салтымен бір бүйірден Қоқан, екінші бүйірден орыс қысқан тұста үдере көшіп, осы аймаққа қоныстанғанда, онысына қытайлар қарсылық көрсетпегені былай тұрсын, тіпті, шекара қарауылы маңындағы қазақтың өз жерінен қыстау, күзеу бөліп бере бастауы қиын-қыстау сәтте қабылданған жоғарыдағы шешімнің дұрыс екендігіне, көш бастаушыларды шүбәсіз сендірді ме, кім білсін.

Бұл процестің тереңдеуіне 1864 жылы шілденің 7 жұлдызында Ресей мен Қытай арасында «Батыс Солтүстік шекараны тексеріп отыру шарттарының белгілері» деп аталатын шарт жасалуы, осыған орай қазақтан пікір сұралмауы, Ресейдің

қазақтың шұрайлы жерін Қытайға саудалауы, шекараның жабылуы осы арада мекендеген қазақтардың жаз жайлауы, қыс қыстауынан айырылуы, соның салдарынан мал өрісінің тарылуы, қазақтардың Алтайдың арғы бетіне қоныс аударуына әкеліп соққан еді. Алтайдың арғы бетіндегі Шынжан қазақтары деген ұғым міне, осы тұстан бастау алатындай.

Қазақстанда 1916 жылы маусымның 25-інде Патшаның жарлығымен қазақтарды қара жұмысқа алуға орай ұлт азаттық көтерілісі бұрқ етті. Тек көп кешікпей көтеріліс күшпен басылып, ереуілге қатысқандардың көбі қатты жазаланды. Ереуілші қазақтардың бір тобы қытайға, Мұңғұлға босып кеткен еді.

Ал осы Мұңғұл қазақтары негізінен Шынжан керейлерінің бір тобы еді дейді. Біз сөз етіп отырған тарихи көркем публицистикалық кітаптың авторы Монғолияның саясаткер ғалымы, тарих ғылымының докторы Зардыхан Қинаят ұлы. Сөйтіп, біз Мұңғұл қазақтары кімдер, олар қайдан шыққан, Мұңғұлияға қай жылдары қоныс аударған деген сауалдарға жауап алумен қатар күні кешеге дейін бұл қазақтардың арғы тектері ол жаққа ұлы конфиска, ашаршылық жылдары өткен екен деген ел арасындағы сөздің шындыққа жанаспайтындығын аңғарамыз.

Ата жұрты Қазақстанда патша жарлығына қарсы тұрып, қырғын көріп қаша көшкен осы топтың Мұңғұл жеріне келгенде де айдарларынан жел есіп кете қоймапты. 1937-38 жылдары «Қазан төңкерісінің қашқыны» атанып және бір саяси қырғынға ұшыраған. Міне, осы жолдардан тағдыр шіркіннің қандастарымызға қаншылықты қатқыл қабақ танытқанын, көзінен жас, көңілінен мұң кетпегенін айқын көруге болады. Сол кезең кез-келген мәселенің тігісін жатқызып, билеуші топтың қас-қабағына қарай әуеніне әуен қосып, жұмыртқадан жүн қырқып үйренген тарихшылар, романшылар Алтай асып келген қазақ «кедейлерін» Урианхай кедейлері құшақ жая қарсы алып, көсегесін көгертіп, арман-мұратына жеткізді деп желпіне жазған екен. Ал қазақтың бір тобының Қобды асуын қайдағы бір тап тартысынан іздейді.

Автор өз еңбегінде мұның шындыққа жанаспайтындығын нақтылы фактілермен дәлелдейді.

Ал Қобдыны Мұңғұлдан бөліп Қытайға қосу туралы мәселе көтерілгенде әуелден-ақ ру-руға, атаға бөлініп, айтысып, тартысуға дайын тұратын күншіл де, күдікшіл қазекеңнің рулары өзара қырқысып, белгілі би Сүкірбай мен оның аталас туысы Гун Қыланның тобы елдің береке, бірлігін кетіріп, ақыры қоныс аударуға әкеліп тіреген сол уақиғаны, сол сияқты Жаламаның лаңын баяндау барысында Зардыхан Қинаят ұлы «кейбір тарихшылар Сүкірбайды жақтап, Қыланды қиянатқа жыққысы келеді. Меніңше, мәселе кімді жақтап, кімді даттауда емес, алдымен адам өмір сүріп отырған қоғамның тарихи кезеңінің шындығына жүгіну керек» деген пікірі меніңше талас тудырмайтын тура сөз. Тек кейбір жекелеген тарихшылардың тарысы піскеннің тауығы болып, белгілі бір тарихи уақиғаның өткен кезеңі, сол кезеңдегі қалыптасқан саяси хал-ахуал, тарихи жағдайларды ой безбеніне сала отырып, қорытынды жасаудың орнына, біржақты пайымдаудан аса алмайтын кездері аз емес.

Ал Зардыхан Қинаят ұлының еңбегінің бір құндылығы тарихи уақиғаларды ой елегінен өткізіп, оған баға беруде «ананы да», «мынаны да» жақтамай да, теріске де шығармай сол тұста қалыптасып, өріс алған уақиғаны тарихи кезеңнің сипатына сай оқушының алдына жайып салуында жатса керек. Ең бастысы, Мұңғұл халқының тағдыр дауылына тап болған қазақтарды сырт қақпай қарсы алуы, ал қазақтардың Монғолияға адал да, жанқиярлықпен еңбек етіп, соған сай лайықты сый-құрметке бөленгенін, өндірістің кез-келген саласында еңбек етіп, оқу оқып білім алуға, ел басқаруға қолы жетуі, Қазақстанмен ара қатынасы еңбекте әдемі көрініс тапқан. Сол сияқты автор жетпісінші жылдардан бастап екі ел қазақтарының рухани байланысының алшақтай бастағанын да жасырмайды. «Осы жылдардан бастап біріміздің орыспен, біріміздің мұңғұлмен тереземіз теңеліп, өзімізбен өзіміз болып, жетіліп, жетіскенімізге байланысты болатын» деген астарлы әзіл бұл саладағы көп сырды аңғартумен қатар автордың ұтқыр ойын

өрнектеп бере білетін тіл шеберлігінен де хабардар ететіндей. Тіл шеберлігі, ой сонылығы демекші, Зардыхан Қинаят ұлының еңбегінде маңдайына мал, атына жал... қазақ малының жайы мен малы табиғаттың жайымен қозғалады... Қазақ мал баға біледі, біреуді екеу, жартыны бүтін ете білмейді... Шақ десең тауды да шағады, ал құр десең өзіміз құра алмаймыз деп басқалардан жәрдем сұрайды» деген сияқты сөз тіркестері аз кездеспейді. Бұл тіркестер қазақтың табиғатын, бітім, болмысын дәл берумен қатар, қанатты қағидаға сұранып тұрғандай. Бұл әрине, өзі өкілі болып отырған халықтың жақсылығына сүйініп, жамандығына күйінген ойшыл азаматтың сан жылдар бойғы көрген, көңіліне түйген ой тұжырымының жемісі екендігіне сөз жоқ.

Аталған еңбекте тек Мұңғұлдағы Керей мен Найман тайпасының қайдан шыққаны ғана емес, қазақтың шыққан тегі кім екендігін де зерттеу, зерделеу талпынысы байқалады. Осыған орай Мұңғұлдың құпия шежіресі, ондаған авторлардың аталған мәселелерге байланысты жазып қалдырған тарихи деректерінен дәйектеме келтіре отырып, автор өз пайымдауын алға тартады. Тек сан ғасырдан бері халықтың осы біздің арғы тегіміз қайдан шыққан, кіміз деген ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ынтызар мәселесіне тыңнан сәуле түсіріп, ақтаңдақтың бетін айқара ашып тастай алмайды, дегенмен автордың қазақ арасында күні бүгінге дейін екі ұдай пікір туғызып, таласқа негіз болып келе жатқан қазақ ұлт болып қалыптасқан ба деген мәселеге байланысты көзқарасы өзінің тұжырымдылығымен ерекшеленетіндей. Енді соны оқып көрелік. «Қазақтың осы бір ат төбеліндей тобы суға кеткен салындыдай елінің ата жұрты, қара шаңырағы, нәсілдік, қандық тамырынан үзіліп, жүздеген жылдар өтсе де сол бір табиғи қазақ қалпында қалғандығы сонау ақ табан шұбырынды, алқакөл сұлама сұрапылынан әлдеқайда бұрын қазақ халқы біртұтас ұлт болып қалыптасқанының бұлжымас айғағы. Егер қазақ XV, XVI-шы ғасырда ұлт болып шаңырақ көтеріп, ұлттық мәдениеті, ахуал, салт, санасы, діні қалыптаспаған болса, онда

қазақтың ана кіндігінен үзілген бір тобы екі жүзден астам жылда әлдеқайда бөтен ұлт болып азып кеткен болар еді» дейді. Қинаят ұлының бұл тұжырымы меніңше көңілге қонарлықтай қисын. Сонымен қатар қазақ өмірінде ұлт болып ұйыған емес, деп байбалам салушыларға ой саларлық-ақ дүние.

Алды Мұңғұл жеріне ат басын тірегеніне 130 жыл толып, өздері сияқты мал өсіріп көшпелі тірлік кешкен мұңғұлдармен бірге өсіп, біте қайнасқан мұңғұл қазақтарының соңғы жылдары Қазақстанға үдере көшуінің себебі не? Біздіңше, бұл сауалға да аталған еңбекте жан-жақты жауап берілген.

Оның ең бастысы – Совет Одағындағы тотаритарлық жүйенің ыдырауы, Қазақстанның егемендігін алуы, сонымен қатар 1986 жылы дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан уақиғасы, одан қала берді 1991 жылы Қазақстан Республикасы жоғарғы Кеңесінің «Басқа республикалардан және шет елдерден Қазақстанның ауылды жерлерінде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстан республикасында қоныстандыру тәртібі мен шарты» туралы белгілі қаулысы. Әрине, мұның барлығы мұңғұл қазақтары үшін сыртқы факторлар еді, ал ішкі факторларға келсек, өмірі Ресейдің иегінің астында илеуінде келген, ең ақыры басшысының өзін Москваның меңзеуімен ғана сайлайтын мұңғұл халқы да жариялылық пен демократияның нәтижесінде өздерінің Шыңғыс хан ұрпағы екенін естеріне алып, есе түгендеуге бел буған кезі еді ол.

Кешегі Совет Одағында интернационалдық тәрбиенің нәтижесінде бірімен бірі бауыр, туыс, дос болып келген, ұлттардың арасына елеулі сызат түскен сол бір шақта алдының көшіп келіп қоныстанғанына 130 жыл толған қазақ ағайындар мұңғұлдар үшін бірақ күнде кірме болып шыға келді. Есіктен келіп төр менікі, жер менікі дейтіндер де қазақтар екен. Автономия дәмепіп, мұңғұлдарға күн көрсетпеуге айналса керек. Жекелеген мұңғұл ұлтшылдарының ақылға симас осы бір алыпқашпа пікірлерін мерзімді баспасөз дүркіретіп жарыққа шығаруға асықты. «Қашанда ел басына қиын-қыстау күн туса қазекем екіге бөліне қалатын салты» Бұл тұста біздің қазақ зиялылары

«Мұңғұлшыл патриоттар» және «Қазақи ұлтшылдар» деп екіге бөлінеді, бөлінді де баспасөзде ойранды салды-ай келіп», деп жазады сол бір сұрықсыз күндер жайлы Қинаятұлы.

Сөйтіп, жариялылық пен демократия саяси белсенділікті, қала берді ұлтшылдықтың улы құртын қоздырып қана қоймай, жұмыссыздар санын да еселей түскен. Тек 1990 жылы ресми тізімдерде жұмыссыздардың 44 процентін қазақтар құраған. Мұнымен қатар көптеген елді мекендерде қазақша мектеп, мәдени орталықтар болмаған. Әрине, бұған қарап қазақтар мұңғұлда қысымшылық көрген екен, деп түйін жасау асығыстық болар еді. Автордың сөз саптасына қарағанда 1940 жылдан кейінгі жерде мұңғұл қазақтары еркін еңбек етіп, оқып білім алуға, қызмет істеуге мүмкіндік алған, саяси қуғын-сүргін көрмеген.

Тіпті, саяси белсенділік белең алған жариялылық, демократия жылдарында да мұңғұл зиялылары қазақтарға түсіністікпен қарап, оларды сырт теппеген, көмек қолын ұсынған. Дегенменде «ауыл итінің құйрығы қайқы» дегенді әсте ұмытуға болар ма. Жоғарыда айтылған жайлардың ағайындарымыздың 1991 жылы көш көлігін Қазақстанға бұруға шешім қабылдауына өзіндік себеп-салдары аз болмаған шығар, дей тұрсақта автордың «әкем марқұм қайсыбір жылы шөптің бітік өскенін көрсе «Құдай-ау, құдды біздің Ақши» деп, судың тұнығын көрсе «құдды біздің Ақбұлақтай тұнығын қарашы» деп таңырқап, үй ағашымыздың тозығы жеткеніне қарап «Шіркін Ақталда болсақ бүйтіп отырамыз ба», деп қабағын түйіп қынжылып отыратын» деген естелігін оқығанда көштің көпшіліктің көзінен таса тағы бір себебі, әкеден балаға мирас етілген туған жерге деген мәңгілік сарқылмас сағынышында жатқандай. Бұл жүрекпен ғана түйсінетін ұлы сезім ғой. Шешуші сәтте осы түйсіктің өркімнің ой санасын меңдемегеніне, туған елге қарай алып ұшпағанына кім кепіл бола алады. Тіпті, бұл аз десеңіз, мұңғұл қазақтарының жетпісінші жылы жазушы Шерхан Мұртаза ағамыз арқылы Д.А. Қонаевқа қазақтарды Қазақстанға алдырту жөнінде өлеңмен астыртын хат жазуын қайда қоярсыз, яғни,

көш мәселесі 1991 жылдан әлдеқайда бұрын пісіп жетілген, ал 1991 жыл сол толғақты мәселенің жүзеге асуы деп білген жөн сияқты.

Зардыхан ағаның ізденісінің жемісі осы бір құнды еңбектің кемшілігі жоқ деуден әсте аулақпын. Неге болмасын, бар болар, тек біздің басты мақсатымыз – қазақ зиялыларының қатарына Зардыхан Қинаят ұлы сынды білімдар қосылғанын, оның «Жылаған жылдар шежіресі» атты кітабы жаңа көзқарас тұрғысында жазыла бастаған көне қазақ тарихына қосылған тамшыдай үлес екеніне қанағат сезімін білдіру ғана.

ТЕКТИДЕН ҚАЛҒАН СӨЗ ЕДІ

Өз Абайым, өз ақыным Пайымғау

...Абайдың қазақ поэзиясындағы тарихи орны жайлы алғашқылардың бірі болып қалам тербеп, пікір түйіндеген ақын Міржақып Дулат ұлы Абайдың қазақтың бірінші ақыны екенін айта келіп, оның туған күнін қалың елі – қазағы қазір болмағанмен күні ертең айтарлықтай қылып атап өтетін болады, деген еді. Көрегендікпен айтылған осы пікірдің қазақ әдебиетінің қаз тұрып-қалыптасу кезеңінің алғашқы жылдарында екіталайға айнала жаздаған кездері болмай қалмады. Оған басты себеп – Абайшығармалары негізінен зерделеп, зерттеу күні кешегі советтік дәуірдің үлесіне тиді. Обалы не керек, кез-келген шығармадан (автордың қай кезеңде өмір сүргенін есепке алмай-ақ) марксизм-ленинизм идеясын іздейтін, тап тартысынсыз шығарманы халықтың қазынасы деп есепке ала қоймайтын солақай сыншылар алғашқы жылдарда Абайға да, Абай шығармаларына да осы ұғыммен келіп, сөз қозғағаны белгілі. Бәлкім сол әсіре революциялық рух биігінен қарастыру талабының салқынды салдары болар, қазақ әдебиетінің негізін қалаушыларының бірі академик Сәбит Мұқановтың өзі Абайдың махаббат лирикасынан надандықтың белгісін тауып, сын сойылын аямай-ақ сілтеді. Тек уақыт өте келе ғана Абайдың қазақ әдебиетінің асқар шыңы, екендігін мойындап, оны насихаттаушылардың бірі болды. Мұның өзі Сәбеңнің азаматтық, әдебиетшілік ерлігі, ұлының ұлылығын тануы деп білеміз. Абай поэзиясын зерттеушілердің көш басында заманымыздың заңғар жазушысы, академик Мұхтар Әуезовтың тұруы Абайдың маржан жырларын зерделеп, зерттеудің орнына, оның шыққан тегіне деген өшпенділікке бергісіз өнімсіз дау-дамайдың, сол сияқты поэзиясын талдау барысында таптық тұрғыдан келу сияқты келеңсіздіктің мұнан әрі өрттей ершімей, тез басылуына ықпал еткен де болар. Қалай десек те текетірес, тайталас, дау-дамай

үстінде шындықтың шырағы мәңгілік тұтанып, Абайдың ақын ретіндегі көш басшылық, көсемдік айшықты орны айқындалып, Абайтану ғылымының негізі салынды. Содан былайғы кезеңде оның поэзиясы туралы азды-көпті сөз қозғап, пікір айтпаған, өзінің көзқарасын білдірмеген қазақ зиялылары, сыншылары кемде-кем-ақ болар. Солардың көпшілігі Абай тану іліміне өлшеусіз үлес қосып, оның кемелденуіне, көкжиегінің кеңейе түсуіне көп күш жұмсады. Олардың Абай поэзиясын сала-салаға бөліп қопара зерттегендіктері соншалық, тіпті айтылмай қалған сөз, пікір жоқ десе болғандай, сондықтан да бұл тұрғыда сөз қозғаудың өзі басы артық сияқты көрінетіндей еді. Бірде теледидардан ақынның туғанына 140 жыл толуы қарсаңында жазылып алынып, қорда сақталған хабар қайталап көрсетілді. Абай танудың шынайы білгірлерінің бірі Сағат Әшімбаев, ақын Әбу Сәрсенбаев, көрнекті жазушы Әзілхан Нұршайықовта Абай поэзиясы, ол өмір сүрген кезең жайлы салиқалы әңгіме қозғап отырды. Сөз кезегі ақын Ғафу аға Қайырбековке тигенде хабарға қатысушылардың сөзіне құмарта құлақ түріп, қалт жібермеуге тырысып отырған мен Ғапекеңнің әркімнің өзі Абайы бар (бұл арада сөзі дәл келмеуі мүмкін, түйіні осы) оны әркім өзінше оқып, өзінше бағалайды, көзқарасын айтады деген пікірі шыншылдығымен ерекше баураған еді. Өзгелер сияқты менің де өз Абайым, оған деген өз көзқарасым барлығына, оны білдіруге хұқылы екендігіме көзімді тағы да бір жеткізе түскен. Сөйтіп, қолға қалам алуыма Ғафу ағаның жоғарыдағы пікірі түрткі болған. Сонымен қатар өз Абайыма, өз ақыныма деген шексіз махаббат, оны өзімше түсініп, өзімше талдасам деген талпыныс тәуекел қайығының ескегіне қол создырған. Тек бір ескерте кететін жай менің мұным ақын еңбегін терең қопарып зерттейтін әдебиет теориясы емес, бар болғаны ақын өлеңдерін және оны талдаушылардың еңбектері мен көзқарастарын өз ой елегімнен өткізіп пайымдау, сөйте отырып оқырманмен азды-көпті ой бөлісу ғана.

Жүрегінің түбіне сыр жасырмай...

*«Жүз ақынды туғыздың ақын Абай
Жүз ақын жүр өзіңді туғыза алмай»*

Қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиевтің Абайға арналған өлең жолдарынан алынған осы бір түйін Абайдың жыр өлеміндегі ұлы тұлға, түпсіз тереңдік, асқар биіктік екендігін мойындаумен қатар шынайылығымен баурайды. Өйткені, қашанда дарқан да дарынды халқымыз Абайға дейін де, Абайдан кейін де не бір талантты, орақ тілді, от ауызды ақындарды өмірге әкелді. Өмір көші алға қарай ұзап, олардың қатары көбейіп, саны артқан сайын халқымыздың «Жүйрікте де, жүйрік бар, әліне қарай жүгірер» деген қанатты қағидасы жаңа бір қырынан танылғандай, яғни жүйріктердің әліне қарай жүгіруі олардың арасында Абаймен иықтас, қанаттас, қатарластұратын бірде-бір ақын жоқ екендігінің айғағы болса керек. Жұлдызы жарқыраған жыр аспанында бұлт арасынан жарқырап шыққан Абай қазақ әдебиетін өзінің нұрлы шуағына шомылдырумен келеді. Солай десек те, Абайдың ойын алға апарушы, дамытушы, ізденіс, талпыныстарымен оны өздері өмір сүріп отырған заман әуеніне сай әр беріп, байытушылар аз емес. Олардың арасында қазақ поэзиясының аққан жұлдызы Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев тағы басқаларының болуы күні бүгінге дейін ақын бастаған ұлы үрдістің сәтімен жалғасып отырғандығын көрсетеді. Олар өз кезегінде қазақ жырына Абай әкелген жаңалықты одан әрі жаңғыртып, өлеңге Абай қойған биік талапқа сай іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын кестелеумен қатар «айналасы теп-тегіс жұмыр етіп» не бір жыр жақұттарын ұсынды. Тіпті, олардың халықты надандық құрсауынан құтқарып, оқу-білімге, үгіттеген көптеген өлеңдері Абай өлеңдерімен өзектес, тамырлас, сабақтас жатады. Осы орайда Абай өзі өмір сүрген дәуірді жырға қосқанын, ал біз сөз етіп отырған оның ізін, ала шыққан С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаевтар өмір сүрген кезеңде қоғамдық елеуметтік жағдайда елеулі өзгерістер болғанын, тарих көшінің

аңда өлгені жытжығанын жоққа шығаруға келмес. Әйтсе де, осы қоғамда, әлеуметтік өзгерістердің өзі адамдардың психологиясына, өмірге, айнала қоршаған ортаға деген көзқарасына түбегейлі оң өзгеріс, сол кездің өуенімен айтсақ, толық мәнінде төңкеріс әкеле алды ма? Мәселеге осы тұрғыдан келер болсақ, көп нәрсенің аты, сыртқы көрінісі, атауы өзгергенімен, негізгі өзегі, тереңге салған тамыры онша өзгеріске ұшырай қоймағанын аңғарар едік. Адам психологиясындағы өзгеріске бейімделген кертартпа керенаулықты, жатып ішер жалқаулықты, ұрлық пен қарлықты, өтірік пен өсекті асқынған дертке төңер болсақ, ол қазірде тіптен ем қонбай, қағынып, қабынып, дауасыз дертке айналғандай. Әсіресе, бұл қоғамдық құрылымдығы әлеуметтік салада айқын белең беретіндей. Абайдың:

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»

атты өлеңінде

*«Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар келбек.»*

деген жолдар бар. 1886 жылы жазылған осы өлеңде бүгінгі біздің өмір сүріп жатқан дәуіріміздің келеңсіз көрінісі мен мұндапап белең беретіндей. Адал еңбек өтпей ұрлық қылып, қулық жасап, баюдың жолына түскен жандардың бейнесі қарсы алдыңнан кесе-көлденең шығатындай, сол өлеңдегі:

*«Алашқа іші жау боп, сырты күлмек,
Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек.»*

деген жолдар кейбір екіжүзді таныс-білісіңді есіңізге салатындай-ақ. Ғажап-ай, осы өлең жазылғанда он тоғызыншы ғасырдың аяқталуына әлі де он төрт жыл бар екен. Сол кезде Абаймен қатар өмір сүрген кейіпкерлері біздің мынау күні кеше феодализмнің бел омыртқасынан аттап өтіп, кемелдеген социализм құрып, коммунизмге бағыт ұстап, күндердің күні болғанда жынынан айрылған бақсыдай өп-сәтте бәрінен көз жазып, осы біз қандай қоғам құрып жатырмыз деп біріне-бірі

өзеурей сұрақ қойып жатқан біздің замандастарымыздан айнымай қалуы таңдай қақтырып, таң қалдыртады. Тіпті, олар ақын жыр еткен қоғамдық ортадан үстіндегі күпісі, камзәлі мен бешпетін, басындағы тымағын, аяғындағы саптама етігі мен мәсісін жұлып тастап, бай, молдаға қамшы үйіріп, күні кеше асыраушы, сақтаушысы, әлдекімнің сойылы тиіп, сорлай қалса жоқтаушысы болған елдің игі жақсысын бай құлаққа тарттырып, мешіттен безіп, мектеп табалдырығын аттағанымен, ауыздығымен алысқан тұлпарын машинаға, тракторға айырбастап, мінгенімен, ой-өрісі, іс-әрекеті тұрғысынан Абай өмір сүрген кезеңнің тар шеңгелінен әлі де сытылып шыға алмағандай әсер етеді. Бұған Абайдың кейіпкерлері мен олардың іс-әрекеттері (адал еңбек етпеу, сұм-сұрқиялық, алармандық, ұрлық, жалақорлық, пәлекұмарлық, арызқойлық т.б.) үндесіп жатуы дәлел. Сонымен қатар арамдықты еп көріп, тоқтау айтқан кісіні шет көріп, атаны бала, ағаны іні аңдуы келмесе кеткен заманның ғана емес, өкінішке орай біздің бүгінгі күніміздің төл бейнесіндей. Ал нарық кезеңі әкелген көп кеселдердің ең бастысының бірі-жұмыссыздық. Бұл онсызда Абайша айтқанда шаруаға құлқы да, қыры да жоқ, өтірікке, өсек, мақтанға беріліп, қызмет қылып мал таппай, ғылым оқып, ой таппай құр үйде жатуды әдет қылған жатыпшар жалқаудың «қызмет қылған кісінің» (бізше кеңсесін, кәсіпорнын, шаруашылығын) құртуға таяйтын оңбаған антұрғандар қатарын арттыра түскендей. Осы орайда есіме төл әдебиетіміздің тарланбоздарының бірі жазушы және әдебиетші Төкен Әлімқұлов және оның «Жұмбақ жан» атты кітабындағы мына төмендегі жолдар оралады: «Тамаша төл туындыларында халықтың қасиетін паш еткен Абай ұлт ішіндегі құбылыстарға келгенде жібек жіктерді ажыратып, мейлінше екшеген, сұрыптаған, типтендірген тұлғалар жасап кетті, ондай тұлға, типтердің жалғасы осы күнге шейін ұрпақтардан табылып келгені айдан анық, келешекте және бой көрсетпек. Бір ғана формацияның ауқымында қалып қоймайтын нағыз шыншыл, сыршыл әдебиеттің бір құдіреті осында, Абайдың ұлылығы да, осында» дейді. Неткен тереңдік, неткен көрегендік демес-

ке шамаң жоқ. Тәкеңнің ойларының айна-қатесіз екендігіне бір сәт осылай сүйсініп тебіренесің. Ежелден-ақ ел іргесінің бірлігі, тұтастығы саналы азаматтың мақсат, мүлдесі болған. Әйтсе де, қай заманда да Абай айтқан татулық, тыныштықтан гөрі ұрлық пен қулықты қызық көріп, ел арасы бүлінсе өшкені жанып, өлгені тірілгендей-ақ қанаттанып, өңі кіретін көрсоқыр көсемсымақтар бірде ұлттың, бірде рудың намысын қолдан бермегенсіп, енді бірде жекешелендіру, экономикалық тұрақсыздық дегенді желеу етіп топты жанның алдында, жанжал тілеп, өліспей беріспейтін сынай аңғартады. Ал осылардың көбі күні кеше Абай айтқан сыпыра елірме, сұрқия, ел жайын ұғатын да, ұға алатын да жайы жоқ көп бияншік, көк езу көкімелердің бүгінгі сарқыншақтары, сарқыттары емес пе? Ал оларға басалқы айтып, тоқтау салатын, көргені көп, білгені мол жекелеген ақсақалдарымыз сырсыпаты Абайдың «Қайғы шығар ілімнен» атты өлеңінде бар кескін болмысымен көрініс беретіндей.

*«Басалқы сөз сенде жоқ,
Айтқан сөзің малың шаш.
Итше індет тілемей,
Жат үйінде өлсең де аш.»*

Ақынның ашына айтқан, ақтарыла айтқан налаға толы өлеңнің соңғы екі жолындағы пікірді біз бүгінде демократия буына бусанып, ел қамын жегенсіп, итше індет тілеп жортып жүрген пақырларға осылай ашық айта алар ма едік, екіталай-ау. Оған көбіміздің әділ сөзді бетке айтуға айбынатын ынжықтығымыз, пәлесінен аулақ деген тұрғыдағы әсіре сақтығымыз, ақыр соңында көңілжықпастығымыз жібермес еді. Бәлкім, кешегі қара өлеңнен таспа тіліп, қамшы өрген заманымыздың айтулы ақыны Мұқағали Мақатаев:

*«Айтып өткен ақында арман бар ма,
Жүрегiнiң түбiне сыр жасырмай.»*

дегенде міне осындайдан айтқан-ақ болар. Әйтеуір, бұл тұрғыдан алып қарағанда маған Абай өзі өмір сүрген кезеңнің

жақсылығы мен жаманшылығын, мерезімен өңезін ашып айтып, жүрегінің түбіне титтей де сыр жасырмай кеткен армансыз ақын сияқты болып көрінері бар.

Табиғат жыршысы

I

Ыбырай Алтынсаринды орыс достары «Көшпелі халықтың ішінде еуропалық мәдениеттің жарық сәулесін таратқан, Ресейді сүйеге шақырған» – деп жазғанда олар сол Ыбырайдың ағартушы, демократ Ыбырайдың өз халқын шексіз сүйгенін, сол халқының үкілі үміті – қара домалақтарына хат танытып, қатарға қосу үшін Ресей шенеуніктерінің табалдырығын тоздыруға мәжбүр болғанын, бұл жолда қажып, талмай, қайрат көрсетіп, қайраткер ретінде шыңдалғанын, ақыр соңында қазақ балаларына арналған хрестоматиясының жарық көруі де сол ізденіс пен талпыныстың нәтижелі жемісі екенін бір кісідей-ақ біліп, бір кісідей-ақ тұшынған болар. Ыбырайдың терең білім алып, ағартушы ретінде қалыптасуына орыс зиялыларының ықпалы көп болғаны талассыз.

Сонымен қатар біз Ыбырайды балалар үшін құнды шығармалар жазған, бүгінгі күннің тілімен айтсақ – қазақ балалар әдебиетінің негізін алғаш қалаушы атасы ретінде білеміз. Мұнымен қатар Ыбырай – қазақтың жазба әдебиетінде табиғат көрінісін тұңғыш өлең өрімге айналдырған, табиғат жыршысы да.

Оның табиғат тақырыбына жазған «Өзен», «Жаз» атты лирикалары күні бүгінге дейін өзінің көркемдік, мағыналық құнын жойған емес. Жоймақ та емес. Аталған өлеңдерді оқыған сайын дүниенің тұнық та, тұмса кезі көз алдыға келіп, бүгінгі экологияның апатты жағдайы еңсеңді езіп, жүрегіңді жаралары сөзсіз.

...Көк орай шалғын, тау төсінен төмен қарай өрнектеліп төгілген өзен суының тау мен тасты жаңғыртып, арқыраған үні, тілсіз тұрған тоғайдың жел тербеген жапырағының шуылы, жанабында қыстап, малын бағып, балығын аулап, күнін көріп

отырған ел суреті жүректің қыл пернесін шертіп, сағыныш сазына бөлейтіндей.

«Көңілің суын ішсең ашылады» дей келіп, ақын оттай жанған жануарлар, өзеннен рахат тауып басылады деген түйін жасайды. Осы «Өзен» өлеңінде «Құдыретін құдайымның көресің бе, не жеміс өсер өзен дөңесінде» – деп жер мен көктің, адам мен табиғаттың жаратушы құдайдың құдыретіне тәуелді екендігін алға тартады.

Сол сияқты ақынның «Жаз» атты өлеңінде сәуірде жауған нөсер, соның қуатымен желкілдей өскен жер шөбі, жер жүзін басқан көкпеңбек шалғын, әлі де есейіп үлгермеген жас балалардың ойдан қырға жүрген шадыман шаттығы бірін-бірі сәулелендіріп аша түсетіндей. Ақынның адамзат, қырдағы орман, ең ақыры аяғын алшаң басқан түйелер де жаббар Құдайға сәуірде көтерілген рақмет туы үшін шуылдап шүкір айтып тұр дегеніне шүбәсіз сенесің. Өлең боп өрілген жаздың жанды суреті мәңгілік есіңде қалады.

II

...Ыбырайдың ұлы замандасы Абайдың «Жазғытұры», «Қыс», «Қараша, Желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңдері жадыңда жаңғырып, тіліңе оралады. Бір кезеңде өмір сүріп, қазақ атты қаймана халықтың көкірек көзін ашып, санасын сәулелендіруге жан дүниелерімен қызмет еткен қос ақын, қос ағартушының жер бетіндегі адамзатқа тәңірінің берген өлшеусіз сыйы – табиғатты, сол табиғат аясында өмір сүріп жатқан адамдарды суреттеудегі көркемдік тәсілдері сан алуандығы мен тәнті етеді. Ыбырай өлеңдерінде табиғат, адам қала берді жаратушы жаббар хақ біріне-бірінен біршама алшақ байланыссыз суреттелсе, Абай өлеңдерінде табиғат пен адам тығыз байланыста, бір тұтас әлем ретінде, іс-әрекет үстінде бейнеленеді.

*Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.*

*Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.*

Жайраңдаған жастарды, көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шалдарды ауызға алу арқылы ақын мәңгілік жас, сонымен қатар мәңгілік көне дүниенің жазғытұрғы сәні мен салтанатын көз алдыға жайып салады. Жаңа бұлын саудалап, жамыраған саудагер мен жерін жыртып, егін еккен диханшыларды, бір малы екеу болған шаруаның асығы алшысынан түсіп, дәулеті еселей артқан мерейлі шағын, азалы ақ көрпесін сілке тастап, күлім қаққан жер, сағыныса табысқан күн-күйеу, жер-қалыңдықтың көңіліне шырай біткен сәтін астастыра, бірінен-бірін туындата суреттейді.

Бар-жоғы алты шумақтан тұратын «Қыс» атты өлеңде қыс суреті асқан шеберлік пен шынайы беріледі.

*Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып үсік шалды,
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
Бет қарауға шыдамай сырт айналды.*

Белгілі әдебиет зерттеушілері С. Қирабаев, Қ. Мырзалиевтердің ақынның осы өлеңін «Бұл нағыз классикалық поэзия үлгісінен туған өлең» – деп жоғары бағалаулары содан болса керек. Ал «Қараша, Желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңіндегі ықтырма мен күзеуде отырған бай, оның малын бағып жүрген кедей тұрмысының бір-бірнен аспан мен жердей алшақтығы, қазіргі ұғыммен айтсақ әлеуметтік теңсіздік.

*Кедейдің өзі жүрер малын бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып...
Қар жаусада тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы, –*

деген жолдардан айқын аңғарылады. Аталған өлеңдерді оқығанда бір сәтке қырдың қысының зәрлі лебін жан-дүниең мен сезінгендей боласың.

Ыбырай мен Абайдың туған жер табиғатына арналған терең сырлы, әсем жырлары туған жерге деген ұрпақ махаббатын еселей арттырып, қазақ жырының көк жиегін кеңейтіп қана қоймай, небір көздің жауын алар жауһар жырлардың тууына да негіз салды.

Кенен ойың телміріп...

...Абайдың кез-келген өлеңі сыншылардың, абайтанушылардың назарынан тыс қалмағаны белгілі. Соның бір – «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» атты өлеңі. Осы өлең туралы Мұхтар Әуезов «Қалың елім қазағым, қайран жұртымды» ақын өз халқының сол кездегі трагедиясын айқын зерттеген еді. Жоғын жоқтап, мұңын мұңдай айырғаны қалың елі – қазағы, оны қайран жұртым деп бар жанымен ынтыға сүйеді... Ал, сол қалың ел барда оның ұйтқысын бұзған, елдігін кетірген үстем тап бар, осы соңғылардың сорақылығын айырып, атап береді. «Аузымен орақ орған өңкей қыртың, өзімдікі дей алмай өз малыңды, күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың»... «Басбасына би болған өңкей қиқым, мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын» – деген жолдарда ақын қалың елді жаңағы қаскөй топтан айырып жырлайды. Елдің жауларын, қанаушы бұзықтық іс-әрекетінің үстіне жаман мінез, адамгершілігін жоғалтқан өңшең татымсыз, құнарсыз адамдар деп санайды. (Абай Құнанбаев, Монография, 1967 жыл).

Сол сияқты көрнекті әдебиет сыншысы Зейнолла Қабдолов өзінің «Сөз өнері» атты еңбегінде Абайдың шығармашылығына жан-жақты тоқтала келіп, «Ұлы ақынның реализмі мен гуманизмін өз алдына қойғанда биік эстетикалық идеал тұрғысынан өзі өмір сүрген қоғамдық ортадағы керенаулық пен кеселді, оспадарлық пен опасыздықты сынау арқылы қазақ даласындағы феодализмнің дағдарысын көрсетті» – деп түйіндейді.

Қос ғалымның пікірлерін келтірген осы шағын үзінділерден Абай заманындағы өмір сүрген қазақ қоғамының сол кездегі тыныс-тірлігі ғана емес бүгінгі күніміздің бедерлі бет-пер-

десі мен мұндалап тұрған жоқ па? Рас, «Елдің жаулары», «қаскөй таптың» қарасы батқалы қашан. «Қанаушы бұзық», «Керенаулық пен кесел», «Оспадарлық пен опасыздықтың» кеселді салқынынан ада-күде арылдық, бас-басына би болғысы келетін өңкей қиқым атымен жоқ деп айта алар ма едік. Онда түймесін түйенің құнына бағалап, қоныстасына қоң бітірмей тірідей талаушы «қанаушыны», тападай-тал түсте жазықсыз жанды жәбірлеуші, тонаушы «бұзықты» қайда қоймақпыз. Керенаулық кесел иектеп тұрғандығы соншалық, созылмалы дертке айналғандай.

Қосшы болуды қомсынып, басшы болуға ой-өрісі, тағылым-тәжірибесі, білімі мен біліктілігі жетпейтініне қарамастан көзін тауып, ебін келтіріп, билік биігіне «құлаш» ұрғандар қаншама. Ғайыптан – тайып тақтан түсе қалса «мен оппозиционермін» – деп бүтін елдің іргесін шайқап, іріткі салғысы келетіндерді қайда қоямыз. Ұлы ақындардың қаламынан туған кемел жырдың қатардағы көп ақындардың жырларына қарағанда мойны озық, маңдайы жарық болуы кез келген қоғамдық құрылымның көлеңкесінде, жанында көміліп қалмай адамзат дамуының көш көруенінің көш басында жарық жұлдыздай жарқырап, бағыт сілтеп тұруында болса керек. Оған дәлел – Абай жырының феодализм, социализм дағдарыстарын артқа тастап, тәуелсіздік алған еліміздің өмірінен «тайға таңба басқандай» өз өрнегімен көрініс табуы дер едім.

Әдебиет сүйер қауым арасында 1983 жылы «Жұлдыз» журналының 12-ші санында сыншы Сағат Әшімбаевтің «Абай айтқан» атты мақаласының жарық көруі ерекше сілкініс, пікір таласын туғызған еді. Сыншы аталған мақаласында «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» өлеңін талдай келіп, «...ұстара» сөзі әлеуметтік терең сырды, өмірдің реалистік шындығын танытып тұрған әрі тың философияға негізделген поэтикалық образ» – деген жаңа шын ойдың ұштығын шығарады. Мұнан әрі ол «Абай» бұл жерде ауыспалы мағынасында алған деген сөз арқылы қайран жұртының бойындағы қайшылықты мезгеп тұр. Осынау образды сөзден туындайтын негізгі ой, тарихи

ұлттық, азаматтық, адамгершілік сана сезім, балаңдығы мен дәстүрлі жұтаңдығынан әбден айырмаған жағдайда жақсы мен жаманды айырмау деген күрделі ой айтады.

Абай шығармашылығын талдау, парасаттау тұрғысында сыншылардың көпшілігі бірін-бірі қайталап, жаңғыртып, «Абай үстем тап өкілдерін өлтіре сынаған, әшкерелеген, дін иелерінің білімсіздігін әжуа еткен» – деген сынды пікір төңірегінде қарашыл аттай шыр көбелек айналған тұста Сағаттың жоғарыда келтірілген пікірі «жаз келгендей» жаңалық еді. Республика тәуелсіздігін алып, егемен ел атанып, өткен-кеткен тарихымызға жаңа тұрғыдан сыни көзқараспен қарап, ел еңсесін көтерген осы бір естен кетпес жылдарда Абай шығармашылығын талдап, талқылау жаңа арнаға түскендей.

Оған жазушы Д. Досжанның «Абай айнасы», сыншы М. Мырзахметовтың «Абайтану тарихы», жазушы Р. Тоқтаровтың ақын туралы кітаптары дәлел. Қалай десекте, Абай өлеңдерін қайталап оқып қана қоймай, оның әр сөзіне заман талабына сай өзімізше мән-мағына беруге тырыссақ, ұтпасақ ұтылмасымыз хақ. Жазушы Дүкенбай Досжан айтқандай «Өз Абайымызбен сырласып, өз келбетімізді абай-айнаға қарай түзету – Абай ақынды қайталап оқудан бастау алмай ма?!» Сондай қайталап оқушылар қатарында Абай өлеңіне өзіңше мән-мағына беріп, оның өлең жолдарынан біздің жаңа заманымызбен үндестік тауып жүрген қатардағы оқырмандар аз емес.

Абайдың «жырлай, жылай өлгенде» арттағыларға қалдырған даналық сөзі арқылы оның жарық сәулелі жан-дүниесіне үңілсек, танып білсек деген ұлы мақсат, кенен ойдың тереңіне телміруге мәжбүр етеді, ынтықтыра түседі.

«Айрылған біздің қазақ Есілінен»

**немесе Ресей бодандығына ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің
көзқарасы хақында**

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, ой толғаған қазақ ақындары Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы,

Мәшһүр Жүсіп Көлеевтер сол тұста қазақ жерінде кеңінен етек жайып, белең алған Ресейдің отарлау саясатының салқын да, сызды лебін ерекше сезінді. Шұрайлы жерді тартып алу, көші-қонды шектеу, мал өрісін тарылту, ақыр соңында емін-еркін жүріп-тұруға тиым салу, жаңа қоңсының мұнымен де шектелмей қару қолдануы бейбіт елдің берекесін алған еді.

Сондықтанда болар жоғарыда аттары аталған ақындар Ресей бодандығының қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне тигізген, тигізер зиянын жан дүниелерімен терең ұғынып, өздері куәсі болған өмір шындығын жырларына арқау етті.

Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты өлеңінде:

*Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң.
Тіпті амал жоқ, қазақтар,
Енді сенің торыңа... –*

деуі сол кезеңнің сұрықсыз суретін көз алдыға әкеледі.

Шортанбай торға түскен жұртты патшаның аяусыз қанап, байлардың талағанын, салық салып, елді есеңгіреткенін ашына айтса, Мұрат Мөңкеұлы:

*Еділді тартып алғаны,
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны,
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны,
Ойдағысы болғаны.
Маңқыстаудың үш түбек,
Оны-дағы алғаны...
...Қоныстың бар ма қалғаны?!*

деп күңірене, күйзеле қыр төгеді. Ата мекенінен ауа көшіп, мал өрісі шұрайлы жерден айрылған көпшілік көңілінің көрінісі бұл. Аталған ақындардың бұл ой толғамдары Мәшһүр Жүсіптің:

*Айрылған біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.*

*Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді,
Қойнында құшақтаған жесірінен, –*

деген өлең жолдарымен үндес. М. Көпеевтің «Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді, қойнында құшақтаған жесірінен» деп «жесір» сөзіне ерекше екпін түсіріп отырғаны байқалады. «Жер дауы, жесір дауы» дегенде әдетте желді күнгі өрттей өршіп шыға келетін қазақтың тап осы тұстағы күйкі халін:

*Адасып осы күнде қазақ қалды,
Бұрынғы ата-баба рәсімінен, –*

деп суреттейді. Оларды «ата-баба рәсімінен» айырған, әдеуге мұршасын келтірмей, мүсәпір халге душар еткен жайды «жылқыға керек жерге егін салып, жер жыртып мұжық қалмас кәсібінен, жайлауы баратұғын болмаған соң, айрылды мал да, жан да несібінен», – деп ашып айтады.

Онсыз да ораза ашары там-тұм, елдің мал өрісі тарылған тұста несібі кемігенін көріп шырылдап ара түспек болған жандардың халін ақын:

*Зынданда не шаһбаздар нақақ жатыр,
Ұлықтың қылған зорлық кесімінен, –*

деу арқылы ел ішінде қалыптасқан саяси ахуалды бейнелі жеткізеді. Байбалам, түңілу, күдер үзу атымен жоқ. Шортанбай, Мұраттарға қарағанда Мәшһүрдің заман өзгерісін өз тұрғысында терең түсінгені байқалады. Мәселен Шортанбай:

*Байды құдай атқаны,
Жабағы жүнін сатқаны.
Кедей қайтып күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны.
Жаздай арық қазады,
Күздей пішен шабады,*

деп қазақ даласына жаңа заман әкелген жаңалық саудасаттыққа жатырқай қарайды. Мал-мүлкінен айрылған кедейдің жатаққа қоныстанып, күнкөріс қамымен жаздай арық қазып,

күздей пішен шабуы, ...адал кәсіппен айналысуы оған біртүрлі өрсі көрінеді.

Мұндай жаңа заман әкелген жаңалыққа жатырқай, жабырқай, тіпті түңіле қарау Мұрат Мөңкеұлының жырларында да кездеседі.

Мәшһүр Жүсіптің бұлардан бір ерекшелігі замана өзгерісін жіті аңғарған. Оған түсіністікпен қараған. Бәлкім бұған оның табиғат тарту еткен ерекше зейіні, Бұхарадан алған терең білімінің әсері аз болмаған болар.

Қалай десек те, ол болашаққа сеніммен қарайды. Тіпті ол ақ патшаның 1905 жылғы он жетінші октябрьдегі манифесіне зор үміт артады. Оны ақынның:

*Қолың бос, өзің еркің не қылсаң да,
Қарайды әркім ойлап шамасына.
Пейілі патшамыздың кеңіп жатыр,
Алғайда бізді құдай панасына.
Құдайдың бір жарылқар уақыты келді,
Алаштың ұраны үш жүз баласына, –*

деген өлең шумақтары айқындай түсетіндей. Мәшһүр: публик боп бұл манифес шашылса деп, күн көзі бұлт жоқ болып ашылса деп, кітабы мұсылманның жиған-терген, ерікті боп цензура-сыз басылса деп тілей келіп:

*Ғалым бар дін исламды жете білген,
Жоқтықтан ерік өзінде қор боп жүрген.
Тізгіні шариааттың қолға тисе,
Тамаша қылар еді-ау бізді көрген.
Шариаат қылма хакім қандай қатты
Дер едік жарық сәуле таң жаңа атты.
Қолына көптен бері тимеген соң,
Сағынды дін мұсылман шариаатты, –*

деп діттеген ойын, арман-мүддесін жайып салады. Тек ақынның үміті ақталмайды. ...Академик, жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Абай Құнанбаев» атты монографиясында: Семейдің уездік

полиция бастығы Куприянов 1897 жылы Абайдың үйін тініткенде Мәшһүр Жүсіптің Абайға жазған хатын тауып алғанын, онда ол Абайдан патша үкіметінің елге жасап отырған қиянаттарына қалай қарсы тұруға болатыны жөнінде ақыл-кеңес сұрағанын айтады.

Мәшекең бұл хатты «Ерік өзінде болмай қор боп жүрген» халқының тығырыққа тірелген тұстарының бірінде жазды ма екен, кім білсін?

Анығы Ресей бодандығы бұғауында буынған қара халықтың ауыр халін жыр өрнегіне түсірген ақындардың қай-қайсысы болмасын бодандықтан шығар жол іздегені, тіпті кей тұста саналуан қайшылықтарға ұрынғанын байқаймыз.

Қысқа күнде қырық құбылатын қыр желіндей патшаның сайқал саясаты ақынды қанша алдап соққанмен туған халқының келешегіне деген үмітіне селкеу түсіре алмады. Елге деген махаббаттан бастау алған жыр-маздағын өшірмек түгіл бәсеңдетуге шамасы жетпеді. Халқы үшін басын бәйгеге тігіп, қуғын-сүргіне ұшыраған Мәшһүр Жүсіптің шығармалары қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің мұңсыз музасының алтын қорында тарлан тарихтың көне тартпас жарқын беті болып мәңгілік қала бермек.

«Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ»

Қазақтың ағартушы демократтары Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ізін ала шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпеев – ұлы ұстаздарының ісін сәтімен жалғастырды. Мәшһүр Жүсіптен қалған мол мұраны талмай зерттеп, зерделеген белгілі ғалым С. Дәуітов «М. Көпеевтің өз шәкірттеріне берген аса маңызды тәрбиесі – ғылым жайында еді, – дей келіп, оның әркім өз жанын тірілтуді, гұмырын ғылым-білімге сарп қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады» деген пәлсапалық тұжырымын көлденең тартады.

Аталған тұжырым ғұламаның өмірлік ұстанымы болғанға ұқсайды. Сондықтанда ол ғұмырын ғылым-білімге сарп қылған.

Мына жарық дүниеде тірі адамдардың қатарында бола тұра «жаны өлік жан есепті» пенделерге білім рухын шашып, білім бастауынан сусындатқан. Сөйтіп, Жаратқан иенің пенделеріне берген ұлы сыйы – ғылым-білімнің жарық сәулесін «қара танымай бұлдырап тұрған дүниенің» ұнғыл-шұңғылына түсіріп «жаны өлік» жандардың көр соқыр көңілдерін оятып, көздерін ашады.

Бір ғажабы Мәшһүр Жүсіптің балаларды ғылым-білімге шақыруы Ыбырайға да, Абайға да ұқсамайды. Өзіндік ой, тұжырым өрнегімен ерекшеленеді. Мәселен, Ыбырай Алтынсарин өзінің «Кел, балалар оқылық» немесе «Өнер білім бар жұрттар» атты өлеңдерінде оқудың пайдасын тәтпіштей түсіндіріп, «оқысаңдар балалар, шамнан шырақ жағылар» дей келіп, мал-дәулеттің байлығы бір жұттан қалмайтынын, ал оқымыстының байлығы күннен-күнге артатынын айтады. Ыбырай Алтынсарин мұнан әрі сауысқанның тамағының шоқуменен табылатынын, ал өнер-білімнің оқуменен табылатынын сөз етеді. Өнер білім бар жұрттардың арбаны мың шақырым жерлерге күн жарымда барғызғанын, адамды құстай ұшырғанын. Бір сөзбен техникалық прогреске иек артқанын әдемі бейнелей келіп, «ат өнері білінбес, бөйгеге түсіп жарыспай» дейді.

Ыбырайдың қазақ балаларын оқуға, білімге шақыруын жазушы Сәбит Мұқанов: «Абайдан Ыбырай тереңірек кеткен... Ыбырай «оқыңдардың» үстіне, сол оқуға қызықтырудың әдісін таба білген» деген де біз сөз еткен жоғарыдағы жайларды негізге алса керек.

Әйтсе де, біздіңше қырда өмір есігін ашқан қаршадай қазақ баласы түгіл, ат жалын тартып мініп азамат атанған «ата сақалы аузына бітсе де» ауылдан сүйем қарыс аттап шықпаған көрсоқыр, қараңғы жандардың Ыбырай жырлаған жоғарыдағы жайларды біле, ұға қоюы екіталай. Ыбырайдың «Білгендерге осылар бәрідағы анықтай. Білмегенге танықтай» деуі содан болар.

Сондықтан да болар ақын алғашқы өлеңінде «сауысқанды», кейінгі өлеңінде «атты» көлденең тарту арқылы баланың көз

алдына етене таныс өмір суретін әкеліп, бала ұғымына сай сөйлей отырып, «кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық» деп нығарлайды.

Ал, Мәшһүр Жүсіпте мұның бірі жоқ. Ол өзінің «Жалқаулар туралы айтқаны» атты өлеңінде «Балалар, жалқау болмай оқы сабақ» деп балаларды оқу, білімге шақырады. Ақынның балаларға «жалқауланбай сабақ оқы» деуі олардың үлкендерден күнделікті естіп, құлақтары үйренген ескертпелерімен үндес екені шындық. Тек өлеңнің екінші тармағында «Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ» деген жол ақынның айтар ойын, түйінді сырын астарлап жеткізетіндей. Олай дейтініміз әдетте қазақ ұғымында «көзі ашылды», «көзі ашылмады» деген сөз тіркестері терең астарлы мағынаға ие. Оның алғашқысы адамның жанын жегі құрттай жеген не сырқатынан, не пәлежаладан, не қайғы-қасіретінен, не бейнетінен айрылып «көзі ашылғанын» білдірсе, соңғысы істің бұған кереғар бағытта өрбігенін танытады.

Ақын мұнан әрі балаларға «көз бен қабағы» ашылуы үшін тура жол, сара бағыт ұсынады.

*Балалар жалқау болма шабан тартып,
Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып.
Арқаны кедейліктің еріншектік,
Желкеңнен жібермейді мықтап тартып.
Қайрат қып, жалқаулықтың жібін үзіп,
Көрген жан түңілмесін күдер үзіп.
Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң,
Жүрерсің көрінгенге көзің сүзіп, –*

дей келіп ұйқыңды бөліп, ертеңді-кеш, мал көзде деп насихат айтады. Тілалғыштық, елгезектіктің табысқа бастайтынын, кежірліктің кесір екендігін, кері кеткенге кедейліктің үйір болатынын тіліне тиек етеді. Жалқаулықпен жағаласуға, еңбек етуге, кедейліктен сақтануға шақырады. Осы орайда ол Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген терең

мазмұнды, қанатты қағидаға айналған, ой толғамына қосар үнін сабасынан аспай, сабырлы жеткізеді.

С. Дәуітовше айтсақ «Еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып қызартады. Оларға «мынадай бол, бұлай істе» деп те ақыл айтпайды».

Олай болса Мәшһүрдің ақындық шеберлігінің бастау көзі айнала төңірегін қоршаған жандарға мейірбан көңілмен кешіріммен қарап, нені болсын ақыл-таразысына тарта білуінде. Ұлттық тіліміздің «мәйегін» мінсіз игеріп, тіл ұстартудың қырысырына талмай үңіліп Шығыс, орыс әдебиетін терең меңгеруінде жатыр.

Мәшһүр өлеңдерінің айрықша қасиеті деп танылған қайран калдырар қарапайымдылығы өмір шындығын «барды бар, жоқты жоқ» деп шынайы бейнелеуі, бедерлеуі ақын өлеңдерінің қай кезде де бағының төмендеп, бағасының азаймауына бірден-бір себеп болғанына шүбәсіз сенесіз.

Пауғамбардың жүрегінен құйылған...

Кезінде көрнекті ғалым Бейсембай Кенжебаев «Қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі дәуіріндегі зор тарихи көрінісі, биік бір белесі, қоғамдық құбылысы» атаған Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің рухани ұстазы Абайдың қазақ әдебиетіне сіңірген өлшеусіз еңбегін, тануда, яғни Абайтану ілімін қалыптастыруда көш бастаушылардың бірі бола білді. Бұл жөнінде белгілі Абайтанушы, Филология ғылымының докторы Мекемтас Мырзахмет өзінің 1994 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Абайтану тарихы» атты кітабында «Абай мұрасын тереңірек зерттеп, танып бағалауда қазақтың талантты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың пікірлері абайтану тарихында ерекше орын алмақ... Ол Абайдың жаңа бағыттағы қазақ әдебиетінің негізін салып, классикалық дәрежеге көтерген еңбегін жете түсінді», – деп атап көрсетті.

Сұлтанмахмұттың 1913 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты мақаласын оқығанда жоғарыда келтірілген ғалымның пікірінің әділдігіне, дәлдігіне тәнті боласың.

Ақын аталған мақаласында сол тұстағы жыл сайын бестеп, ондап туып тұрған «жас иіс» жаңа талап рисаларға баға береді. Ол «Зарқұм», «Салсал», «Алпамыс» жырларын оқып, «Қырды-жойды», «Қиратты» жойдаусыз жойқын, қисынсыз өтірік пен «Жеті басты», «Айдаһар», «Пері», «Жалмауыз кемпір», «Дәу» сынды қиялдан туған кейіпкерлерге ақынның сөзімен айтсақ «көздерін жұмып нанып, мейірлері қанып, кеңкілдей түсіп, шұлғысып, мүлгісіп отырған» Қазақ отағалары енді аталған кітаптың бірін құмға көміп, бірін суға лақтырып, беттерін бері беріп, «Жас иіс» жаңа талап рисаларды (кітапшаларды) қолға алған. Тіпті олары «қой бұты, қозы саны» – дегендей құраған, сұраған бірдеңелер болып шығады. Ақын пайымдауынша оқырманға қосар ойы жоқ құр «қатын ойбай» тіпті «тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айрылыпты» дегеннің кері келіп, бұрынғы хикаяттардағы қазақша тіл, қазақы рухтан көз жазған. Оның орнын Кейде шүлдіреп, кейде шолжыңдаған, жығылып-сүрінген шата тіл басқан. Сұлтанмахмұт өз пікірін мына төмендегі өлең жолдарымен дәйектейді.

*Қолыңа ал қаламыңды,
Қайғырып хал мұстақпал заманыңды
Намуне әр нәрседен көшіргіш ал,
Яза бер, ойыңа алған көлөміңді*

(«Милишығыр»)

*Халықты бүкүн құят шығып шеттен
Ыслахлық енді керек ертеректен
Ашық қыл бізнің үшін валым атам
осы келтірілген мысалдарда жетер.*

Енді біз Сұлтанмахмұттың аталған мақалада ұлы Абай поэзиясына берген бағасына назар аударалық.

«...Басқаларға қарағанда пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай соқыр кісі сыбдырынан танырлық аққұла ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдері секілді» – дейді, Сұлтанмахмұт.

Опыр-ау, «Пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай...». Бұдан асқан баға болар ма, тегі. Кең байтақ қазақ қырында мұсылман дінінің шаңырағы шайқалмай, қаймағы сылынып алынбай, айдарынан жел есіп, айбарынан әпербақан айбынар тұста айтылған пікір ғой бұл. Қазақ әдебиеті көгінде Абайтану таңының жаңа ғана рауандап атып келе жатқан тұсы ғой бұл. Сол кезде Абай өлеңін аз-кемсіз «пайғамбардың жүрегінен құйылған құранға» теңеу – мұнымды дінге бас иіп, мүлгіп-шұлғып отырған діндар жұрт қалай қарсы алар екен деп қаймықпай ашық айту ақын ерлігі. Ұлт ұстазы ақын Абайға, оның өлмес, өшпес шығармаларына деген шынайы махаббат, шексіз-шетсіз сүйіспеншілік көрінісі дерлік.

Мақалада бұдан әрі: «Қарасақ бұл айтқандардың бәрінде де өздерін жұртқа ауыз айтып көрсетушілік бар. Мәселен, марқұм Абайдың:

*«Өткірдің жүзі
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас...
...саудырсыз сары қамқаны
...Сөзімде жаз бар шыбынсыз»*

деген өлеңдері секілді. Бірақ айтқандары артығыменен шын. Шын жылаған жастың тамшысы, рас қайнаған сорпаның сөлі болғандықтарынан сезілмейді, сезілсе де басқалардікіндей көзге қатты, көңілге суық тимейді. Қайта өзіңді сүйсіндіріп әкетеді» – дейді.

Осы орайда Абайдың:

*«Бөтен сөзбен былғанса
Сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бейшарасы»*

деген жыр шумағы ойға оралады. Жоғарыдағы Сұлтанмахмұт келтірген өлең үзінділерінің авторларыда солардың сортынан. Сондықтанда – олар Ер данасы Абаймен қалайша йық тірестіріп, терезе теңестірсін. Өлеңдеріне өзге тілдердегі сөздерді кіргізу арқылы елден ерек сауатты, білімдар, данышпан болып көрінгісі келген олар Сұлтанмахмұт пайымына сайсақ «қатын ойбайға» қалай салып кеткендерін өздеріде аңғармайды. «Шата тілді» шатпақтарын кітап етіп бастырғандарына қуанып, әуірлері басылмай өздерін-өздері ақын атап әуре-сарсаңға түсулі.

Бұған Сұлтанмахмұттың: «Нағыз шынын айтқан уақытта, қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісінде жоқ»... деуі айғақ.

«...Мен тілімізге шата тілдердің шатысуынан бегірек тілдің ағыны теріске бейім деп, өріс алып бара жатуынан қорқамын». Өзінің ет жүрегін шошытып, мазасын алған жайды жайып салады. Тіл тағдырына алаңдаушылық білдіреді.

«Рухы жағынан шұбарланып бара жатқан қазақтың әдеби тілін таза сақтау, дамыту, тек қана Абай негізін қалаған қазақ әдебиетіндегі халықтық дәстүрдің негізінде ғана болуы мүмкін, – деп Абай мұрасының жаңашыл бағыты үшін күресті», – деген М. Мырзахметтің қисынды пікірі Сұлтанмахмұт ұстанған бағытты дәл бағамдауға мүмкіндік туғызады.

Шежіреші Мағзұм

Қақаған қаңтар айы. Қыр төсі. Жол бойында бір салт атты, бір шаналы адам бір-біріне қарсы келеді. Қатарласа беріп, екеуі де тізгін тартқан. Қолдасып, құшақтасып амандасқан олар әңгімеге кіріскен. Әлден соң жолаушының бірі екіншісіне – Мақа, мынау жаман бала Алланың қартайғанда берген тұяғы, – деп ат үстінде отырған мені нұсқаған. Тағы бір қызым бар... Жол бойы әкем жаңағы кісі – шежіреші Мағзұм деп ол жайлы ауылға жеткенше әңгімелеумен болған. Содан есте қалғаны Мағзұмның таңды-таңға ұрып өткен-кеткенді білгірлікпен сөз ететін шежіреші екендігі. Есейген шағымда Мағзұм

туралы өзгелердің де «Мақаң нағыз шежіреші, ел тарихының білгірі еді» дегендерін талай естідім.

Ақыры сол Мақаңның немересі Ғабдыжәлел Барханұлы Мағзұмовпен біраз жыл қызметтес, дәмдес-тұздас болдық. Алланың әмірімен Мақаң жайлы сөз қозғасақ, «атын елдің жадына оралтып, еңбектерін жариялатсақтан» әрі аспайтын.

Иә, бірде Ғабдыжәлелдің Мақаңа Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің қамқорлық жасағаны, тіпті қуғын-сүргінге ілікпей кетуіне себепкер болғанын айтқаны бар. Бұл туралы «Оқ қағар» атты шағын балладам «Академик Қаныш Сәтбаев жерлестерінің жадында» атты жинақта жарияланды.

Дегенменсол, ауызекі әңгімелер Мақаң – шежіреші Мағзұм Ахметов жайлы пікір айтып, ой түюге жеткіліксіз еді. Сол олқылықтың орнын таяуда Ғабдыжәлел Барханұлы жіберген құжаттар толтырғандай еді. Қолға қалам алдырған да сол құжат-деректер. Сөзді 1960 жылы 14 наурызда Мағзұм ақсақалға Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жазған хаттан бастайық. Түсінікті болу үшін хатты толық көшіріп беруді жөн көрдім.

Қадірлі Мағзұмеке!

Өзіңіз айтқан іс жөнінде тіл мен әдебиет институтына сұрау салдырып көріп едім. Ондағы жолдастар сіздің халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбегіңізді жоғары бағалап отыр. 1958 жылы тапсырған бірсыпыра материалдар жөнінде есеп айырысыпсыз. Ал сол жылы тапсырған біраз әңгімелеріңіз биыл шығатын кітапқа еніпті.

Оған тиісті тиын-тебеніңізді таяу уақытта жібермекші болып институт уағда етті.

Осымен бірге институттан М. Базарбаев жолдастың сізге арнаған хатын қоса жіберіп отырмын. Істің жай-жапсарын содан білуіңізге болады.

Сау-саламат болыңыз.

*Сәлеммен Қаныш (қолын қойған).
14.III-60.*

Ал Қанағанның хатымен бірге келген Мүсілім Базарбаевтың Мақаңа жазған хаты мына мазмұнда. «Академик Қ. Сәтбаев жолдастың тапсыруымен сіз айтқан материалдарды қарап өттік. Дей келіп 1955-1958 жылдар арасында тіл мен әдебиет институтының қолжазбалар қорына «Мұңлы Мариям», «Алпамыс», «Соқыр Абыз», «Бұқар жырау әңгімелерінен», «Тәттімбет туралы әңгімелер», «Әртүрлі уақ өлеңдер», «Садықтың сәлемі», «Естай ақыннан» атты материалдар түскенін, тиісті ақша жіберілгенін хабарлайды.

Хаттың мұнан арғы жолдарын қысқартпай беруді дұрыс деп есептедім.

«Бұлардан басқа сізден жазылып алынған жұмысшы фольклорынан материалдар тіл мен әдебиет институтының баспаға даярлаған «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары» атты жинағына енді. Бұл жинақ қазір Академия баспасында жарыққа шығу үстінде...

Мұнан әрі «Ал, сізге институт тарапынан өтініш мынау. Академия шығаратын кейбір кітаптарда сіздің халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға сіңірген еңбегіңіз атап көрсетілді. Сондықтан алдағы уақытта да осы жұмысты қол үзіп кетпей, институтқа материалдар жіберіп тұрыңыз.

*Сәлеммен Мүсілім Базарбаев
Тіл мен әдебиет институты.*

Осы келтірген деректерден-ақ Мағзұм Ахметовтың халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, тапсыруда елеулі еңбек атқарғанын көруге болады. Мақаң – кеңестік кезеңде Баянауыл өңірінен, тіпті Павлодар облысынан шыққан саусақпен санарлық шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, өлкетанушылардың бірі. Сондықтан да облыс өңірінен шыққан әртүрлі өнер, шығармашылық өкілдерінің еңбектерін жинап, халыққа таныстыруда елеулі еңбек етіп отырған облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайының қызметкерлері Мақаңның еңбегіне қызығушылық танытып, «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары» жинағын таптыртып алуға

мұрындық болып, басқа да еңбектерінің мұражайдан тиісті орнын алуына көмек жасайтынына сенімдіміз.

Дихан–баба туралы толғаныс

Қазақта «алыс та болсын жақын» деген аталы ұғым бар. Осы бір халқымыздың ғасырлар бойы еленіп-екшеліп, бүгінге жеткен қанатты қағидасы Дихан-баба туралы қалам тартар тұста ойға оралды. Бұл тегін де емес. Өйткені Диханмен бірер рет ат үсті жүздесіп, сәлем бергенім болмаса, жақын танысып, сырласып сөйлескен жан емеспін. Соған қарамастан Диханды өзім күнде көріп араласып жүрген жандардың көбінен гөрі жақсы білетіндеймін. Білгенде мен оның арман-мүддесін, жалпақ дүниеге жар салып жатқан жан сырын, күйініш, сүйінішін баспасөз бетінде жарияланған жырлары мен еліміздің баспаларынан том-том болып шығып жататын кітаптарын оқу арқылы білемін. Бір сөзбен Дихан-баба өзінің жауһар жырларымен мен сияқты ондаған, жүздеген, мыңдаған оқырмандарының алыс та болсын жақыны, танысы, тіпті жанашыры десем артық айтқандық болмас. Сондықтан да болар «ақын жанкүйерлері» /осылай айтуға болатын болса/ оның 90 атты биік белеске көтерілгенін шын жүректен қуанумен қатар, алыстағы Алматыда ақынның торқалы тойына орай өткен думанды да дүбірлі тойдан да хабардар. Оңтүстік астанамыздағы қазақтың М. Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрында өткен ақын тойында республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жазушыға жолдаған құттықтау хаты оқылды. Астананың зиялы қауымы Дихан-бабаның әдебиет әлеміндегі елеулі еңбегіне сай құрмет көрсетті.

Осы орайда қазақ әдебиетіне 71 жыл бойы талмай үлес қосумен келе жатқан, алпысқа тарта поэзиялық, прозалық шығармалар жазған жазушының негізгі еңбектеріне тоқтала кетейік. Бұл туралы Дихан-бабаның өзі:

*«Шалқыма» мен «Алтайдың асулары»,
«Сұлтанмахмұт арманы» – асылдары.*

*«Майданбегім» төртөуі-төрт құбылам,
Төрт құбылам мен кешкен ғасырдағы, –*

деп, тебірене толғайды. Ақынның өзі атаған шығармаларымен қатар кезінде қазақ әдебиеті атты айдынға қосылған елеулі туындылары «Шалқыма», «Сүйемін», «Мұңсыз Мариям», «Жас азамат», «Таңдамалы өлеңдер», «Ой толқындар», «Уақыт пен сырласу», «Толғаныс толқындарын» атай кету орынды болар.

Ақынның бұл шығармаларын қалың оқырман жылы қабылдаған, әдеби сын – оң қабақ танытқан. Ал ақынның ұлы замандасы, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Әбілев жолдастың жаңа бір еңбегі – «Алтай жүрегі» өлең-романының түпнұсқасымен танысып едім, туым-бітіміне тұтас шолып қарағанда шығарма өзінің бар көсілмелі оқиға өрнегімен, көшелі ой түкпірімен, сом бітімдегі соны қасиеттерімен көңілге біртүрлі жақсы, жайлы әсер салады. Роман күрделі күреске, елеулі оқиғаға, кейіпкерлердің қажырлы қаракет, әнімді қимылдарына толы, мәйегі тоқ» – деп жоғары бағалайды. Сол сияқты кезінде Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбу Сәрсенбаев, Қалижан Бекхожин, Мұзафар Әлімбаев, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, Әзілхан Нұршайықов, Серік Қирабаев сынды қазақ әдебиетінің жұрт таныған тарландары да ақын шығармашылығына ден қойып, назар аударып, оның әділ бағасын берген.

Диханның қазақ әдебиетіне қосқан сүбелі үлесін сөз еткен, пікір білдірген жас толқын өкілдері өз алдына бір төбе. Күні кеше қазақ әдебиеті Совет Одағы әдебиеті атты ұлы дарақтың бір бұтағы ретінде қабылданатын. Қазақ тілінде жазатын ақын, жазушылар Одаққа танылғанша талай жылдар өтетін. Ақын Диханның бұл тұрғыдан келгенде де асығы алшысынан түскені талассыз. Оған оның шығармалары туралы есімдері Одаққа кеңінен танымал Леонид Соболев, Георгий Марков, Зоя Кедринаның жылы пікір білдіргенін айтсақ та жеткілікті. Солардың арасында қазақ әдебиетінің білгірі, жанашыры Зоя Кедринаның пікірі ерекше назар аударарлық. Зоя Кедрина «Менің ойымша, бұл поэманы» /«Алтай жүрегі»/ баспа бетіне

ұсыну – принциптік жағынан алып қарағанда маңызды мәселе. Қазақ әдебиетінде мұндай поэма әлі туған жоқ» деп батыл да кесімді пікір айтады. Бұл жайдан-жай айтыла салған құрғақ сөз емес. Бұл – бұлтартпас шындық, ақын еңбегіне берілген әділ баға.

Осы орайда Диханның асқақ ақын бола тұра, күнделікті тірліктегі қарапайымдығы туралы айтылып, жазылып жүретін жайлардың арасынан көрнекті ақын, қоғам қайраткері, інісі Кәкімбек Салықовтың:

*Дихан-аға, үндемей жүресің сен,
Көзден ұшқан үндесем үлесіңмен.
Іштегі отты өлеңге беріп қана,
Өзің жүрсің өзіңмен күресумен.
Атақ қосар айғаймен атағына,
Сен бармадың дауыл, жел «шатағына».
Өзі болған достарың Ескермеді,
Сән-салтанат қоссаң да қатарына.
Ортамызда бірісің тарлан нардың,
Асқаны жоқ көп жүлде алғандардың.
Жаздың роман,
Өлеңмен, қара сөзбен.
Бірі болдың дара жол салғандардың, –*

деген жыры ойға оралды. Кәкімбек аға айтқандай қазақ әдебиетінде Дихан салған дара жол сайрап жатыр. Сол дара, сара жол ақынды оқырмандар сүйіспеншілігіне бөлеп, қазақ әдебиеті классиктерінің қатарына қосты, Қазақстан Республикасының халық жазушысы атандырды.

Енді бір сәт ақынның 90 жылдық торқалы тойына жиналған Оңтүстік астананың зиялы қауымы Павлодар облысынан Баянауыл ауданының әкімі Қорабай Шәкірұлы Шәкіров басқарып келген ресми делегацияны қызу қол соғып, қуана қарсы алды. Делегация жетекшісі той иесіне облыс әкімінің, облыс еңбеккерлерінің атынан құттықтау хатын табыс етті.

Мұнан соң делегация мүшесі Қ. Сәтбаев атындағы облыстық қордың төрағасы Оралбек Қожанұлы Қожанов: «Дихан аға, көп жұрт сыйған, ел сыйған жұдырықтай жүрегіңіздің жұлқынуы азаймасын, жүз жасасын, «Сарыадырға» келіп тағы ауаңыз» дей келіп, Меккедегі мешіттердің бірі бейнеленген кілемшені сыйға тартты. Әнші, ақын Сабыржан Ахметов ақын ағасының тойына «Барып қайт, балам ауылға» әнін шашу етіп шашты.

Дихан ағаның торқалы тойында Алматы облысы, Алматы қаласы әкімшілігінің өкілдері, ақын, жазушылар тоқсанға келген тарланбоз ақынға жүрек жарды тілектерін айтып, сый-сияпат ұсынды. Солардың арасында ең қымбаты ұрпақтан-ұрпаққа жетері ақын аға Кәкімбек Салықовтың «Дихан-аға, құтты болсын тоқсаның» атты жыр жинағы болса керек. Бұл жинақ үстіміздегі жылдың 29 қаңтарында, яғни ақын тойы өтерден бір күн бұрын жарық көрген. Осы кітаптың алғашқы бетінде Кәкімбек ағаның Оралбек Қожанұлына берген қолтаңбасындағы:

*Бойыңда сан салалы дарын барда,
Ойыңда ар-намысың, ағын барда.
Шындай бер әр күніңді.
Қаныш аға,
Тойыңда жарқ еткізер барыңды алға, –*

деген жолдарды оқығанда мұны Орекеңе ғана айтылған тілек емес, Павлодар облысындағы ел басқарып отырған, әр салада қызмет етіп жүрген азаматтарға Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ЮНЕСКО мақұлдаған 100 жылдық тойын әлемдік деңгейде өткізуге шақыру, өтініш ретінде қабылдадым.

Азаматын ардақтап, ақынын аялаған ел 90-ға келген ақсақал ақынына, міне осындай құрмет көрсетті.

АҒАЛАРЫМ АЯУЛЫ ЕСТЕЛІКТІҢ ӨЗЕГІ

Азамат егі–ау Есентай!

Кереку қаласының орталығындағы асқақ та еңселі «Ертіс» қонақ үйінің алдына келіп ұбақ-шұбақ тоқтаған таксилерден түскен қолдарында жеңіл дипломаттары бар бір топ адамға ілесіп біз де қонақ үйіне келіп кірдік. Сапар мақсаты ертең болатын жас ақын-жазушылардың аймақтық мәжілісіне қатысу.

Қонақ үйіне келсек, мұнда да жұрт абыр-сабыр. Бірінен бірі кеңеске Олжас Сүлейменовтің келетіні рас па екен, Қалижан Бекхожин қай рейспен келеді екен, деп сұрау салып сабылып жүр. Енді біразы Алматыдан таяуда келетін самолеттің кестесін анықтама бюросынан сұрап біліп, әуе жайға аттанып бара жатты.

«Мен осы қызықты көру үшін ғана келдім» деді қасымдағы Есентай ағамыз. Мен сол сәтте бұған онша мән бергенім жоқ.

...Ертеңгісінде Есентаймен сол кездегі саяси-ағарту үйінде жолықтық. Қалың қалай? – деді ол жайраңдай күліп.

– Орташа.

– Орташасы қалай, жыр мерекесіне қатысқалы тұрған ақынның, осы сәт сөзге араласқан Төлеген – өлеңдері облыстық газеттің семинар ашылатын күнгі санында жарық көрген адамның қалы қалай орташа болмақ, – деп Есентайдың сөзін іліп өкеткен. – Той сізде.

– Ықыластарыңызға рахмет, – дедім мен. Дегенмен, анау Қостанайлық Ақылбек Шаяхметов, Торғайлық Нағашыбай Мұқатов, Қарағандылық Серік Ақсұңқарұлы, Торғай Сәдуақасовтардың өлеңдерін тыңдаған соң, көңіл шіркіннің аз да болса алаң болып тұрғаны.

– Оларға қашан кезігіп жүрсің?

– Түнде, Қалағандарды қарсы алып, келген соң, шай-суанымызды ішіп жайғасып жатыр едік, есік қағылды, ашсақ, мына кісі айтқан жаңағы жігіттер екен. Баянауылдықтарды іздеп келдік, таныссақ, өлең оқысақ деген ойымыз бар дескен.

Содан танысып, кезек-кезек жыр оқып, бір жасап қалдық, – деді Төлеген.

– Өлеңдерін қай-қайсысы болмасын тым әуезді, әсем оқиды екен. Мазмұндары өз алдына, – дедім мен.

– Қанша айтқанмен, сендерге қарағанда олардың әдеби орталары бар ғой, Қостанай, Торғай облыстары, мына Ақмоладағы жазушылар одағының, облысаралық бөлімшесіне қарайды. Оны белгілі ақын ағаларың Нұрғожа Оразов басқарады, – деді Есентай.

Осы сәт Төлеген өзі білетін Ақмолалық ақын, жазушылар Ә. Нәбиев, Қ. Тәукенов, Мәди Хасенов, тағы басқаларының есімін атай бастады.

– Бұлардың дені Жазушылар одағының мүшесі, – дейді Есентай.

– Қарағандылықтар да соларға жетеқабыл сияқты. Жер ортасы Көктөбеде қалған біздің облыс па деп тұрмын.

– Неге олай дейсің, – деді Есентай маған жалт қарап. Көктөбеде қалсақ, мына жиын біздің облыс орталығына өтпеседі біз бұл жерде тұрмаған болар едік қой. Мына өздерің қатарлы талаптанып жүрген жігіттер мен қыздарға «Қызыл ту» аз қамқорлық жасап отыр ма? Ана Мұқаметжан Дәуренбеков ағаларың талайыңның балапан жырларыңды қанат қақтырған жоқпа?! Сонан соң, Бақи Әбдіқадыров. Ондай ағаларың, құдайға шүкір, көп деуге келмес, аздап болсын бар, тек қолдарындағы мүмкіндіктері шамалы, қайтсін, деген.

– Мұқаң демекші, сол кісіні көшеден бері сәлем берейін деп таба алмай-ақ қойдым. Өзі осында бар ма, – деп сұрадым мен.

– Мұқаң осында, – деді ол. – Мына алда болатын семинар жұмысы әдеби жанрлары бойынша сала-салаға бөлінген. Ол кісі прозаиктердің бас қосуына қатысады, сол жақта жүрген болар. Осы кезде әлдекім ортаға шығып семинар жұмысының тәртібін, кімдердің қайда бөлінгенін айтып түсіндіре бастаған.

Жұртқа ілесіп орнымнан қозғала бергенімде, Есентай, ал бері де сәтті болсын, тайынба, деген. Сонан соң, сен балаларға да жазсаңшы.

...Жаңа ғана талдаудан әлдекімдерше ескерту де алмай, күтпеген жерден бірер ауыз жылы сөз естіп, көңілім аспандап тұрған мен пақырға сол сәт айнала төңірек адамдардың бір-біріне деген пейілі мен мейірінен, бауырмалдықтан тұратындай көрінген. Міне, осы сәт қонақ үйінің сыртқы есігі ашылып, ішке қолтығына қозы қарын қызыл папканы қыстыра салған жігіт ағасы ене берді. Оны көптен білетін едім, осындағы теледидардың қатардағы редакторының бірі. Әлгіні көре салып құстай ұшып барып, қос қолымды ұсынып сәлем берейін. Анау бетіме біртүрлі жақтырмай қараған, сонан соң жоқ, сен теледидарға шығады екем деп дәмеппе, Қалағандармен йықтас отыратын сен кімсің ей, оның үстіне әр облыстан бірақ адам алынады. Біздің облыстан Сәкен Сейфуллиннің нағашысы Төлеген Мұқаев қатысады, басқаны білмеймін, – деп мені қағамаға алға ұмтылған.

– Оу, ақсақал, не деп тұрсыз, мен сізге, – деп жай-жапсарымды айтып ренішімді білдірейін деп соңынан ере жөнелген мені жоғарыдан төмен қарай түсіп келе жатқан Есентай тоқтатқан.

– Жазығым сәлем бергенім бе, мынауың нағыз...

– Жә, өзінің мінезі сол, әркім білген жерінен қайтады да, біле білсе жаңағысы айтатын сөз бе, тіпті Сәкенсіз-ақ Төлеген осы семинарда көзге түскен ақындардың бірі ретінде өлеңін оқуға хақылы емес пе, – деп жатыр.

Дегенмен, жаңағының сөзі жан-дүниемді удай ашытып мазамды кетірген. Ертеңгісінде Есентай аға арнайы іздеп келген. Бүгін, теледидардан жаңалықтарды мен жүргізуші едім. Облыс өміріндегі басты жаңалық ретінде өтіп жатқан мына жиын жайында тоқталамын. Төлеген екеуің сол хабарға қатысып, бір-бірден өлең оқындар, деп ұсыныс жасаған. Төлеген оған жарайды деп, маған қараған.

– Жоқ, құдай мені сендердің жәшіктеріңнің маңайына жуытпасын.

– Оу, ағаңа деген ашуың әлі басылмаған ба? Келіңдер, күтемін, – деп кетіп қалған. Ол кеткен соң, Төлеген ұят болады, Есентай ренжиді деп қанша үгіттесе де, Алланың өмірімен

ықыласым соқпай-ақ қойғаны. Мұнымды мен бірауыз сөзімнің биігінде қалу, яғни ердің екі сөйлемейі деп түсіндім.

Ертеңгісінде Есентай жаныма жақындай бергенде, неге екені белгісіз өзімнен өзім біртүрлі беймаза күй кешкенім. Ал ол мейлінше салқын амандасып, өтіп жүре берген сәтте өзімнің кеше ағат кеткенімді іштей ұғынған мен, одан кешірім сұрауға асықтым. Менің сөзімді бөлмей үнсіз тыңдаған ол әлден соң.

– Әйтседе, сенің нағашың кім осы? – деп сұраған.

– Бәженейдің Қайырбегі.

– Бәженейдің Қайырбегі де. Нағашың осал адам болмады, бала, ал өзіңді «битке өкпелеп тоныңды отқа жаққаныңа» қарағанда, ашуың алдыңда, ақылың соңыңда ма деп қалдым дегені. Ұяттан екі бетім ду етіп төмен қарадым.

Кезінде Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген Есентай аға шамалы уақыт қана мектепте ұстаздық еткен. Содан газетке, жаңадан шаңырақ көтерген Павлодар телестудиясына қызметке шақырылған. Сонысына қарамастан, ол маған ұстаздықтан өмір бойы қол үзбей кеткен сияқты болып көрінеді. Рас, ол мектеп балаларына емес, із-өкшесін баса шыққан талапты жастардың тәлімгері сияқты еді. Онысы былайғы көзге байқала да бермейтін.

– Балаларға өлең жазсаңшы! Есентай осы өтінішін кездескен сайын қайталайтын. Ақыры жазамын, жазғалы жатырмын деген құрғақ уәдеден ол түгілі өзім де қажысам керек, бір күні балаларға өлең жазып тастамақ болып жазу үстеліне отырайын. Жазып, сызып отырмын осы жарар деген өлеңім әлден соң өзге түгіл өзіме ұнамайды, ең бастысы өлеңде бала жүрегінің дүрсілі, оның дүние танымы, психологиясынан нышан да жоқ екенін байқаймын. Қайта-қайта жазып, сызып көп қиналдым. Бірер күннен соң тіпті қолымнан әлде не келетініне күдіктене бастадым. Сөйтіп, күдер үзердей болып қашанғы әдетіммен көшеге шығып, серуендеп келе жатқам. Кенет бір кішкене күшікті айнала қоршап алып керілдісіп жатқан балалардың үстінен шықтым. Өзара қызу дауласып жатқан балалардың қулық-сұмдықтан, бақай есептен алшақ жатқан

балалық атты арманға толы жан дүниесі сол сәт менің алдым-да жайылып сала бергендей еді. Мен үйге жетуге асықтым. Көп ұзамай «Күшік» атты, тағы да басқа балаларға арналған өлеңдерім «Қызыл туда» жарық көрді.

Бірер күннен соң Есентай аға ризашылығын айтып құттықтап телефон шалды.

– Балаларға жазудың мұншалықты қиын екенін кім білген, қалай болып шыққанын да білмедім, өз пікіріңіз қалай, – деп сұрағанымда.

– Өлеңдеріңді Мұқаметжан Дәуренбеков, тағы басқа ағаларың жаратқан соң, басып отыр ғой, менің де пікірім дұрыс, тек сен тоқмейілсіп тоқтап қалма, жаза бер, деген. Сол сәт бірер өлең жазу үшін соншама қиналдым, ал балаларға не бір өлеңнің классикалық түрлерін (олай деп батыл айта аламын) сыйлаған Есентай ағаның қаншама күндері мен түндері толғаныспен, тебіреніспен өтті екен деп ойлағам. Өйткені,

*Бетін жумай Жұматай,
Нан жеп отыр ұят-ай!*

немесе:

*Ұйықтағанын балықтың,
Көремін деп Әбілда.
Өзі ұйықтап қалыпты,
Аквариумның жанында.*

деген жыр жолдарын жазу ақынның толассыз ізденісінің айғағы екендігіне кім таласар. Сол өлеңдері оның кең байтақ Қазақстандағы қазақ балаларының жыр қазынасына айналғаны да шындық еді.

«Жақсыдан шарапат» деген ғой, Есентай ағаның балаларға жазсаңшы деген сөзі қамшы болып оларға арнап біршама өлеңдер, ертегілер жазған екем. Оның біразы «Балдырған» журналының әр жылғы сандарында жарық көрді де, сонымен қатар ол кісі бірде, сенің «Қызыл ту» газетінде, «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналында басылған этюдтеріңдеі көрдім,

сондай дүниелерің болса, Қазақ радиосының «Шалқар» программасына салып жібер, – деп кеңес берген.

– Ойбай, Есентай аға, «Шалқарда» кімнің шалқығысы келмейді дейсіз, менсіз де авторлары жететін болар және ешкімді танымаймын да, – дедім мен безек қағып.

– Жоқ, – деді ол, – сен менің айтқанымды орындасайшы, бермесе нең шығыпты, ал беретініне мен сенімдімін.

Есентайдың кісілігі мен кішілігі осыдан-ақ аңғаруға болар еді, өйткені талай жылдар қазақ радиосының облыстағы меншікті тілшісі болып мінсіз қызмет атқарған оның бір ауыз сөзін ондағылардың жерге тастамасы белгілі, сонда да ол маған жазғаныңды әкелші қане мен бергіздіртейін деген емес. Өзіңнің де сөзің өтіп жатыр, тек жіберуіңді біл, деп өз қабілетіме деген сенімді арттыра түскен. Көп ұзамай «Шалқардан» шағын әңгімелерім беріле бастаған.

Сонан соң ол кісінің асыл қасиеттерінің бірі әлдекімді жамандауға, біреулерді сырттай ғайбаттауға жоқ еді. Бірде мен қалам ұстаған ағалардың арасында қатты қадірлейтін бір азаматтың мені жерден алып, жерге салып жатқанын өзіміздің әріптестердің бірінен естіп қатты қапа болып жүр едім, үйге Есентай келе қалды. Мұңымды соған шағып осынысы дұрыс па, деп сұрадым.

– Жоқ, оны қоя тұр, деді ол, арадағы алып қашпа сөзге шала бүлінген өзіңдікі дұрыс па, соны айтшы маған, мен үндей алмай қалдым. Сонан соң ол жаңағы кісі жайлы ұзақ та қызықты әңгімелей келіп, ол кісі әлде не айтқысы келсе өзіңе айтар еді ғой, менімше ол кісі сені інім деп біледі деген. Бірер күннен кейін ақынның айтқаны айна-қатесіз келген еді.

Есентай өзін қай ортада болмасын бірқалыпты ұстайтын. Астаналық ақын жазушылармен Баянға екі рет келген екен. Олардың арасында Жазушылар одағында, баспада билік тізгінін ұстап отырғандар да, тіпті лауреаты да бар еді. Мұндай кәделі қонақтар келгенде біздегі кейбір жігіттердің атқосшыға айналып жүре беретініне көз үйренгендіктен де, Есентайдың өзін ол кісілермен иықтас ұстауы, тіпті көпшілік жағдайда

олардың Есентайдың аузына үңілуі азаматтың астанада да абыройлы екендігіне көз жеткізген.

Балаларға арналған жыр жинақтары Одақта өткен жиындарда, Жазушылар одағының съезінде жоғары баға алып жатқанына қарамастан, Есентай өмірдің өзіндей қарапайым болатын. Оның өзі жайлы мақтанып, тасып сөйлегенін ешкім көрген емес шығар.

Ел таныған ақындығына сай асқақ азаматтық бейнесі бар Есентай аға қазірде арамызда жоқ. Иә, Алматыға кетерінен біраз бұрын жолыққан сәтте бір сөздің ретінен ақындар ауылда туып, астанада өледі, деп қалған еді. Бұған сол сәт ешбір мән бере қоймағам. Өйткені, жайдың оғындай жайнап тұрған ағаның көп ұзамай аяусыз ажал тырнағына тап болатынын кім білген. Ол өзі айтқандай астанада қайтты. Есентай балаларды жан-дүниесімен сүйіп еркелететін еді. Творчествосын да соларға арнады. Өзінің балалар ақыны екендігін іштей мақтан тұтатын. Сол ақын ағаны есте қалдыру мақсатында Павлодар қаласындағы бала бақшаларының бірін балалардың көрнекті ақыны Есентай Ерботиннің есімімен атаса деген ұсыныс тіл ұшына орала береді. Мұның өзі жалынды жырларын балдырған бөбектерге арнаған азамат ақынға көрсетілген лайықты құрмет болар еді.

Қарлығаштай су сепкен...

Павлодар қаласында өтетін жас ақын, жазушылардың республикалық аймақтық семинар-кеңесіне Баяннан келген ақын Төлеген Мұқаев екеуміз ат басын сол кездегі облыстық «Қызыл ту» газетіне тіредік. Мұндағылар ертеңгі болатын семинарға жер-жерлерден келген ақын, жазушылардың шығармаларынан бет әзірлеу үстінде екен.

Газеттің сол кездегі жауапты хатшысы Бақи Әбдіқадыров бізді көрген бетте: «Төлегеннің өлеңдері газетке таяуда жарияланды. Ал сен өлеңдеріңді әкел, ертеңгі нөмірге саламыз», – деді.

Іле қарамағыңда істейтін Өскенбай Тастемхановты шақырып алып: «Мынаны машинкаға бастырып, шыққалы жатқан нөмерге салғыз», – деп нығарлады. Тіпті менің қолжазбамның бұрышына «срочно!» деп белгі соқты. (Бақи ағаның қолтаңбасы түскен сол қағаз бүгінге дейін менде сақтаулы)...

Ал семинар-кеңеске Олжас Сүлейменов, Қалижан Бекхожин, Қуандық Шаңғытбаев, Сәтімжан Санбаев, Бердібек Соқпақбаев, Аманжол Шәмкенов, Қабдеш Жұмаділов, Жапар Өмірбеков сынды алды әлем, арты одақ, республика оқырмандарына есімдері етене таныс ақын, жазушылардың келуі көп жайды айқындап, оған қаншылықты маңыз беріліп, назар аударылғанын аңғартса керек. Облыстық, қалалық партия, кеңес, комсомол органдарында қызмет істейтін басшы, қосшылар семинар-кеңеске келген ақын, жазушыларды аэропорттан қаздай тізіліп қарсы алған. Біз бөлінген топты Қалижан Бекхожин, Қуандық Шаңғытбаев басқаратынын естігенде жүрегім алып-ұшып өзімді қоярға жер таппадым. Барлы-жоғы ірілі-кішілі бес-алты өлеңімді қайта-қайта қайталап оқып, пысықтаумен болдым.

...Әлдекім есік қақты. Келіп тұрған сол кезде «Қызыл ту» газетінде қызмет істейтін, қазірде белгілі журналист Сәлімбай Ермұратов еді.

– Төлеген екеуіңді Бақи Әбдікадыров аға іздеп жатыр, тез жетіңдер, – деді ол.

Есіктен именшектей өнген бізге Бақи аға: «Келіңдер, бері келіңдер. Мына қағазға қол қойыңдар», – деді ол стол үстінде жатқан қағазды иегімен нұсқап. Біз қағазға қол қойған тұста пайда бола қалған есеп қызметкері Төлеген екеуіміздің әрқайсымызға бірталай ақшаны санап беріп, шығып кетті.

– Аға, мына ақшаны... қашан... қайтару...

– Жоқ, қайтарудың қажеті жоқ. Бастықпен келістім, көмегіміз, жүдемей жүріңдер.

Семинар-кеңеске қатысушылардың қолында жүрген «Қызыл ту» газетін көргенде өзімнен-өзім бір-түрлі қысылып сала бердім. Әлде кімдер «Осы да өлең бе? Бұл не сандырақ дейтіндей» көрінген.

Сондықтан да болар әлде кім «Мынау сенің өлеңің бе; дегенде селк ете түстім». Құттықтаймын! Осы бір жанға жағымды жылы лебіз семинар-кеңес басталғанша әлденеше рет қайталанса да, көңіл шіркін күпті еді. Біздің топқа бөлінгендердің арасында сол кездің өзінде бірлі-екілі кітаптің авторлары атанған Ақылбек Шаяхметов, Төлеген Қажыбаев, Нағашыбай Мұқатов, тіпті бір жазушылар одағының мүшесі де бар еді.

Қалағаң (атын ұмыттым) «комбинезон» атты өлеңін оқи бастаған Көкшетаулық агроном ақынды өлеңінің екінші шумағын оқытпай тоқтатты. Осы көрініс бұдан соң да бір-екі рет қайталанды. Тірі ақынды тумысында тұңғыш рет көріп отырған мен сияқты пақырға бәсекенің қаншалықты қиын болғанын осыдан-ақ бағамдай берерсіз. Дегенмен «шешінген судан тайынбас» деген емес пе?! Жұрттың соңын ала есімім аталған тұста манадан атқақтай соққан жүрек шіркін дауылдан кейінгі теңіздей бір сәтке тыншып сала берген. Бәлкім, бұған Бақи ағаның бізді шығарып салып тұрып: «Жасқанбаңдар, сендер ешкімнен кем емессіңдер», – деген сенімі себепші болды ма екен?! Оны енді кім білсін. Әйтеуір сүрінбей, жығылмай өттім. «Қазақ әдебиеті» газеті республиканың он облысынан семинар-кеңеске қатысқан сексенге жуық жас ақын, жазушылардың он шақтысының бір-бір өлеңін іріктеп басты. Солардың арасында Төлеген де, мен де бар едім.

...Жарық дүниені «Жаңа қазақтар» билеп-төстеп, әдебиет пен өнерді былай қойып, ақыл-парасатты, ар-намысты АҚШ доллары мен өзіміздің төл теңгеміз ерттемей мініп, рухани құндылықтың құны құлдырап, басынан бағы тайған тұста кейбір қалталылардың ықпалындағы «саудың асын ішіп, аурудың сөзін сөйлейтін» оппозициялық сары газеттерде көркемдігі сын көтермейтін кейбір ақынсымақтардың сары уайымға толы сандырақтары жариялана бастады. Кім не айтып, не жазса да еркі ғой. Дегенмен «Қазақстан құрыды», «Ұлттық намысымыз аяққа тапталды», «Екі шенеуніктің бірі ұры-қары, қанішер, қанды балақ қарақшы», «Депутаттыққа кандидаттар – қорқау қасқырлар», – деген ой-пікірлерін оқығанда жұмсартып

айтқанда бетіңнен отың шығады екен. Өйткені, бұл біріншіден «жаптым жала, жақтым күйе» ғой. Екіншіден, қара мақаланың өзегі боларлық қана жайды өлеңге тықпалаудың қажеті қанша? Алар асу, шығар шыңым биік болсын, деген талапкер еліміздің өксікті өткенін өзегі өртене, бүгінгі тәуелсіздігін төгіле, тебірене, ертеңін үміт шуағына шомылдыра жырлауы қажет сынды. Сонда ғана жыр шоқтығы биіктемек.

Қой, негізгі ой арнасына ат басын бұралық. Облысымызда (соның ішінде Баян жерінде де) өлеңді құдірет деп ұғатын, шынтуайтында жаратушы Жаббар Хақтың жарылғауына ие болып, жүрегіне жыр шоғы түсіп, ақын ағамыз Қадыр Мырза-әліше айтсақ «оттай маздаған» талантты жас ақындар саусақпен санарлық болса да бар екені талассыз. Солардың кейбірінің, әсіресе, Баян тумасы Жанар Қадырованың өлеңдерін оқығанда бізге қарағанда дүние танымының, алымының, шалымының кеңдігіне қуанасың.

Сөйте тұра, жыр жолына үлкен үміт, асау да арналы арнамен бет түзеген осы сынды жастардың жырдың асау пәғасын ауыздықтап, жалын тартқан сәтінде алғадаусыз көңілден қолтығынан демейтін, желеп-жебейтін жандар болса ғой, деген тілек еріксіз тілге оралады. Жыр жолында «бір жығылып, бір тұрған» жаутаң көз жастық шағымызда шығармашылық жолымызға «қарлығаштай су сепкен қанатымен» Бақи аға еске түседі.

Азалы жылдардың – ащы шындығы

Қайсар рухты қаһарман халқымыздың өткен ғасырда жүріп өткен тарихи жолы Павлодарлық ақын Қажымұрат Смағұлдың «Тағдыр» атты жыр жинағында лайықты көрініс тапқан. Ақын:

*Сүйсінді жұрт жау жеңген ерлігіне,
«Ақтабан» деп ат қойып шерлі күнге.
Міне сондай бірігер кезең келді.
Арқа сүйеп оңбақсың енді кімге?! –*

деп толғай келіп, жұртын аңсатып жеткен тәуелсіздіктің тірегі болуға шақырады. Мұнысы жұрт құлағын жауыр еткен әдеттегі жалаң үгіт, даурықпа шақыру емес, халқымыздың басынан өткен замана зұлматын айшықты дәлелдермен көлденең тартқан, тәуелсіздіктің парқын пайымдаған – өмірден көргені көп, түйгені мол ақынның, азаматтың жүрек жарды жан сыры. Оның аталған жыр жинағына енген «Тағдырлар», «Жазықсыздар», «Батырлық туралы жыр» поэмаларын оқып, астарына ой көзімен үңілген кез келген оқырманның бұл пікірді теріс ке шығармасы хақ.

Аталған поэмалар еліміз өткен ауыр да, азапты тарихи жолдың үш кезеңіне арналған. Оның біріншісі – ашаршылық, екіншісі – қуғын-сүргін, үшіншісі – соғыс апатын сөз етеді.

XX-шы ғасырдың алғашқы жартысында орын алған алапат апаттардың алғашқысы қазақ халқының басына ала-құла үйірілген қара наубат еді. Қылыш сілтеп, мылтық атпай, төнін жаралап, қанын төкпей қырып салған Голощекин саясатының құрбаны, поэма кейіпкері Жарқын:

*Жасанды саясаттың қырсығынан,
Сөнгендей жаңа атқан нұр шұғылам.
Тоз-тозы шықты лезде еркін елдің,
Қиылды талай тағдыр қыршынан – деп баяндайды.*

*Мал жинап дүркін-дүркін дабыл қақты,
/Кедейдің малмен бірге шаңын қақты/...
Үскіріп отыз бірдің қысы келді,
Қайғысын қазақтың кім түсінеді? – деп күйзеледі.*

Талғажу іздеген бейшаралар қыр астында көміліп қалған ертеде өлген малдың қаңқасын қазып алып, көрек қылмақ. Атасы мен енесін асқа шақырған Жарқын... оған енесінің көз жұмғанын...Өзінің де әл-қуатының сарқылып бара жатқанын, ең бастысы азық іздеп кеткен Жомарттың мұнан әрі жолын тосу, бүкіл бір әулеттің шаңырағын ортасына түсірерін түсіндіре келіп, тәуекелге бел буып, таң ата Алтайға бет алуын кеңес еткен ата аманаты. Алда үміт, артта қарт әке, шешесімен өмірінің

жалғасы Тұңғышбай мен адал жары мұны ашаршылықтың қанды тырнағынан құтқарам деп құрбан болған Жомарт. Бір кезде бір әулеттің, құтты шаңырағы, алтын ұясы болған қара шаңырақ – ата мен енесінің мәңгілік моласына айналып, қалып барды. Осы бір ақылдан алжастырардай, ауыр кезеңде Жарқынға атасының Тұңғышбайдай ұрпағын аманат еткен соңғы сөзі қажымас қайрат, жасымас жігер береді. Үміт шырағындай жол сілтейді. Дархан, Иван, Қаншайым, Рахым сынды поэма кейіпкерлері заманның ауыр жүгін айбынбай көтерумен қатар азамат басына күн туған сол кезеңде жомарттық танытады, бірін-бірі жан жылуына бөлейді. Біріне-бірі ашыққанда азық, қиналғанда сүйеу бола біледі. Сөйтіп, адамға, нағыз адамға тән мейір, пейілдерімен тәнті етеді.

Ал ақынның «Жазықсыздар» поэмасы туралы республикаға белгілі жазушы, жерлесіміз Мұбарак Жаманбалинов өзінің «Арқауы берік, бояуы – қанық» атты мақаласында: «Жазықсыздар» поэмасында Қажекең бұл жанрда өзінің шеберлігін жетілдіре түскенін дәлелдеген. Поэманың тілі жатық, арқауы берік, оқиғасы тартымды, бояуы қанық» деген пікір білдірген екен. НКВД өкілі Сәбиттің арсыз әрекетіне өздерінің адал махаббаттарын қарсы қоя білген ауылдың қарапайым жастары – Әлібек пен Мүгілсім, мына жарық дүниеде қызының өз бақытын табуын армандап, Сәбит сынды сұмырайдың қоқан-лоқысын құлағына ілмеген аяулы әке Әділ. Әрқайсы поэмада өздерінше дараланып, көрініс тапқан.

Сөйтіп, тақырыпты игеру, кейіпкердің жан-дүниесін ашу жолында ақын аз еңбектенбеген, ізденген, ойланып-толғанған, шығармада баяндау, суреттеу, диалог, шығарма экспозициясы бірін-бірі аша түскен. Сөзіміз дәлелді болу үшін

*Қайыңдар қар суымен жүзін көріп,
Самалдан аймалаған наз табады –*

немесе

*– Досым бар Хабарыда бірге өскен,
– Мүмкін ол жауыз шығар түрме кешкен,*

деген табиғат суреті мен диалогты айтсақта жеткілікті болар. Ал мұндай келісті суреттеу, диалогтар аталған екі шығарма да баршылық. Бұл сөз жоқ ақынның жетістігі. Әттеген-айы да жоқ емес.

*«Сойылын соқпай-ақ өңге жанның,
Қаңғырар бала-шағаң, көңде малың...
Даусымен күңірендіріп бар даланы»*

деген шумақтардағы көңде малың, күңірендіріп /бәлкім күңірентіп/. Сөйлем тіркестерін түсіне алмадық. Бір қуаныштысы мұндай шумақтар аз.

Ақын жинағына пікір білдіруші жазушы Ғалымбек Жұматов «жинақты оқи отырып сезім қылдарын тербеткен саумал шумақтардың балладалар арасына құйылғанын көрсек, тасқындап аққан маржан шумақтар тұлғалы-тұлғалы поэмаларға барып тамыр қосады» – десе, Мұбарак Жаманбаинов «Жалпы отызыншы жылдар жайында жазылған көркем шығарма. Әсіресе поэзия тілінде жазылғаны жоқтың қасы. Бұл тұрғыдан алғанда да «Жазықсыздар» поэмасы бүгін таңда жалпы қазақ поэзиясындағы елеулі еңбек деп білуіміз керек», – деген пікір түйіндейді.

Ал осы «елеулі еңбекті» астаналық кез келген ақын жазған болса бәлкім есімі ендігі ел аузында жүрген болар еді. Бір ғажабы кешегі Кеңес кезінде жергілікті ақын, жазушылар, өнер иелері, олардың шығармалары аса еленіп, ескеріле бермейтін. Тәуелсіз елімізде де сол темір тәртіп «тақтан» таятын сыңай танытар емес.

Ал мұндай жағдайда жергілікті ақын, жазушылардың қаламынан туған, қазақ әдебиетінің өрісін кеңейтер құнды дүниелердің қалың оқырман қолына тиюі екі талай. Сондықтанда республика мектептерінде сол өңірде тұратын жергілікті ақын, жазушылардың жас ұрпақты отаншылдық сезімге тәрбиелеуге бағышталған, сол өңірдің тарихы, тарихи адамдары жәйлі жазған құнды шығармаларын 5-11 сыныптарда әдебиет, тарих

пәндеріне қосымша ретінде оқу жылы барысында 2-4 сағат сыныптан тыс оқуға ұсынылса жөн болар еді.

Азалы жылдардың жыр мен өрнектелген бұлтартпас айғақты ақиқаты – міне осындай ойларға қалдырған.

Аялы алақан

– «Тың өлкесінде» бірер өлеңім басылған еді. Осылай деп үнсіз қалған жігіт жүзіне зер сала барлай қараған кабинет иесі.

– Солай де, қане, өлеңдеріңді бері әкел, оқып көрелік, – деп мұның ұсынған қағаздарын қолына алған. Оқушы дәптерінің бетіне қалай болса солай жазыла салған қар бетіндегі сауысқанның ізіндей қиқы-жиқы жазуға үңілген ол ара-тұра қолына қаламын алып өлеңнің әлде бір тұсына сұрақ белгісін қойса, кейбір тұсын астын сызып, ойға берілген. Ал оның қарсы алдында отырған жас жігіт кабинет иесінің әр қимылын жіті бақылап, не дер екен деген үміт тен күдігі басым сауалға жауап күте отырып, әрі-сәрі беймаза күй кешуде еді. Оның беймазаланатын да жөні бар болатын, бұл өзінің әлі сиясы кеуіп үлгермеген балаң жырларын басылып қалар деген үмітпен осы «Қызыл ту» газетінің редакциясына сан жолдаған, сонан соңғы жерде почтаны төңіректеп, келген газеттердің ішінен «Қызыл ту» газетін аударыстырып, төңкерістіріп, қарап, бүгін болмаса ертең шығып қалар деп жүргенде бұған газеттен хат келер еді. Балғын саусақтары дірілдеп бұл енді жаңағы хатты ашып, онда не жазылғанын оқығанша дегбірі қалмай асығатын. Бір парақ қағаздың орта тұсындағы «Құрметті Сүлеймен», деген тасқа басылған сөздерді оқығанда балаң көңілі әлденеден марқайып, кеудесін беймәлім мақтаныш сезімі кернер еді. Тек одан сәл төменірек «Өлеңдеріңнің иі қанбай жатыр екен, баса алмадық, сен ренжімей хат жазып тұр» деген жолдарды оқығанда жаңа ғана тасыған көңіл су сепкендей басылып, қала беретін. Мұндайда тіпті осы өлең жазбай-ақ қойсам ба екен деген ойға қалатын. Тек... келер күні-ақ қолына қалам, қағазын алып, өлең жазуға отырар еді. Мұндай сәтте ол күні кеше ғана

өлең жазуды қойсам деген шешімін ұмытып, бейтаныс ағасына деген қара қазандай өкпесін естен шығаратын. Тіпті, хатын сол бейтаныс ағасының атына жолдар еді. Ол да інімнен қашан хат келер екен деп асығып күтіп отырғандай-ақ мұның хаты қолына тиісімен-ақ көп тостырмай сол баяғы өлеңінің иі қанбай жатыр екен деген жаттанды жауабын жолдап-ақ жіберетін. Енді мұны өлеңінің газетке басылмағаны емес, бейтаныс ағасының жөн-жосықсыз намысына тиіп, басқа сөз құрып қалғандай-ақ өлеңінің иі қанбапты, деп жауап жазуы қатты шамдандырып, шамырқандырып жіберген еді. Бұл қаладағы газетте отырған ағасына өкпе-назын білдіргісі келді ме, кім білсін,

*Өлеңім кетіп жатыр иі қанбай,
Өлеңді илейтіндер етіп нандай.
Сіздерде көп көрінед амалым не,
Солармен әлі жүрмін кездесе алмай.
Кездесіп соларменен бірме, бірге,
Сөз берер күн бар ма екен қызыл тілге,
Сыншыдан мен жеңілсем жекпе-жекте,
Өнердің бітпегені босқа тер де. —*

деп өлеңмен төпеп хат жазады ғой манағы. Сол-ақ екен бейтаныс ағасынан хат-хабар кілт үзілген. Оған да үш-төрт жыл өткен. Сол кездегі балаң жігіт бұл күнде Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп қайтқан, есейіп, шыңдала түскен. Өмірге, қоғамдық ортаға деген көзқарасы да қалыптаса бастаған. Тіпті, жақсы мен жаманның парқын бір кісідей-ақ пайымдайтын халге жеткен. Мүмкіндігінше даулы-дамайлы, әсіре қызылдан, даңғаза думаннан бойын аулақ салып, ең бастысы өзінің сөзіне де, ісіне де ой көзімен қарауға үйрене бастаған. Бойындағы көптеген осы қалай деген әдеттерден де қол үзген. Әйтседе өлеңге деген сол баяғы балаң құштарлық өзімен бірге есейіп, жыл санап желді күнгі оттай лаулап арта түскен.

Әскер қатарынан қайтып оралған мұны дегбір тапқызбай «Қызыл ту» газетінің редакциясының есігін қақтырып, өзіне мүлде бейтаныс жігіттің алдына желкелегендей алып келген

сол өлеңге деген көзсіз құштарлық еді... Бұл сол баяғы өлеңінің иі қанбай жатыр деп хат жаза беретін ағайдың өзі болмағай... Аты-жөнін сұрап алмағанымды қарашы. Жоқ, жаңа ғана бір сөзінде еңбек жолымды «Тың өлкесі» газетінен бастадым деген сияқты емес пе, демек, ол бұл болмағаны ғой. Иә, бұл болуға тиісті емес деген ой жетегінде отырған оны.

– Өлеңдеріңнің кейбір жерін қырнап, мұртын басып жіберсе жарап жатыр екен, – деген ананың дауысы біртүрлі сергітіп сала берген. Сонан соң әлде не есіне түскендей, осы сенің білімің қанша, деген бұған назарын тіктеп.

– Жеті класс, деген бұл сасқалақтап.

– М... м... жеті класс дейсің бе, аздау екен. Әдебиет кітаптарын көбірек оқы, келешекте жатпай- тұрмай білім алуға тырыс. Ең бастысы – жүрегіңдегі аз ғана өлең отын сөндіріп алма, ал мына дүниелеріңді маған қалдырып кет, айтпақшы өзің қандай жұмыс істейсің.

– Совхозда жұмысшымын.

Бұған дейін де, бұдан кейін де талайлардың жұдырықтай жүрегінің түбінде бұлықсып, ақтарылуға шамасы жетпей, болар-болмас жылтырап жатқан бастау көзін ерінбей аршып, көзге түсуіне, сөйтіп қарым қабілетінің көпке танылуына игілікті ықпал еткен Мұқаметжан Дәуренбеков аға алдында отырған білгенінен білері, көргенінен көрмегені көп, тіпті, орта білімі де жоқ жігіттің азды-көпті қабілетін, келешегін сол сәтте қалай бағамдап, қалай бағалағанын кім білсін, әйтеуір бір сапарға алыстағы ауылдан арнайы ат арылтып, үміт арқалап келген інісін жерге қаратпай, қолтығынан демеп, қиял құсының қанатын талмай қағып, өзін өлең өлкесінен іздеуіне демеу жасап жібергені анық еді.

Көп ұзамай жаңағы жігіттің алғашқы бірер ауыз жырлары газет бетінде жарық көрген. Енді ол газетке, Мұқаметжан ағасының атына өзінің жырларын жиі жолдап тұратын болды, тек... Бірде онысы газетке жарияланса, бірде Мұқаңнан өлеңдерінің кемшіліктерін талдаған, өлең техникасын меңгеру тәсілдерін көрсеткен хаттар келіп жататын. Бір ғажабы ол бұған

бұрынғыдай ашуланбайтын да, өкінбейтін де. Қолынан келгенше хаттағы талаптарға сәйкес өлеңін тыным таппай қайта өңдеп, қайта жазатын.

Бірде қалаға әлдеқалай келе қалған ол Мұқаңа сәлем беріп, жаңада жазылған жырларын көрсетіп, ақыл-кеңес сұрауға ат басын бұрған.

Мұның өлеңдерін асықпай қарап, кейбір жолдарына түзету жасаған Мұқаң, сен ертең кел, суретіңді ала кел, газеттің алдағы сандарының бірінде саған сәт сапар береміз, сонан соң мына өлеңдеріңе алғы сөз жазып қоямын, соны радиодағы ағаң Қайырбай Садықовқа алып барасың деген еді.

Ертеңгісінде айтқан уақытында келсе Мұқаң мұның өлеңдерін тасқа тап-тұйнақтай етіп бастырып, алғы сөз жазып қойған екен. Соны мұның қолына ұстата тұрып облыстық радионың адресін мұқият түсіндірген, қай автобуспен баратынына дейін айтып тәтпіштеген Мұқаң, Қайырбай ағаң сені қарсы алады, деген.

Редакция үйінен ұзап, аялдамаға жеткен жерде қолындағы тасқа басылған қағазға не жазылғанын оқып білгісі келген ол қолындағы газет арасындағы қағазды ашып жалмажан оқи бастаған. Өзгесінен бұрын «жас ақын» деген сөзге көзі түсіп кеткен тұста радиоға, Қайырбай ағасына тезірек жеткенше асыққан, тіпті аялдамаға келіп тоқтап жатқан сол бағытқа баратын автобусқа қарамастан такси тосқан адамдарға қарай құстай ұшып жүгіре жөнелген.

Облыстық радионың редакциясының есігін жүлқи ашқан бұл қарсыда орыс әйелінің жанында тұрған шашын тықырлап алғызған ашаңдау қазақ жігітіне назар да аудармастан жаңағы әйелден асығып-аптығып радионың қазақ редакциясы қайда деп сұраған. Ол әлденеден жанында тұрған жаңағы жігітке жалт қарап, аузын ашып үлгергенше ол бұған ана жақта, деп ұзын дәліз бойын нұсқап жіберген. Бұл ол меңзеген жаққа асыға аяңдаған. Тіпті ана кісінің өзімен ілесе соңынан келе жатқанын байқамаған да еді. Қабырғасына «Қазақ редакциясы» деген тақтайша ілінген бөлменің есігін ашқан бұл төрде

тұрған үлкен үстелдің бос екеніне назар аудармастан әлде бір қағазға тұқшиып, әлденені түзетіп есік жақта отырған жігіт ағасына сәлем беріп, аты-жөнін сұрамастан.

– Мені сізге жіберіп еді, деп қолындағы тасқа басылған қағазды ұсынған.

– Бұл тағы қайдан, – деп дүңк ете қалған жаңағы кісі қағазды ақтарыстыра отырып, екінің бірі ақын, екінің бірі данышпан, құдай-ау, қайда барып күн көреміз, – мақаланы кім жазады, оны былай қойғанда қаладағы өндірісте кім жұмыс істейді. Ауылда малды кім бағады деп кейи отырып өлеңді оқуға кіріскен. Әлден соң қағаздан басын көтеріп,

– Әй, деген бұған осы да өлең бе, сендер өзі... Міне, осы сәтте төрдегі үстелге жайғасқан маңағы жігіт жайымен ғана.

– Оу, Шәке, апшыңның сонша қуырылғаны не, сен андағы жігітті тұңғыш рет көріп отырсың ғой, осы орынсыз өзіліңді қашан қоясың, деп сауал тастаған. Сол сәт мұның өлеңіне тұқшиып отырған қатқыл қабақты ағай біртүрлі жадырап.

– Ә, Кәке, өзің де келіп қалғансың ба, жақсы болды ғой, өзілді қоя аламыз ба енді, оның үстіне бұл да өзіміз сияқты қалам ұстаудан дәмелі қазақтың қара баласы екен, сонан соң ептеп өзілдеп жатқаным ғой. Мұқаңның ақ батасын алып келгеніне қарағанда түбі өлең өлкесіне өгей бола қоймас, алла алдынан жарылғасын дейміз де енді, – іздеп келген Қайырбайың ана кісі, екіншіде есіңде болсын мен прозаға болмаса, поэзияға жоқпын, деп оның қағазын қолына ұстатқан... Құданың құдіретімен жаңағы жігітпен /Ш. Қожахметов/ бұл көп ұзамай тіл табысып кеткендігі соншалық, тіпті сан рет ағалық көмегін де көрген.

Бұл сол жолы өзіне сәт сапар бергізудің Мұқаң үшін біршама қиын болғанын араға жылдар салып барып сол әңгіменің куәгері болғандардың бірінен естіп білген. Өлеңді газетке әзірлеп, бөлімнен өткізген Мұқаңды сол кездегі газет басшыларының бірі шақырып алып.

– Мына жігіттің білімі бар болғаны жеті-ақ класс екен, өзі шопан көрінеді, ара-тұра бірлі-жарым өлеңдері басылып та жүр ғой, сол да жетпей ме, мұны соншалықты дабырайтып, сәт са-

пар тілеп, суретін берудің реті қалай болар екен. Қанша айтқанмен газет облыстық партия комитетінің органы ғой, байқаған жөн шығар десе керек. Сонда Мұқаң.

– Ақын болу үшін институт дипломы қажет деп сізге кім айтты. Шопан болса үкіметтің қойын бағып жүр ғой, оның қандай айып-шамы бар. Сіз қол қоймасаңыз мен бұл өлеңдерді редакторға апарайын, депті.

– Жоқ, неге, қол қоямын ғой, тек мына жігіттің білімінің таяздығын, өлеңдерінің тақырыбының ұсақтығын, шеберлігінің шыңдалып жетілмегенін айтқаным ғой: десе керек ана кісі.

– Білімі таяз болса жас қой, оқыр, өлеңдері газетке басылып, жұрт талқысына түспесе шеберлігі қайтып артпақ, тақырыбы қалай ұлғаймақ, деп қарсы сауал қойыпты. Міне, осы жайларды естігенде оның Мұқаңа деген құрметі бұрынғыданда еселеп арта түскен. Тек өзімізшіл көңіл шіркін сол сәтте жалғыз өзі ғана емес, облыс көлемінде қолына қалам алған ондаған жас талапкерлер оның ағалық аялы алақанының табын талай жылдардан бері сезіп, есейіп, елге таныла бастағанына есеп бермепті-ау.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші, сол Мұқаң облыстағы байырғы беделді журналист, ақын, прозашы Мұқаметжан Дәуренбеков аға алпыстың асқарына көтерілген тұста әр тұстан айтылып жатқан алғыс сезімге толы ақ тілектерді газет бетінен оқып, естігенде ғана апырай, бұл Мұқаң бір оның ғана емес, ондаған талапкерлердің өзіне деген ішкі сенімін арттырып, қаламын ұштаған екен-ау. Бұл Мұқаң облыс өңірінің мәдениеті мен әдебиетін дамытуға қыруар үлес қосқан неткен бақытты жан еді деген ойға қалып, әлдебір ризашылық сезімге бөленген. Қаламың талмай, бақытың өрлесін, аға, деген тілек тіл ұшына оралған.

Ақын Сағық (Естелік эссе)

Әу, бастан-ақ бірі кем саналатын дүниенің соғыстан соң кетеуі кетіп, құрсауы әбден босаған елуінші жылдардың басы

еді бұл. Ел еңсесі әлі де еркін көтеріле қоймаған, көңторғай тұс. Кеше кешкілік арып-аршып өгіз арбамен Бөкет көліне көшіп келген қойлы ауылдың адамдары хан жайлауға жетіп, орналасып жайғасқан. Ақтылы қой түлігімен ауыл адамдарының бірлі-екілі сиыр, бұзаулары әлі келіп үлгермеген.

Бөкет көліне таяқ тастам жерде орын тепкен жатаған ескі тас балаған төңірегінде бойлай өскен жасыл құрақ көздің жауын алардай жайқалып-ақ тұр. Қыс бойы екі бөлмелі шамадан тыс тар үйде үш-төрт семья тұрып, қысылып қымтырылып әбден мазалары кетіп шыққан жандар үшін бұл тас балаған хан сарайындай көрінген. Әсіресе біздер-балалар мәзбіз. Көл мен балаған арасында асыр салып ойнай жүріп көлдің арғы бетіне көз тігіп қоямыз. Ара-тұра «қой ана тұстан, жоқ мына тұстан көрінуге тиіс, кеше біз сол жақтан көшіп келдік емес пе?» – деп сип даурыға таласып қаламыз.

Сондай сәттің бірінде балалардың бірі көлге құлаған отарды байқап қалып, балағанға қарай «қой келе жатыр, қой келе жатыр» – деп айғайлап жүгіре жөнелді. Бұл тұста алыс жолдан шөлдеп жеткен отар суға маңырай лап қойған. Балалар балағанға қарай жүгіргенде мен қой соңында келе жатқан әкеме қарай құстай ұштым. Ол кісі де мені байқап қалса керек атын сар желдіртіп, жетіп-ақ келді. Алдына міңгізіп, бұл тұста судан шығып ауылға қарай қаптаған отардың соңына ілескен. Көштің қалай жеткенін, қалай орналасқанымызды сұрап келеді, оның сөзін бөліп.

– Ата Қыз Жібек жырын айтшы, – деп қыңқылдадым.

– Кешке айтсам қайтеді. Шөлдеп, шаршап келемін.

– Жоқ, тура қазір айт.

Осы сәт қыр астынан шыға келген салт атты адам әкеме сәлем беріп, қоныс жайлы болсын айта бастаған. Әкем мені аттан түсіріп, әлгі кісімен шүйіркелесе жөнелді. Бұл кім? Аяқастынан қайдан келе қалды деген наразылық ой бас көтерген. Сондықтан ба екен мен енді салтаттыға бажайлап көз салдым. Бірден-ақ, ол кісінің атқа отырысы, киім киісі мен күнделікті көріп жүрген адамдарға мүлдем ұқсамайтындығын

байқадым. Басындағы үр жаңа пұшпақ бөрік, жағалы көйлектің сыртынан киген жазғы желетке, төс қалтасынан салбырап тұрған қалта сағатының бауы жолаушының онсыз да келісті көркін айшықтандырып біртүрлі аша түсетіндей.

Астындағы аты да аяғын әсем басып, ауыздығымен алысып келеді. Күміс ертоқым, керайыл, күміспен өрнектелген үзеңгілер, әсем безендірілген былғары тоқым, қолындағы сарала қамшы, өрме жүген. Мені беймәлім әсемдік әлеміне бастағандай еді. Сонымен қатар жолаушы ақ жарқын, әңгімешіл адам көрінді.

Кейінірек мен оның – Садық Сапабеков екенін естіп білдім. Сол тұста ол кісі қой фермасының меңгерушісі еді. Жұмыс бабымен ол біздің ауылға бұдан кейінде талай рет ат ізін салды. Дегенмен де оны мен ауыл балаларымен бірге жем-шөп дайындайтын бригада да еңбек еткенде жақын танысқан едім. Үлкендер күш көлігімен шөп шабады, жинайды, біз балалар шөмелей саламыз. Бұл бригаданың бригадирі – Садық Сапабеков. Бригада алғашқыда бір-бірімен қанаттаса, қабаттаса қатар түзеген аласа адырлар мен дөңдердің қоршауында жатқандай көрінетін Қарақуыс атты жерде орын тепті. Бұл бір кезде Большевик колхозының қой фермасының орталығы болған жер. Содан да болар өзге фермаларға қарағанда бұл ауыл үлкен, кемінде бес-алты үй болатын. Солардың ішінде еңселісі де, үлкені де Сәкеңнің – Садықтың үйі болатын.

Шөпшілердің біразы сол үйде тұрып жатады. Жаңбырлы, жұмыс тоқталған күндерде түс әлетінде шөпші атаулы сол үйге жиналып, Қайша апайдың қолынан бөлісіп қымыз ішетін. Қымызға анау айтқандай зауқым болмаса да мен де соларға ілесемін. Мен мұнда үй иесі Сәкеңнің естіген жанды еріксіз баурайтын әсем де мәнді әңгімелерін тыңдауға келемін.

Тағылымға толы шешендік сөздер, қара қылды қақ жарған билер мұрасы, ауыздарынан ақ м аржан төгілген ақындар жыры, бірін-бірі алмастырып, есепсіз ләззат силайтын. Көп ұзамай пішеншілер қосы Ақтасқа қоныс аударды. Қаз-қатар тігілген киіз үйлердің бірін – Асыл ала ұстайтын. Бұл кешегі сұрапыл соғыс жесірлерінің бірі еді. (Ол кісінің опат болған жарына деген шек-

сіз махаббаты жеке әңгімеге лайық). Асыл апаның киіз үйінде Асылдың қайнағасы Ахмет, Сүмбебай, Садық тағы да басқа орта жастан асқан адамдар тұратын.

Шөлшілер енді түсте қымызды сол үйден ішетін болған. Сөйтіп, Сәкеңді күнбе-күн көріп, тыңдайтын болдым. Бір кереметі Сәкең бүгін айтқан әңгімесін ертеңгісін қайталамайтын. Соныға соқпақ салып, тыңнан толғайтын.

Қазақ билері: Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке, Саққұлақ, Тайгелтір. Ақындар: Бұқар жырау, Көтеш, Шәкарім, Сүйінбай, Кемпірбай, Балта, Шернияз, Шөже, Әсет, Мәшһүр Жүсіп (Бұқар жыраудан басқаларының) есімдерін мен тұнғыш рет Садық ақынның аузынан естіген ем. Оған дейін олардың шешендік сөздерімен өлмес, өшпес отты жырлары маған (өзгелерде біле бермейтін) алыс жатқан беймәлім әлем болатын. Сондықтан да болар Сүйінбайдың Тезек төреге айтқан:

*Менің немді сұрайсың мен Сүйінбай,
Қонақ келіп көрмеппе ет сізге мұндай?
Құдай берген жанымды құдай алар,
Алшаңдама құдайдың кенже ұлындай.*

Шөжеңнің Балтаға айтқан:

*...Жалғыз соқыр еліне тынышсыз болса,
Құтылсаңшы мына отырған Құнанбайдан.*

Шернияздың Баймағанбет Сұлтанға:

*...Қара бойда дамбалдан басқа дым жоқ,
оныңдағы балағы жырым-жырым.
Тақсыр-ау ордаңызға кіріп болмас,
Жалаңаш ашылып тұр абыройым. –*

сынды жырлары санада ө, дегеннен жатталып қалғандығы соншалық мен аталған ақындардың жинақтарын іздестіре бастадым. Таппадым. Ол тұстарда көненің көзі, ескінің сөзіне кеңес үкіметі тарапынан қияметтің қыл көпірі құрылғанын, «еңбекші халыққа зиянды» деген ұғым қалыптасып, халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған асыл сөзі құрыдымға құлауға

шақ тұрғанын қиыр шеттегі Қарақуыс қырында жалаң аяқ жар кешіп жүрген қара сирақ ойын баласы қайдан білсін.

Аймаңдайлы Мұқаңның Мұқтар Әуезовтың қырғыздың «Манасына», қазақтың батырлар жырына, жалпы ауыз әдебиетіне араша түсіп, қорғап шығар күні алыс емес екендігінен, тіпті уақыт өте келе Сәкең жырларын жатқа айтатын ақындар мен билердің асыл мұралары мектеп оқулықтарына кірерінен де бейхабар еді.

Осындай алмағайып аумалы – төкпелі көзеңде Сәкеңнің жоғарыда аталған сөз сүлейперінің маржан мұраларын көзінің қарашығындай сақтап, жұртқа жеткізуінің өзі қыруар баға жетпес еңбек емес пе. Жарықтық «Жас күнінде естіген, оқыған жырларыңды қағазға түсірсең мәңгілік есіңде қалады» – деп отыратын.

Сәкең жиі сөз ететін ақындардың бірі Мәшһүр Жүсіп Көпеев еді. Ол кісінің терең пәлсапалық отты өлеңдері балғын санам сол тұста «сіңе» қоймағаны хақ. Оның есесіне Мәшекеңнің ерекше қасиеттері туралы ғажайып әңгімелер, оның ақындар арасындағы дара тұлғасын ерекшелендіре, өркештендіре түсетін...

Күндердің күнінде Ақтасқа Алматыдан Сәкеңді жазушы Ғабдол Сланов іздеп келді. Бұлт астынан шыға келген күн нұрымен шағылысқан Волгадан түскен үш-төрт кісі Сәкеңдер жайғасқан үйге беттеді. Оларды алыстан көзім шалған мен бұлардың қайсы жазушы Ғабдол Сланов екен деген ойға қалдым. Әлден соң үлкендер жағы астанадан келген қонаққа сәлем беріп кіріп, шыға бастады. Солармен қапталдасып есік көзіне жақындаған мені байқап қалған Асыл апа сыртқа шығып «Бұл жер бала ойнайтын жер емес, әрі ойна» – деді.

– Апа дедім мен апа – жазушы қайсы, осы сәт менің жүзіме біртүрлі аңтарыла қараған ол.

– Ана төрде отырған мосқал кісі – деді.

Сол күні жаңбыр жауғаны мұндай оңды болар ма? Жұмыс жоқ. Қолым бос. Мен жазушыны қайткен күнде де жақын жерден көріп қалуға бекіндім. Тосып тұрмын. Міне, үйдегі жұрт

сыртқа беттеп келеді. Басына шляпа, үстіне сұр плащ киген, ұзын бойлы, шамадын тыс (маған солай көрінді) арық адамды соңына ілескен жұрт «Ғабеке, Ғабекелеп» құрақ ұшуда. Е, жазушы дегенің осындай ұзын тұра, өңсіз болады екен ғой деп ойладым мен. ...Неге екені белгісіз жазушының түріне де, киген киіміне де көңілім толмаған.

Ал бірер айдан соң ауыл адамдары «Сәкең тегін адам емес қой әлгі Алматыдан келген жазушы бар емес пе? Сол кітап жазыпты. Сол кітапта Сәкең жайлы әңгімесі бар екен. Соны Алматыға барған Бәйездің Кәрімі алып келіпті» – деп араның ұясындай гулеп кетті. Ұмытпасам жол жазба – **очерктер** жинағы болса (аты есімде қалмапты) керек. Кітапты көптің бірі болып таласа-тармаса оқып шықтым. Сол күннен бастап Ғабдол Слановтың шығармаларын іздеп жүріп оқитын болдым. Ол менің жеке пайымдауымша қазақ әдебиетіндегі сол тұстарда шіркеу түсе бастаған ана тіліміздің шырайын ашып, бағын аспандатуға ат салысқан санаулы сөз зергерлерінің бірі.

Бұл тұста Қарақуыста тұрып жаттық. Жұмыстан келіп жуынып-шайынып жатыр едім, шешем.

– Таза киіміңді ки Сәкең үйі шақырған. Сонда барамыз, – деді.

Біз келгенде үй иесі әңгіме көрігін қыздырып жатыр еді. «Сәке – деді отырғандардың бірі енді біраз өз өлеңдеріңізді тыңдасақ»

Ол орнынан тұрып қағаз салынған папкені алып келіп, оқушы дәптеріне жазылған өлеңдерін оқи бастады. Олардың біразы майдан даласында жазылған, енді біразы туған елге, жерге арналған өлеңдер еді. Жиналғандар жақсы екен десті. Осылайша Сәкең үйінде тағы бір (осылай айтуға болатын болса) жыр кеші мәресіне жеткен. Тағы дейтінім Сәкең жылма-жыл күз айында бір тоқтысын сойып, жыр кешін өткізетін. Сондай кештердің бірінде қалғып-шұлғып отырған ақсақалдардың бірі Сүйінбайың кім – деп дастархан басында отырғандарды бір шолып шығып, бөтен-бастақ ешкімнің жоқ екеніне көзі жеткен тұста «е, жаңағы өлең мына Сүмбебайдікі ме? Бұл кісінің де

өлең шығаратын өнері бар екен-ау. Білсем не дейсің», – деп жұртты қыран-топан күлкіге кенелткен.

Арада бір талай жылдар өте шықты. Күні кеше ауыл көшесін шаңдатып, шапқылап жүретін біздерде ер жетіп, ел ісіне араласа бастадық. Бір күні мені Сәкеңнің інісі Салық ағаның баласы Сұңғат іздеп келді. Ол қолындағы қағазын маған ұсына тұрып «Садық ағаның өлеңдері еді. Араб әрпімен жазылған осы өлеңдерді Төлеп берген Алда берген ұлына қазіргі қолданыстағы әріпке аудартып көшірттім, осыны қолыңыздан келсе газеттерге жариялатсаңыз» – деген еді.

Сөйтіп, мен жас күнімде бірталайын Сәкеңнің өз аузынан естіген өлеңдерін оқып, жақын танысуға мүмкіндік алдым.

*...Айырық, Ырғайлы мен Белағашым,
Салқын тау, қырқа менен Жолтау, Шоқпар.
Қырғын, Жыланды, Семіз бұвы және Ақөре
Есепсіз шабындығы, шыққан көде.
Шұбар көкпен Жартастан төмен қарай,
Жайылған қалың елім – Егіз төбе
Қызыл тау әулиелі жердің басы,
Сендей жылы жер болмас Бабаң тасы.
Белағаш, Күркелі мен екі Сартау,
Шалқар көл, аққан өзен екі арасы.*

немесе:

*Бала болған күнінде бөпесінен – айналдым,
Бота болған күнінде өркешінен – айналдым.
Қалимадай баланың көкесінен – айналдым,
Бесігінде жатқанда көрпесінен – айналдым.*

Біз келтірген осы екі үзіндінің алғашқысында тұрмыс тауқыметімен 1932-34 жылдары туған жерден жырақ кетуге мәжбүр болған азамат ақынның кіндік қаны тамған өлкедегі айбынды шыңдар мен айнадай жарқыраған көлдерін, ең ақыры шалқар шабындығы мен желмен баяу тербелген көдесіне деген сарқылмас сағынышы көрініс тапса, соңғысында ақын ауылдың

тілеуқор аңқылдаған ақсақалы ретінде өмір есігін жаңа ашқан. Өмірінің жалғасы – немересін айналып, толғанады. Жан тебіренерлік жарастықты жай.

Ақын шығармашылығы мен танысу барысында оның табиғатты суреттеуі, соғыс көрінісін сөз етуі, сол сияқты өмір туралы толғам-толғаныстары ауыз әдебиеті үлгісінде жазылғаны байқалады. Ия, Сәкең – ауыз әдебиеті өкілі. Бұл мойындауды, естен шығармауды, оның шығармашылығына сол тұрғыда келуді талап етеді. Өкінішке орай мұны түсінгісі, мойындағысы келмейтін «жаңашылдар» әлі де (қалам ұстағандар) арамызда бар екен. Түсінсе, түсіндіре алмадық.

Осы тұста Сәкеңнің өлеңдеріне аздап болсын жылы қабақ «танытқан» «Ертіс дидары» еді. Өне-міне жарияланады деген үмітпен жүргенде қаражаты сарқылып, газеттің өзі «қаңтарылып» қалды. Бұл жағдай бір емес, бірнеше рет қайталанды, жылма-жыл (биылда солай) «Ертіс дидарын» қаржыландыру мәселесі шешілді дегенді құлағымыз шалады. Тек билік басында отырғандар әліде «Өйтеміз, бүйтеміз» ден әрі аса алмай жатқан сыңайлы.

Жә, негізгі арнамызға қайтып оралайық. Ұлы жеңістің 60 жылдығы қарсаңында ауыл ақсақалы, көне, көркем сөз жанашыры, өлке танушы Нығымет Жәмінұлы мен Сәкеңнің бел баласы Кенжебек Садықұлының күш салып, Бұқар Жырау атындағы облыстық мұражай ұжымының ұйымдастыруымен «Майдангер ақын Садық Сапабекұлын еске алу» кеші болып өтті. Сонда айтылған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ақынның шығармашылығын жинап, бастыруға сайған еді. Құптарлық ой. Өйткені Сәкең халқының асыл қазынасын көзінің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуге азды-көпті еңбек сіңірген жан. Сонымен қатар өзі де сан алуан тақырыпқа қалам тербеген – ақын. Ол өлеңдерін – ұрпақтарына қалдырған аманаты деп түсінген жөн.

Ал аманатқа адалдық – ұрпақ парызы болса керек.

ҚАЛАМ ҰСТАП, ОЙ ТОЛҒАР КЕЛДІ ҰРПАҚ КЕЗЕГІ

«Қайғасыңдар, бауырлар?»

немесе арыстарын аңырай жоқтаған ел

Бұл күнде ғалымдарымыз естірту, көңіл айту, қоштасу, жоқтау деп бөліп-бөліп қарастырып жүрген ежелгі тұрмыс-салт жырларын оқыған сайын халқымыздың көңілді өрлертер сүйінішін ғана емес, өзегіне өрт салған күйінішін де осыншалықты көңіл тербеп, көздің жауын алғандай керемет жыр жолдарымен өрнектеп, артына өлмес, өшпес із қалдырған ақындық алғырлығына ерекше тәнті боласың. Сондай сәтте сол жоқтау жырларының көнелерінің бірі – өлім құша соққыға жығылған Ақжолтай атанған Дайырқожа бидің басында құлындағы дауысы құраққа шыға күңіренген әкесі Қодантайшы үні құлағына келгендей болады. «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным! Сексен асып, таянғанда тоқсанға, тұра алмастай үзілді ме жұлыным! Адасқанын жолға салдың бұл ноғайлы ұлының! Аққан бұлақ, жанған шырақ, жалғыз күнде құрыдың, Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!».

Қан құстырған қайғы үстінде де сарабдал ақыл-ой тізгінін тетки ұстап, ашуынан гөрі басуы басым «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!» – деу үшін тектінің тектісі болу қажет-ақ шығар. Жырда шаңырағын шағып тынып, жан дүниесін сергелдеңге түсірген құныкерін қарғау түгіл кінәлаудың ізі де жоқ емес пе. Осыған қарағанда жоқтау – жырдың жазылмаған өзіндік ережесі, мәдениеті болған сыңайлы.

Ол Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жинаған мына төмендегі жоқтау үлгісінен де айқын көрінетіндей:

*Алты атасы бай өткен,
Алты атаға жүк артқан.
Жеті атасы бай өткен,
Жеті атаға жүк артқан...
Алыстан тоят тілеген,
Қар жаңбырдай бораған.*

*Жақыннан дұшпан аттанса,
Қарт бурадай жараған, –*

деп марқұмның тұлғасын даралап, еліне қорған бола білген айбыныменен айдынын айшықтай түскен.

Жоқтау байға, бағланға, ел қорғаны – батырға ғана арналмаған, оған Мәшекең ел аузынан жинаған Балғын өлгендегі шешесінің жоқтауы, Бопының қарындасының күйеуін жоқтауы айғақ. Бұл жоқтауларда және басқаларында белгілі бір адамның басындағы қасірет, қайғысы, мұңы көрініс тапқан. Мәселен, Балғынның шешесі қайтыс болған қызын жоқтай отырып, ақ ешкіге мұңын шағып:

*Ақ ешкіні көкке қарап көдеңді же,
Құдайым берер ме екен бізге де ұлды, –*

деп күңіренсе, Бопының қарындасы орын толмас өкініш үстіндегі көңіл-күйін:

*Кінәлі бармақ, жезтырнақ,
Күнінде қанға бояйын, –*

деу арқылы білдіреді. Құйқа тамырыңды шымырлатар осы жоқтау жолдарын оқи отырып, Қодантайшының:

*Аққан бұлақ, жанған шырақ,
Жалғыз күнде құрыдың.*

не болмаса Бопының қарындасының күйеуін жоқтағанда «Кінәлі бармақ, жезтырнақ» деген жолдардың көркемдігіне, бейнелі ойына ерекше төнті боласың. Қан құстырған қайғы үстінде де, кестелі сурет салған неткен көркем тіл, неткен ұшқыр ой демеске шараң жоқ.

Белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаев жоқтау өзінің тіл өлшемі, көркемдік сапасы жағынан ауыз әдебиеті үлгісіндегі жасампаз дегенде жоқтаудың осы сияқты сипатын негізге алған болар деген ойға қаласың.

Оқыған жанның етжүрегін еліте аһ ұрғызып, сонау ғасырлар төрінен үн қатып тұрған сияқты болып көрінетін жоқтаудың

айтылу, онан соңғы қағазға түсу мерзімі әрқилы. Сол сияқты тілі де, көркемдіктері де әр деңгейде. Әрқайсысынан жоқтау жырдың шыққан мерзімі, уақыт тынысы айқын көрініс тапқан.

Осы орайда есіме Мәди Бапиұлы қаза болғанда «әйелі айтқан екен» дейтін:

*Үшқараны қыстаған,
Шәйіден тымақ тыстаған.
Үйіне мейман келгенде,
Құлынды қойдай ұстаған, –*

деген жоқтау жолдары оралған еді. Бұл енді ұлы төңкерістен кейінгі жылдардағы ел санасында қалған бірен-саран жоқтаулардың бірі шығар. Олай дейтініміз кеңестік кезең жоқтаудың өзінің жоқтауын асыра жаздады емес пе...

Қазақ лирикасының талассыз майталманы Қуандық Шаңғыт-баевтың 1976 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген жинағындағы «Реквием» (мәселен қалай аталуында емес, мазмұнында ғой) атты өлеңді оқығанда ғасырлар бойы қалыптасқан қазақи жоқтаудың замана ағымына сай жаңаша астар, жаңаша сипат алғанының куәсі болғандай едік.

Қуандық аға осы жырында Қамбар, Қобыланды сынды батырларды, Баян, Жібек, Сара сияқты аруларды ерекше бір мұңмен сағына отырып, Абай, Шоқан, Ыбырай сияқты қазаққа білім сәулесін шашып, нұр жаудырған ұлы тұлғаларды, Құрманғазы, Біржан сал, Аманкелді, Сәкен, Ілияс, Бейімбет және басқа да қазақтың біртуарларын күңірене, күйзеле жоқтайды.

Қуандық ағаның жоқтауында ұлы тұлғалардың қадір-қасиеті, еліне сіңірген ересен еңбегі сөз болады. Сонымен қатар «Жан Ленинді сүйді, күйді, қиды соған өмірін» деген жолдарды да оқыр едік. Бұл енді сапты аяқтан ас ішкізіп, сабынан қарауыл қаратқан кешегі қатқыл заманның ыңғайына қарай ойысып, сәл де болсын оның қабағын жібітудің, сөйтіп ақын қаламынан туған асыл мұраны оқырманға жеткізудің бір жолы шығар деген ойға да қаласың.

«Абай, Күләш, Қаныштардың ет жүрегі ел дейді, адамзаттың ажалына адам сірә сенбейді» дей келіп, «ұрпағына ұран болып жанады олар, сенбейді» деп ой түйіндейді Қуандық ақын.

Бәлкім, біз сөз еткелі отырған Нұрғожа Оразовтың (Н. Қаршығалин) «Сарыарқа» журналының 1995 жылы №2 санында жарық көрген «Жоқтауы» Қуандық ақын айтқандай соғыста шейіт болған марқұмдардың ұрпағына ұран болып сенбеуінің айғағы да шығар. Енді сол жоқтауға назар салып көрелікші.

*А... а... й... й...!
Арыстары – ауылдың,
Ардақтысы – бауырдың,
Алдыңғысы – тәуірдің,
Асқар тауы – қауымның,
Жендеттері – жауының,
Келбеттері – ауыр мұң.
Елден жырақ жат жерде,
Шыңы құлап тауымның!
Мерт болдыңдар ағалар!*

Санасында сәулесі бар кез-келген жан мұның ақынның кешегі «Ұлы Отан соғысы» атанған қанды қасапта қаза тапқан ауылдастарына, қала берді исі қазақ жауынгерлеріне арнаған жоқтауы екенін айтпай-ақ түсінері сөзсіз.

«Ауылдың – арысы, бауырдың – ардақтысы, тәуірдің – алдыңғысы, қауымның – асқар тауы» деу арқылы ақын шейіт болған ағаларының өз ауылында, қала берді қазақ елінде алатын тарихи орнын анықтап қана қоймайды, олардың әрқайсысын бір елге тұтқа болатын ірі тұлға деңгейіне көтереді.

Қазағымның асқар тауы, ақылшысы бола білген ел қорғаны – ағаларының жауына мейірімсіз, қатал екендігін «Жендеттері жауының» деген сөз тіркесімен береді. Мұнан әрі ақын олардың жат жерде шейіт болғанын өкінішті өксікпен айта отырып, «Орны толмас қайғыны қас дұшпаны табалар» деген көңіл түйткілін ортаға салады. «Опат болған әкелер, тұяқсыздың

аты өлер, талай түндік жабылып. Басынар болды-ау жат елдер» деген жолдарды оқығанда соғыс зардабынан талай түндік жабылып, талай ердің аты атаусыз қалғанына қабырғасы қайысып, қасірет шеккен ел, ерінен айырылған жер, ана еріксіз есіңе түседі. Ер азаматы азайған, сан жағынан кеміген елді кім басынбайды! Баса көктей «тың жерді бағындыру» дей келіп елімізді мәңгүрт қылған жоқ па, тілімізден айыра жаздаған жоқ па? Ақын майданда өлген әкелерге елдің сол халін айтып шағынып отырғанын аңғару оңай. Жоқтаудың осы бір тұсында сол сұрапыл соғыстың айыптаушысы, жоқтаушысы ретінде сөз алып отырған ақын қырық үйлі «Безымяновка» (Беземен) аталған ауылдан майданға аттанып, опат болған отызға тарта азаматын еске түсіріп, ауызға ала отырып, сол әділетсіз соғыста майдан даласында оққа ұшқан берісі қазақ, әрісі бүкіл адамзат ұландарын жоқтап отырғандай. Ақын:

*Елу жылда мінекей,
Алдым тұман, артым жар.
Қайдасыңдар, бауырлар? –*

деп көкірегі қарс айырыла сауал тастайды. Соғыста опат болған арыстарды жоқтай отырып бүгінгі ел кездескен талайсыз тағдырға шағынады. Халқының бақыты үшін жан берді деуге келмейді, ел игілігін сақтап қалу үшін шәһит болды деудің де реті жоқ сыңайлы. Сонда арманда кеткен ағалардың сұрауы қайда деген үлкен ой түйіні жатқаны байқалады, бұл жоқтаудан.

Қайдасыңдар, бауырлар... Осы бір қарапайым сөз тіркесінде қапияда соғыс құрбаны болған бауырларын аңсай іздеп сұрау салып, жоқтап жүрген жанның жалпақ ғаламды терең мұңға бөктіретейдей күйінішті күйзелісі аяқ астынан қара бұлтты қақырата жарқ еткен найзағайдай дүниені дүр сілкіндіріп, сананы селт еткізіп, ақын жүрегін жарып шыққан жан айқайына еріксіз құлақ түргізгендей.

Ал ақынның жан айқайында шыныдай шытынағыш, аязды күнгі мұздай жарылғыш, мына нұрлы да мұңды ғаламда

тыныштық орнауын, соғыс болмауын, тілеген, сол үшін күресіп жатқан миллиондардың үні жатыр. Ең бастысы туған жердің тас түлегі – адамзат ұрпағының қайтадан соғыс өртіне шалдығып, опат болып, оққа ұшудан, сөйтіп, бір кездерде өзі сияқты өзгелердің де көз қуанышы, көңіл үміті арыстарын, бауырларын күйзеле, күңірене жоқтаудан сақтандырған жан айқайы бұл!

Нүрекең қаламынан туған осы жоқтауды жан дүниеніңмен терең ұғына оқи отырып, халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан жыр жоқтауының тағы бір көңілге көп ой салып, көздің жауын алатындай мұңлы да, сырлы жыр жақұтымен толыққанын дәтке қуат етесің.

«Екінің бірі емеспін Керекуге»

Бірде мерзімді баспасөз бетінен Рәшит Сәбитұлының «Сеземін өмірімнің сұсты ақпанын» атты қара сөзбен өріліп, өлең мен өрнектелген жазбасын оқыдым. Аталған жазбада автор қала әкіміне шығармаларын кітап етіп бастыртуға демеуші таппай отырғанын сөз етіп, көмек көрсетуін өтінген екен. Бұл күнде қалам ұстаған екінің бірінің басындағы үйреншікті хал болғандықтан алғашқысында пәлендей мән бере қоймадым

Тек:

*Ақаулы жүректі ойлап алаңдадым,
Өмірдің сұсты ақпанын дәл аңдадым.
Қамқорлық жасаймын деп қаламгерге,
Мэр мырза, мені іздесең, қалаңдамын. –*

деген ескертпе жолдардан соң тұрған

*Екінің бірі емеспін Керекуде,
Болса да мендей ақын валамда мың –*

деген түйін-ойға қалдырған... «Екінің бірі емеспін»... Тәңірім-ау Рәшит ағаның мына сөзі әріде:

*Кемпірбай бұл дүниеден өтіп кетсе,
Біледі енді өзіндей ұл тумасын.*

*деген Кемпірбай ақынның, беріде
Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Сонда да бұл Қасымды бір байқасын –*

деген жолдары мен сабақтас, өзектес жатқандай көрінген. Зайыры, бұлай айту үшін ақынның жазған жырларын оқырман мойындап, ел танитындай болуы керек шығар. Сол сәт «Сарыарқа самалы» газетінен Рахаңның бірер өлеңдерін оқығаным есіме түсті. Жырлары жаман емес сияқты көрінген. Дегенмен сәтті шыққан бірер өлең Рахаңның ақындық қуатын, тілді, сөз өнерін, өлең өрнегін қаншалықты меңгергенін айғақтай алмасы талассыз еді.

Сөйтіп жүргенде Рәшит Сәбитовтың «Туған жерім, думанды елім» атты өлеңдер мен дастандар жинағының 1-кітабы Павлодар қаласындағы «Эко» баспасынан 2004 жылы жарық көрді. Кітап «Өлеңдер», «Жылдың төрт мезгілі», «Көктем мен күз көріністері», «Махаббат лирикасы», «Ғашықтың тақырыбына арналған ән мәтіндері», «Дастандар мен толғаулар» және де басқа ірілі-ұсақты бөлімдерден тұрады. Бір сөзбен жинақ сан алуан тақырыпты қамтыған. Сыртқы мұқабасының өзі кітап авторының талғам, тағылымынан хабар беретіндей.

Өлең болып өрілген өмір өрнектері оқырманының есіне елдің өткенін сала отырып, өзі куәсі болған кешегі, бүгінгі күннің тыныс тірлігін көлденең тартады. Кей тұста ақынмен бірге мұңайасың, кей тұста кең байтақ туған жеріңдегі заманауи өзгерістерге, аумалы-төкпелі кезеңде зіл мауыр заман жүгін арқалаудан айбынбаған, не бір қырсықтар мен көдергілерден еңсесі езілсе де, ерік-жігері мұқалмаған замандастарыңның ерлікке тән игілікті істеріне тәнті боласың, шаттанасың.

Туған жерге деген сәбилік сезімің жан жүрегіңді әлдилейді. Оған ақынның «Сапар шексем жыраққа масаңды да сағынам», «Бетімді қызарған сүйетін бозартып, мен үшін қыздардан аяздың өзі артық» деген өлең жолдары айғақ. Бұл ақынның «Кереку», «Кереку қаңтары» атты өлеңдерінен алынған үзінділер. «Масаңды да сағынам»...өзінің кіндік кесіп, кір жуып өскен жерін алғадаусыз ақ көңіл, шынайы пейілмен сүйетін азаматтың ғана

аузынан шығар ақ-адал сөз болса керек бұл. Ал әзіл рәуішінде жазылған келер шумақтағы «сүйетін» деген сөздің астарында айнала төңірегіндегі адамдарға бей-жай қарайтын жан-жылуынан ада, іңкарлықтан мақұрым қыздан гөрі ақын жаны «сүйіп» алып, қаныңды ойнататын, сергітіп, серпілтетін ақ шұнақ аязды қалайды. Сөйтіп, адам мен табиғат тұстастығына тағы да бір көз жеткізеді.

Ақын байлықтан да, биліктен де «парасатты», адамгершілікті биік қояды.

*Мерейі үстем болмай парасаттың,
Әлемде тиылмайды ала шапқын...
...Авайын бірікпесе бастарыңыз,
Қалмай ма аласарып асқарымыз...
Баянды бостандыққа бас ұрамын,
Азат ел абыройын асырамын...*

Өмірінің саналы жылдарын халыққа адал қызмет етуге бағыштаған, азаттықтың арайлы ақтаңын аңсай күткен азамат ақынның өмірлік кредосы бұл. Ол «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» жағдай да ғана азат еліміздің ертеңі кәміл болатына, әлем алдында еліміздің абыройы асатынына шүбәсіз сенеді. Сонымен қатер:

*Талпынбай талаптанбай кері кетіп,
Барама масыл болып жастарымыз?*

деген сауал жан-жүрегін мазалайтыны байқалады. Мұқағалиша айтсақ «жүрегінің түбіне сыр жасырмайды». Тіпті тәуелсіздігімізге, елдігімізге төнер қауіп, қатерді де жасырмай жайып салады.

*Күтемін болашақтан төрелікті,
Ал қазір талап жатыр бөрі елікті. –*

дейді. Өтпелі кезеңде ар-ожданнан жұрдай болған қанды шелек қаныпезерлер ел-елікті бөрідей таламады ма? Ел ішін жай-

лап алған жойдаусыз жолсыздықты тоқтатуға, адал жанға ара-ша түсуге қауқары жоқ ақын

*Өтпелі дәуірдің тар кезеңінде,
Налимын бір салқындық сеземін де –*

деп күйзеле толғанады. Сөйте тұра:

*Тастаман битке өкпелеп тонымды отқа
Түңіліп, тәтті үміттен бөземін бе? –*

дейді. Жігерін жанып бұрқыраған қайрат қатпарының сарқылып, тартылмасына – келер күннен нұрлы болашақтан үмітті екендігіне сендіреді. Сол сенім оның оқырмандарын да баурап алары хақ. Жинаққа енген барлық өлеңдерді талдап шығу мүмкін емес. «Көрпемізді бойға шақтап» көсілелік. Енді ақынның «Азаттық» атты толғауына аздап тоқталайық. Бұл өзі ұзақ толғау. Қазақстан республикасының 10 жылдығына арналған екен. Мазмұнын тақырыбы анықтап тұрғандықтан жіліктеп талдауды артық санадым. Публистикалық сарынды жазылған бұл дүние:

*Елімде қазақ пен азаттық,
Әлемде аспан мен жер егіз...
Өр халқым жырыма негізгі өзек-сен,
Білемін, жыр-тамшы, ал өзің ұқсайсың теңізге. –*

деген жан-жадыратар, соңы теңеулерге толы. Сонымен қатар алғашқы тармақтар 9 буыннан, соңғы тармақтардың бірі 12, бірі 15 буыннан тұрады. Ақын өлеңнің көркемдігі мен мазмұны мен қатар – өлең құрылысына да көңіл бөлетіндігі ізденіп, талпынатыны байқалады.

Бірі кем дүние демекші ақынның өлеңдері шетінен ауыздығы мен құс тістейді, шетінен мінсіз, көркем десек шындықтың ауылынан шалғай қонған болар ек. Ара-кідік болсын қара дүрсіндікке жол беріледі. Мәселен: «Жетімдік» деп аталатын өлеңдегі «Әкесіздік басталды», «Өзім туралы, немесе Керекуге керек екен бір Қасым» атты өлеңіндегі.

*Киелі өнер – қасиетті ақ орда,
Емес әсте мал қамайтын қорашық*

деген сөздердің мағынасы бұлдыр – Бәлкім алғашқы тармақта «Әкесіз өмір басталды» – деу әлде қайда ұғынықты болар ма еді. Ал киелі өнерді – қасиетті ақ ордаға теңеп отырған ақынның аяқ астынан «Нілдей бұзылып», емес әсте мал қамайтын қорашық деуіне жол болсын. Біріншіден – қорашық емес қора, екіншіден ақ ордаға қорашық қалай іргелес болмақ.

Тағы бір қадап айтатын жай – өлеңдердің көпшілігі – ұзақ. Өлең прозалық шығарма емес, оқырманды жалықтырып алмау жағында ескерген жөн сияқты.

*...Ақын: Өлеңдерім дем беріп,
Өлмей өмір сүремін –*

деген екен.

Бізде соған тілектеспіз. Ұзақ жасап, ойлы да нәрлі, қуатты жырларыңызбен оқырманды қуанта беріңіз, аға.

Жұпыны үйге туған жауһар жырлар

Қазақ поэзиясының жарық жұлдыздарының бірі – Жүмекен Нәжімиденов, қазақ өлеңінің қасиетті, санаулы санаткер абызы Қуандық Шаңғытбаев ағалар бұл күнде арамызда жоқ. Ал олар ақын деп таныған Арман Қани сол ағаларының ақ сенімін тек араға он сегіз жыл салып барып ақтап отыр. Мына қолымыздағы жыр жинағы соның айшықты дәлелі.

«Пысықайы пайғамбар мен ақынға пысқырып та қарамайтын өлке бұл» деп ақын Арманның өзі айтқанындай ана тілдің уызына жарымай өссе де, желі арқан құрып тұрған дүние көзді дүмше бишікеш баурымыз ақынның жарты ауыз өлеңін оқымастан сыртынан тон пішіп, қаншама рет қиянатқа жол берді десеңізші. Өлеңдерінен от өріп, өршіл заман рухын арқау еткен Арман ақынды бұл күнде қалада да, далада да жаяуға жол, аттыға сөз бермей қалталылардың қапысын тауып, қолтығының астына кіріп, солардың сілемімен кішігірім кірпіштей кітаптарын

шығарған қара жаяу өлеңшілердің қатарына қосуға ауыздары барып қана қоймай, онысын қағаз бетіне түсіріп заңдастырды. Ақынның алдына тосқауыл қойды. Өмір есігін шындық деп шырылдай ашып, сол күрес үстінде шар болаттай шыңдалған ақын:

«Сарғалдақтардан сарғылтым тартқан белеңде, Айналар түбі өмірім менің өлеңге.»

*«...Ақиқат үшін айқастық кеше мына біз,
Аңыздың түбі шындық деп бүгін ұвамыз.
Біздерді ертең таныту үшін ұрпаққа
Туады Жібек жолында жаңа бір аңыз.» –*

деп тебірене толғайды.

Бойын тіктеп, бауырын жазбай жатып «қазақтың қамы дегенде қарақан басын ұмытқан» 9-сыныпта «Жасұлан» ұйымының топ бастар серкесі ретінде қазақтың есесін жоқтаймыз деп МКҚ-ның (КГБ-нің) сұсты да, сұқты көзіне ілігіп «мезгілсіз ер жетті». Мектептен шығарылу, комсомолдан қуылу, күні кеше саналарына әділет, шындық ұғымын егіп келген кейбір ұстаздардың оның сырын ұғынбай сырт айналуы, ең бастысы жеті қабат жер астын жарып шығып, жарық дүниеге ынтыға, елегізи, елти төгілген тау бұлағындай тасқынды ерік-жігерге толы өлеңдеріне өре салынуы кез-келген білім ұясы есігінің бұған дегенде тарс жабылуы әлі де танылып үлгермеген ақынға оңайға соқпағаны ақиқат. Идеялық қарсыластарының сырт көзге көріне қоймайтын астыртын, құпия соққылары оның алған бағытынан адастыра алмағаны былай тұрсын, намысына желді күнгі от болып тиіп, жігерін жанып, қайратын еселегендей еді. Дегенмен ақынның өзі жазғандай «ашқылтым дәмді шындыққа сусаған сәттерінде көңілдің кірін шараппен жуған шақтары» да болған. Мұны өз басым ақынның бір сәттік осалдығынан гөрі жүрегіндегі «бақи мен пәни шайқасының» шарықтау шегі ретінде қабылдаймын.

«Есектің артын құлшына жуып пұл тапқан пысықайларға пірөдар болар жайы жоқ» тылсым табиғаттың өзіндей таза ақынның осындай қиын сәттерде «мәңгілік ием, медет бер

мендей пендеңе, опасыз пәни жалғанды ессіз жырлаған» деуінде астарлы сыр жатқанын ұғынамын. Осы орайда оның «Невада-Семей» қозғалысының «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымдарының негізін қалаушы көш басшыларының бірі болғаны еріксіз еске оралады. Тек аталған қозғалыс пен ұйымның шаңырағы көтеріліп, іргесі бекіген кезде ол елеусіз, ескерусіз қала берді. Осы жайлардың бәрі ақынның жанартаудай буырқанған намысына тимеді, оны кейітпеді дей алар ма едік?

Арман ақынның жұрт жырлай-жырлай таптауырын етіп, шырын шығарған тақырыптардың өзіне басқа қырынан келетіні байқалады. Мәселен, Ресейдің ар-ожданына қол көтерген қандыбалақ қарақшы Дантеске арналған «Ақындар мен жендеттер» және «Түңілу» атты өлеңдерді оқып көрелікші.

*«...Қан құйлы, көзсіз ерлігіңді естіп ер жеткем.
Жәдігәй біткөн садаға кетсін дәл сендей,
Жаужүрек, текті, айбынды, ұлы жендеттен.»*

немесе:

*«Әй, жұлдыздар!
Несіне мөлдіредің?!
Сәулеңді енді санамнан сөндіремін!
Полпот, Иосиф, Адольф рухтарымен
Шайқасатын жайым жоқ енді менің!»*

Осы жолдардағы жаужүрек, текті, айбынды деген сөйлемнің әр сөзіне мұқият назар аударып бір сәт ой сарабынан өткізіңізші. Сіз бен біздің санамыздан берік орын алып жадымызда жатталған қандықол Дантес бейнесі басқаша сомдалғанын байқар едік. Ақын оның адамзат алдындағы қылмысына қарғыс айта, жендеттің ұлысы-кішісі болмайтынын, жендеттің жендет екенін жан жүрегімен түсіне отырып, сын сағаты соққан шешуші сәтте екі жүзділікке салынбай ашық айқасқа шыққан азаматтық (солай айтуға болатын болса) қылығына, тіпті «ерлігіне» ден қойғандығы байқалады. Екінші

өлеңде әлдекімдердің күйректікке салынған деген айыптауларынан айбынбай бір сәттік көңіл-күй көрінісін көлденең тартуы арқылы ақ адал сырын алдыға жайып салды. Бұл екі ақынның бірінде кездесе бермейтін батылдық дер едім. Әдетте көптеген ақындар жүректегі зар-запыранын төге отырып, тобықтай түйін шығарар тұста «ойбай-ау, кең байтақ жерім, ерін сүйген елім барда менің мұншалықты мұң шертуім дұрыс па?» деп сырғып шыға келер еді.

Ақынның жинағындағы «Мұң шағу», «Олжасқа хат», «Қыпшақтар аңызы», «Патшайым Фариза әпкем» сияқты топтамалар да сәтті шыққан, оқырманға ой салар туындылар. Мұндай тұшымды жырлардың жинақта аз емес екендігі қуантады.

Арман жырларынан көзге ұрып тұрған анау айтқандай кемшілікті байқамадық. Болмашыға бола таңдайымызды құрғатып, аузымызды ауыртып жатпадық.

Көзге қораш көрінетін қараша үйдің төрінде туған жауқазын жырлар оқырмандарға жол тартты. Ақын үшін бұл бір бақытты, естен кетпес елеулі шақ.

Тәңірім ұзағынан сүйіндіргей!

Әттең ол кез әлсіреп...

...Қанды майдан-даласында жан алып, жан беріскен, өмір мен өлім шайқасы нәзіктік пен пәктікті, әсемдік пен өділдікті, ерлік пен өрлікті, тәңірінің жер бетіндегі сана сезім иелеріне ғана тартқан ұлы сыйы, деп білетін ізгілік пен достықты, мәңгілік махаббатты тебірене аялай жырлаған ақын жүрегін шошындырып қана қоймай, мына жарық дүниеге, адамдарға деген көзқарасын да күрт өзгерткені сөзсіз. Сол тұста қазақ поэзиясының шашасына шаң жұқпаған дүлдүлі Қасым Аманжолов өзінің «Абдолла» атты поэмасында.

*Күллі әлемнің ыза-көзі,
Орна менің кеудеме кеп.*

*Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл жүрек,*

деген еді. Осы жолдар оның өліспей беріспес қаһармандық рухын танытып қана қоймай, бейбіт өмірдің берекесін алып, талайлардың гүлдей көктеген өмірін өрт болып шалған соғысқа, жауға деген ашу-ызасын айқын аңғартады.

Иә, от пен оқтың ортасында майдан даласында жазылған жырлар, оның ішінде Қасым лирикасы соғыс суретін нақтылы көз алдыңызға әкелетін міне осындай шынайылығымен жанды баураары бар. Мәселен, Қасымның «Дариға сол қыз» атты өлеңін алып қаралықшы.

*Өңімде ме еді, түсімде ме еді,
Көріп ем ғой бір армандай қызды.
Бір нәзік сәуле күлімдеп еді,
Сұрапыл соғыс соқты та бұзды, –*

дейді ақын.

Отау тігіп, жарқұша алмағаны былай тұрсын, ессіз-түссіз көңілі кетіп, көзі түскен аруға жан жүрегін меңдеген ғашықтық сырын ашып айта алмай арманда кеткен қарулас замандастарының өкінішті де өксікті жан сыры ғой бұл.

Олар сол өңінде ме, түсінде ме, жалт етіп бір көрініп. Жоқ болған мәңгілік махаббаттарының шырқын бұзып, шырын күйінде солдырған, солдырмақ болған соғысқа лағнет айтып, соңғы оқтары атылып, соңғы демдері біткенше сол асыл сезім, өзиз махаббаттарын қызғыштай қорғау жолында түтеген оққа, аранын ашып келе жатқан ажалға қасқая қарсы жүрді.

*Оқ тиді келіп, қайратым кеміп,
Барамын сөніп, келмейді өлгім.
Тұрғандай сол қыз жаныма келіп.
Талпына берді қайран жас көңілім,
Арманым бар ма өлсем бір көріп, –*

деп егіле, төгіле жырлайды ақын. Бәлкім, бұл күндерде шаштарын ақ қырау көмген ағаларымыздың кейбіріне майдан даласында оқ тиіп, қансырап жатқан шақтарында сол белгісіз бейкүнә аруларға деген мөлдір махаббаттары сын сағатта желеп-жебеп, аман алып шыққан да болар. Қалай десекте махаббаттың өлімді де жеңер ұлы күш екендігі сан дәлелденген өмір шындығы ғой.

*Қолымда найза, шағылып айға.
Жеңдік қой жауды арман не құрбым.*

деген жолдарды оқығанда манадан бері ақынмен бірге күйзеліп, егіліп отырған көңілің бір сәт серпіліп, сергіп сала береді. Бұл да болса құдіретті Жеңіс шапағаты болар. Сондай сәтте Қасымның «Дариға сол қыз» атты осы өлеңі тікелей майдан даласында туған жұлдызды дүние болумен қатар жауынгер махаббатының символы сияқтанып көрінер еді.

Өзгенің жылтырағанына өзегімізді жұлып беруге бар елгезектігіміз, өзіміздің асылымызды адал бағалап, насихаттауға келгенде қашаннан-ақ тастабандап қалатын керітартпа кежір әдетімізден бе, жоқ әлде қайта құру толқынында пайда болған «ерекше пікір» иелерінің бұл өзі кімнің жеңісі, мұндай жеңіс қажет пе еді, деп жақ жаппай жала жаба сөйлеген сөздерінің салқыны ма, әйтеуір соғысқа қатысқан ұрпақтың арманы мен мұңын сыр ғып шертетін осы бір әсем де әуезді «Дариға сол қыз» әні әншілер назарынан күні бүгінге дейін тыс қалып келеді.

Сырбай Мәуленов, Қалижан Бекхожин, Мұзафар Әлімбаев, Хамит Ерғалиев және басқа ақындардың ұрыс даласында жазған жалынды жырларын оқу арқылы фашизмнің әлем алдындағы қиянатқа толы айтып болмас қылмысын терең ұғынамыз. Халқымыздың фашизмнің тас қамалын, идеологиясын талқандаудағы теңдесі жоқ ересен ерлігін көз алдымызға келтіріп, күші әлдеқайда басым зұлым жау алдында тізе бүкпеген елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап, қаскөй дұшпандарға күйрете соққы берген аты аталған ақындардың шығармаларындағы

кейіпкерлеріне шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Осы орайда Хамит ақынның «Әке сыры» атты поэмасына үңіліп көрелікші. Ол ұрыс даласында жарақаттанғанын айта келіп:

*Әттең ол кез әлсіреп жатқаным бар,
Сол қаныммен бір дастан жазар едім,*

дейді. Осы жолдарды оқығанда ақын кейіпкерінің рухының беріктігіне, қайсарлығына шүбәсіз сенесің. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық патриотизмнен нәр алған жаным-арым садағасы деген кредоны берік ұстаған, сөйтіп, зұлым жауға деген өлшеусіз кегін жеңіс байрағындай желбіреткен өліспей беріспес ақын кейіпкерінің ерлігіне тәнті боласың. Соғыс жайлы жазылған жырлардың оқырман жүрегіне неге соншалықты жақын екендігін терең ұғынасың. Өйткені, бұл Отанын сүйген жанның екісінің бірінің аузынан шығар антқа бергісіз қасиетті сөз ғой.

...Жауқазын гүлдей балалық шақтарын соғыс өрті шарпыған буын өкілдерінің аға ұрпақтың өршіл дауысына өз үндерін қосуының себебін де сол аядан іздестірген жөн болар. Соғысты көзімен көрген аға ақындардың жырларында майдан даласының сұрықсыз шындығы еш боямасыз ашық бейнеленсе, Тұманбай, Қадыр, Сағи жырларынан туған жерлеріне оралмай, арманда кеткен ағаларға деген сағыныш сазы еседі. Жеңіс үшін жұмыла еңбек еткен елдің тірлік, тынысы, үміті мен мұңы, азасы терең сезіледі. Тұманбайдың «Көрдiңдерме ағалар» атты өлеңіндегі мына бір жолдар соған айғақ:

*Тауды, тасты үгітіп нанша иледік,
Жонды жоннан асырып жол сүйредік.
Біз даланы гүлденттік сендер келсе,
Туған жерді танымай қалсын дедік.*

Соғыстан соңғы елуінші жылдарда өмірге келіп, өз кезектері келгенде аға, орта буын ақындардың жыр сапарын онан әрі сәтімен жалғастырып, кеткен кейінгі толқын оны өздерінің нәзік те соны үндерімен іліп өкетті. Рас, кейде олардың көбі кездеген

биіктерінен көріне алмады. Ақын ағаларының көлеңкесінде, солар жазған жыр тасасында қалып қойды. Бұл заңды да еді. Өйткені, олардың жастығы, алған тақырыптарының тереңдігі өлең өлкесінде бірден топ жарып бәйгелі топқа қосылуға жеткіліксіз болған болар. Әйтседе, әдебиетке деген ынтызарлық, тақырыпқа деген адалдық, ең бастысы жеңіске деген құрмет көңілге жылылық ұялатады.

Есте қаларлық естелік

«Өз халқының даңқты қызы» атты елімізге кең танымал қоғам қайраткері Алма Мұқанқызы Әжібаева туралы естелік жинақтың қолыма түскеніне де бірталай уақыт болды. Парақтап шығып: «е, не айта қойды дейсің... Баяғы бір сарын... Жақсы адам еді, дегеннен әрі асып кейіпкердің жан дүниесін жарқырата ашып, жайып салған қайсы бар дейсің», – деген ой кегежеден кері тартып, зер салып оқи қоймағам.

Күндердің күнінде бір танысымның аталған кітаптың ішінен іліп алар ештеңе таппадым деген сөзі «расында да солай ма?» деген сауалға жауап іздетіп, кітапты қолға алдырған. Оған өкінбеймін. Өзім көптен білетін қазақтың намысшыл, қазақ мәселесі дегенде жайнап жатқан шоқты ойланбай басып, ұлтының мүддесі жолында басын «оққа байлаудан» тайынбайтын ер жүрек қаламгер қарындасым Ғалия Құсайынқызы Балтабайды жаңа бір қырынан танығандай болдым. Қатты қуандым. Іле өзіне телефон шалып, қайырлы болсын айттым. Бір сапарға осы да жетер деп түйген едім. Арада біршама уақыт өтті. Ақыр соңында қолға қалам алып, осы бір естелік кітаптың ауыр жүгін «алқынбай» көтеріп тұрған Ғалияның «Жомарт жүректі адам» атты естелігі, оның осы кітапта жарияланған естеліктерден ерекшелігі туралы оқырмандармен ой бөлісуді жөн көрдім.

Аталған жинаққа қазақ, орыс тілдерінде 20-ға тарта авторлардың естеліктері топтастырылып берілген екен. Олардың көпшілігі – қаламы жүйрік журналистер. Кейіпкерлері – кезінде Павлодар облыстық партия комитетінің хатшысы, дип-

ломат, журналист, профессор, ғылым кандидаты, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Алма Мұқанқызы Әжібаева. «Жүйрікте де жүйрік бар, әліне қарай жүгірер» демекші жұртқа, оның ішінде Ертістің Павлодар өңірін мекендеген елге жақсы танымал тұлға туралы қалам тербеп, ой қозғаған олардың, қарым-қабілеттері де әрқилы. Анасы анадай, мынасы мынадай деп жатудың реті болмас.

Ал олардың арасында Ғалияның шоқтығын дараландырып тұрған бірер жайға назар аударған едім. Оның ең бастысы Ғалия Құсайынқызы өзгелердей кейіпкеріне сырттай сипаттама беріп, дәлелсіз сұқтана бермейді.

Нақтылы өмірлік дерекке, кейіпкерінің іс-әрекетіне жүгінеді. Мәселен, 1988 жылы республикалық теледидарда «Қазақ театры өртенсе де, өнер өртенген жоқ қой» деген тақырыпта мәселе көтерген тележурналист Ғалия Құсайынқызына естелік кейіпкері Алма Мұқанқызы «...Мен сені қатты түсінем, қолдаймын, бірақ мына алпауыттарды көндіру қиын, кішкене шыдайық» деуі, одан кейінгі жерде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ю. Мещеряковты мүдделі ісіне көндіруі, кейіпкердің азаматтық бейнесін, іскерлігін, мәмілегерлігін танытатын детальдар ғой.

Ғалия Құсайынқызы «Алма Мұқанқызы білдіртпей жүріп, көп мәселені тындыратын» дейді. Оның бұл сөзі де бұлтартпас дәлелдерге негізделген. Сол өткен жылдарда қалалар мен аудандарда бірталай қазақтың қыз-келіншектерінің идеология хатшысы, атқару комитеттері төрағасының орынбасары болып тағайындалуы бұған айғақ. Қыруар істер тындырып, талайлардың өмірден өз орнын табуына көмек көрсеткен естелік кейіпкері «мен жасадым», «менің арқамда» деген сөздерді ешқашанда айтпайтын дей келіп, Ғалия Құсайынқызы оның облыстық теледидар және радио хабарлары компаниясының төрайымы болған жылдардағы істерін ерекше жылылықпен еске алады. «Теледидарға басшы болып келгенінде, көптеген жастардың үйсіз-күйсіз жүргенін көргенде қатты қиналып, қалай көмек берерін білмеді. Он отбасына несие арқылы үй

әпергенінің куәгері болдық» дейді. Осы орайда естелік жазушыға жүктелетін міндетті аз сөзбен саралай кетудің артықшылығы болмас. Оның ең бастысы – қара қылды қақ жарған әділдік. Естелік кейіпкері мен арақатынасындағы орын алған жайларды бүкпесіз баяндау. Сонда ғана естелік тартымдылығы артып, шығарма шырайы келмек. Енді авторға сөз берелік «...Алма Мұқанқызы мен де осындай үй тұрмысына қажетті заттарға зәрумін, маған неге көмектеспедіңіз деген сөз болды, сен менің досымсың, әрі сіңілімсің, соны қайтесің деген-ді». Осы да кейіпкердің бейнесін ашуға жетіп жатыр. Осы сауал-жауап арқылы автор Алма Мұқанқызының даусыз, жан дүниесін ашып тастайды. Бір сөзбен Ғалия Құсайынқызы зорделеп, зерттеп ой түйіндейтін, қаламы қалыптасып, тіл мәдениетін еркін меңгере бастаған қаламгер екенін танытқан.

МАЗМҰНЫ

ТАРИХТЫҢ КӨНЕ КӨЗІ ЕДІ	3
«Күлтегін» жыры туралы бірер сөз	3
Аласармаған алыпнемесе Бұқар жырау жайлы бірер сөз.....	6
Көне тарих жаңғырып тіл қатқандай	12
Құнды еңбек.....	18
ТЕКТІДЕН ҚАЛҒАН СӨЗ ЕДІ	25
Өз Абайым, өз ақыным Пайымдау	25
Жүрегінің түбіне сыр жасырмай.....	27
Табиғат жыршысы	31
Кенен ойдың телміріп.....	34
«Айрылған біздің қазақ Есілінен».....	36
«Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ».....	40
Пайғамбардың жүрегінен құйылған... ..	43
Шежіреші Мағзұм.....	46
Дихан-баба туралы толғаныс	49
АҒАЛАРЫМ АЯУЛЫ ЕСТЕЛІКТІҢ ӨЗЕГІ	53
Азамат еді-ау Есентай!.....	53
Қарлығаштай су сепкен... ..	59
Азалы жылдардың – ащы шындығы	62
Аялы алақан	66
Ақын Садық(Естелік эссе).....	71
ҚАЛАМ ҰСТАП, ОЙ ТОЛҒАР КЕЛДІ ҰРПАҚ КЕЗЕГІ	79
«Қайдасыңдар, бауырлар?».....	79
«Екінің бірі емеспін Керекуде»	84
Жұпыны үйде туған жауһар жырлар	88
Әттең ол кез әлсіреп.....	91
Есте қаларлық естелік.....	95

Сүлеймен Баязитов

ПАЙЫМДАУ

08.08.2007 ж. басуға көп қойылды. Көлемі 60x84/16
Офсеттік басылды. Қарп түрі K2. Агіл.
Шартты баспа табағы 5,7. Кесенік баспа табағы 4,0
Тиражына 300 дана.

ИИ Сығана Е.А. басылған,
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь к. 2. Тел.: 32-16-08

